Ученые Казахского государственного архитектурно-строительной академии (КазГАСА) совместно с учеными Саутгемтонского университета (Англия) провели опытно-промышленные исследования в анаэробно-аэробных биопрудах степень естественной биологической очистки и приняли следующие технологические параметры [6]:

Время пребывания стоков в анаэробно пруде должно быть не менее 6 суток, глубина - 6 м и объем не более-4338 м³; на факультативном соответственно, 20 суток, глубина -2,5 м, и объем не более 14460 м³; пруд-накопителе, соответственно, 90 суток, глубина -3,5м, и объем не более 65070 м³;

Для перепуска стоков из одного пруда в другой предусмотрены соответствующие трубопроводы с установкой в колодцах запорной арматуры для регулирования расхода и поддержания требуемых горизонтов и глубины. Подача стоков в биопруды предусмотрена «под уровень» - выше дна пруда на 0,5 м согласно п. 6.208 СНиП 2.04.03-85.

Согласно существующему положению построены биопруды с общим расходом сточных вод 1123,1 м³/сут.

Для снижения фильтрации сточных вод в пруд-накопитель был предусмотрен противофильтрационный экран с грунто-пленочным покрытием. Полиэтиленовые пленки толщиной 0,4 м покрывали днище пруда с «заходом» под откос по 2,0 м, сверх пленки укладывали защитный слой из плотной глины экрана толщиной 0,4мм, который имеет коэффициент фильтрации $K_f = 0.2 \cdot 10^9$ см/с [7].

Таблица 2 - Химический состав сточных вод на месторождении Кумколь

Наименование компонентов	Единица измерения	Фактическая концентрация при входе в пруд-испаритель, мг/дм ³	Фактическая концентрация при выходе в пруд-испаритель, мг/дм ³
Нефтепродукты	мг/л	0,58	0,02
Взвешенные вещества	мг/л	29,9	25,0
Нитраты	мг/л	Не обнаружено	Не обнаружено
Нитраты	мг/л	Не обнаружено	0,05
Жесткость	мг-экв/л	9,6	9,0
СПАВ	мг/л	1,33	0,710
Железо общее	мг/л	0,96	0,52
Фосфаты	мг/л	14,88	7,23
Сухой остаток	мг/л	999,16	958,44
рН	мг/л	7,3	7,0
Азот аммонийный	мг/л	14,73	14,86
БПК ₅	мг/л	210,0	22,0

Как было отмечено выше, накопление сточных вод в пруд-накопителях и на полях фильтрации не решают проблему их утилизации, наоборот, создают угрозу загрязнения окружающей среде.

Методика исследований

На основании сбора и анализа материалов по использованию водных ресурсов, источников формирования сточных вод, их количественные и качественные характеристики, а также проекта «Нормативов предельно-допустимых сбросов (ПДС) загрязняющих веществ для месторождения Кумколь» разработанный на 2016-2020 годы [6], был произведен расчет допустимых сбросов загрязняющих веществ, поступающие в биопруды со сточными водами месторождений Кумколь.

Основные результаты исследования

Расчеты допустимых сбросов загрязняющих веществ биопруды, произведены с учетом природно-климатических, инженерно-геологических и гидрологических особенностей участка расположения пруд-накопителя на основании фактического состояния водопользования и проектных предложений по его перспективному развитию [8,9]. Определены условия сброса загрязняющих веществ, из принятых технических и технологических решений системы водоотведения и в соответствии с «Методикой определения нормативов эмиссий в окружающую среду», утвержденной Приказом Министра охраны окружающей среды и водных ресурсов Республики Казахстан от 11.12.13 года [9-11]. Расчет допустимой концентрации производится по формуле:

$$C_{ПДС} = C_{факт}, \text{мг/л};$$

где: $C_{факт}$ - фактический сброс загрязняющих веществ после очистных сооружений, мг/л.

В таком случае пруд-накопитель используется, как «накопитель- испаритель сточных вод», тогда величины ПДС (г/ч) определяются, как произведение максимального часового расхода на допустимую к сбросу концентрацию загрязняющего вещества, согласно формуле:

$$ПДС = q \times C_{ПДС}, \text{г/ч}$$

где: q - максимальный часовой расход сточных вод, м³/ч;

$C_{ПДС}$ – допустимая к сбросу концентрация загрязняющего вещества, г/м³.

Расчет $C_{ПДС}$ допустимой концентрации при сбросе в пруды -испарители не требуются, то есть в качестве $C_{ПДС}$ принимаются фактические концентрации $C_{фак}$ сточных вод после очистных сооружений (**таблица 3**).

Таблица 3 - Количество сточных вод, сбрасываемых в биопруд

Наименование объекта	Количество сточных вод, сбрасываемых в биопруд, м ³ /год
Месторождение Кумколь	247956,0
Субподрядные организации	60000
Итого	307956

Расчет предельно-допустимых сбросов загрязняющих веществ месторождения Кумколь до 2020 года приведен в **таблице 4**. Перечень нормируемых ингредиентов включает следующий состав веществ: биогенные элементы (азот аммонийный, нитриты, нитраты), БПК, нефтепродукты, взвешенные вещества, СПАВ, железо общее, фосфаты.

Таблица 4 - Нормативы сбросов загрязняющих веществ по месторождению Кумколь

Ингредиенты	Существующие положения 2015г					Нормативы сбросов, г/ч, лимиты сбросов, т/год, загрязняющих веществ на перспективу 2016-2020 гг					Год достижения ПДС
	расход сточных вод		концентрация на выпуске, мг/дм ³	сброс		расход сточных вод		концентрация на выпуске, мг/дм ³	сброс		
	м ³ /час	м ³ /год		г/час	т/год	м ³ /час	м ³ /год		г/час	т/год	
Взвешенные вещества	25,89	226 800	30,0	776,7	6,804	28,3	247956	30,0	849	7,44	2016
БПК ₅			60,0	1553	13,608			60,0	1698	14,9	2016
Железо общее			1,0	25,89	0,2268			1,0	28,3	0,25	2016
Фосфаты			15,0	388,35	3,402			15,0	424,5	3,7	2016
Азот аммоний			15,0	388,35	3,402			15,0	424,5	3,7	2016
Нитраты			3,3	85,43	0,7484			3,3	94,05	0,82	2016
Нитриты			45,0	1165	10,206			45,0	1273	11,2	2016
Нефтепродукты			0,5	12,94	0,1134			0,5	14,25	0,12	2016
СПАВ			5,0	388,3	3,402			5,0	141,5	1,2	
Итого			4525	396446			4947	43,3			

С месторождения Кумколь и субподрядных организаций сточные воды будут отводиться в биопруды до 2020 года в количестве 307956 м³/год или 843,7 м³/сут, что не превышает проектного расхода сточных вод для биопрудов 1123,1 м³/сут.

Согласно предварительным данным, в биопрудах потери на фильтрацию равняются 17987,8 м³/год, на испарение – 70174,3 м³/год. Количество осадков, выпадающих на площадь биопрудов -12646,4 м³/год.

Таким образом, приход воды в биопруды составит 307956+ +12646,4=320602,4м³/год (сточные воды+ осадки);

Расчетный (нормативный) объем водопотребления на бытовые и производственные нужды составляет **247956 м³/ год**. Принимаем эту величину за нормативный объем водопотребления.

По санитарным правилам [10,11] для биологических прудов, при расчетной производительности очистных сооружений от 0,2 до 5 тыс.м³/сутки к 2020 году ежегодно будут отводиться хозяйственно-бытовые сточные воды в объеме 343256,0 м³/ год. При этом расстояние от источника вредного воздействия до границы жилой застройки составляет 200 метров, что отвечает нормативному размеру санитарно- защитной зоны.

Технологическая схема очистки сточных вод на очистных сооружениях позволяет довести сточную воду до качественного состояния, отвечающего требованиям.

В соответствии с требованиями [12-19] водопользователь обязан организовать учет и контроль водопотребления и водоотведения на предприятии, осуществлять лабораторный контроль качества потребляемой и сточной воды.

В целях более полного контроля необходимо предусмотреть режимно- наблюдательную сеть за влиянием прудов биологической очистки на подземные грунтовые воды. При этом наблюдательные скважины должны располагаться по периметру полей фильтрации.

Эффективность очистки сточных вод в прудах вахтового поселка характеризуется следующими показателями:

1. Общий эффект очистки сточных вод составляет - $\mathcal{E}_{\text{вв}} = 90-92\%$,
 $\mathcal{E}_{\text{СПАВ}} = 91-95\%$, $\mathcal{E}_{\text{нефт.}} = 30-40\%$;

2. С учетом расчетного объема анаэробного биопруда рекомендуется через каждые 3 года осадок из него вывозить ассенизационной машиной на существующие поля фильтрации;

Микробиологические процессы в почве сильно зависят от режима орошения: норма полива, частота полива, способ полива, глубина увлажненного слоя, при чрезмерном поливе часть воздуха из пор почвы вытесняется водой, повышается активность анаэробных микроорганизмов, затруднено дыхание корней из-за недостатка кислорода и растения подвергаются токсическому воздействию продуктов анаэробного процесса (сероводород, метан) [20].

3. С учетом расчетного объема факультативного биопруда удаление осадков из этого биопруда ассенизационной машиной на существующие поля фильтрации рекомендуется через каждые 10 лет;

4. В виду значительных объемов накопительного пруда, образующиеся осадки несравнимо малы, поэтому очистка накопительного пруда не предполагается.

Физико-химический состав исходной и очищенной в биопрудах воды и эффективность работы биопрудов представлены в **таблице 5**.

Для оценки функционирования любой водохозяйственной системы можно воспользоваться научно-обоснованным и практически широко применяемым методом водного баланса. Расчетной основой указанного метода служит его одноименное уравнение, физически отражающее закон сохранения материи [21].

Уравнение водного баланса имеет вид:

$$W_1 + W_2 = W_3 + W_4 + W_5, \text{ м}^3;$$

где: W_1 – водопотребление (потребление свежей воды); W_2 – атмосферные осадки; W_3 – безвозвратное потребление; W_4 – безвозвратные потери; W_5 – водоотведение.

Таблица 5 - Эффективность работы очистных сооружений для месторождения Кумколь

Состав очистных сооружений	Наименование показателей по которым производится очистка	Мощность очистных сооружений						Эффективность работы					
		Проектная			Фактическая			проектные показатели			фактические показатели (средние за 2016г.)		
		м ³ /ч	м ³ /сут	тыс м ³ /год	м ³ /ч	м ³ /сут	тыс. м ³ /год	концентрация, мг/дм ³		степень очистки, %	концентрация, мг/дм ³		степень очистки, %
								до	после		до	после	
		очистки		очистки									
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14
Биопруды	Азот аммоний	46,8	1123	409,9	28,3	679	247	14,5	14,68	-	14,56	14,68	-
	Азот нитратов							-	-	-	-	-	-
	Азот нитратов							-	0,05	-	-	0,05	-
	Взвешенные вещества							28,6	23,4	-	28,6	23,4	-
	Фосфаты							11,2	7,20	46	11,29	7,20	46
	Железо общий							0,94	0,48	48	0,94	0,48	48
	СПАВ							1,28	0,7	75	1,28	0,7	75
	Нефтепродукты							0,52	0,01	-	0,52	0,01	-
	БПК ₅							-	-	1,9	-	-	1,9

Рассмотрим составляющие записанного уравнения применительно к региональным климатическим и производственным особенностям.

Оценочное водопотребление (W_1) установлено расчетным путем с учетом действующих отраслевых нормативов.

Атмосферными осадками (W_2) можно пренебречь, поскольку в этом регионе в период с марта по ноябрь испарение с поверхности превышает выпавшие осадки в 3 раза, стокообразующих осадков практически не бывает.

Безвозвратное водопотребление в производстве на единицу продукции (W_3) можно принять равным 0, поскольку вода не используется в качестве составляющей готовой продукции.

Потери воды (W_4) устанавливаются расчетным путем и определяют нормативно обоснованные потери (испарение, унос, естественное испарение др.).

Оценочная величина водоотведения (W_5) устанавливается расчетным путем по водохозяйственному балансу.

Таким образом, в окончательном виде уравнение водного баланса примет вид:

$$W_1 = W_4 + W_5, \text{ м}^3;$$

Затраты воды, которые относятся к обоснованным потерям, являются следующими:

- используемые для полива зеленых насаждений на территории промплощадки;
- используемые для уменьшения эмиссии NO_x обессоленной воды (площадка утилизации газа)

Расчетные данные водохозяйственного баланса представлены в **таблице 6**.

Таблица 6- Водохозяйственный баланс на 2016-2020 г.г. по месторождению Кумколь

Производство	Водопотребление, м ³ /год						Водоотведение	
	всего	свежая вода		производственные нужды	хозбытовые нужды	безвозвратное потребление	всего	производственные нужды
		всего	вт.ч.питьевого качества					
Хозпитьевые нужды	70080	70080	70080		70080		70080	
Столовая	49056	49056	49056		49056		49056	
Прачечная	47700	47700	47700		47700		47700	
Душевые, баня	18720	18720	18720		18720		18720	
Пожаротушение	1700	1700		1700		1700		
Площадка утилизации газа	156000	156000		156000		93600	64200	
Итого:	343256	343256	185556	157700	185556	95300	247956	

Выводы

Таким образом, расчеты показали, что при условии выполнения технологического регламента работы очистных сооружений на месторождений Кумколь можно достичь уровня качества сбрасываемых сточных вод, пруд-накопитель.

Список литературы

1. Зубаиров О.З. Сточные воды и использование их в сельском хозяйстве. Алматы, 2011 г.
2. Байжигит А., Ануарбеков К.К., Алдиярова А.Е., Зубаиров О.З. Изменения солевого состава сероземных почв при поливе сточными водами в условиях юго Казахстана «Ізденістер, нәтижелер – Исследования, результаты». №1(77) 2018 ISSN 2304-334-02 стр.144

3. Ботантаева Б.С., Еркешева А.С., Абикенова С.М., Алдиярова А.Е., Әбдібай Ә.М. Водотведение городских и промышленных сточных вод, состояние их очистки в бассейне р. Сырдарья на территории РК. «Ізденістер, нәтижелер – Исследования, результаты». №1(81) 2019. ISSN 2304-3334 стр. 94.

4. Айдарбаев А.С. Теория и практика разработки нефтяного месторождения Кумколь. Алматы, 1999 г.

5. Рабочий проект «Биопруды для очистки сточных вод пос. Кумколь» Алматы, 2000г.

6. Проект «Биопруды для очистки сточных вод пос. Кумколь», Каз ГАСА, Алматы, 2000г.

7. Шомантаев А.А. Асфальтобетонные покрытия на основе нефтебитуминозных пород для гидротехнического строительства Автореферат на соискание ученой степени кандидата технических наук, Москва, 1991 год.

8. Проект «Нормативов предельно-допустимых сбросов (ПДС) загрязняющих веществ для месторождений Кумколь, Арысқум, ННТ Жосалы АО Петро Казахстан Кумколь Ресорсиз» на 2016-2020 годы, Кызылорда, 2016 год.

9. Жиёмбай Ы.С., Шомантаев А.А. Расчет предельно - допустимых сбросов (ПДС) загрязняющих веществ в биопруд месторождения Кумколь. Научно- информационный журнал «Водное хозяйство Казахстана» -№3, 2019, -С.56-59.

10. Перечень предельно-допустимых концентрации (ПДК) и ориентировочно безопасных уровней воздействия (ОБУВ) вредных веществ для воды рыбохозяйственных водоемов.-М.: Роскомрыболовство, 1993.-52 с.

11. Методика расчета нормативов допустимых сбросов (НДС) веществ и микроорганизмов в водные вещества для пользователей. –Москва, 2007. – 97 с.

12. Хосровянц М.Л. Разработка методики расчета предельно- допустимых сбросов (ПДС) загрязняющих веществ в водные объекты со сточными водами// Мелиорация и водное хозяйство, 2005-№2- С53-54.

13. Приказ Министра национальной экономики Республики Казахстан от 20 марта 2015 года №237 об утверждении Санитарных правил «Санитарно-эпидемиологические требования по установлению санитарно- защитной зоны производственных объектов».

14. Умирзаков С.И., Шегенбаев А.Т., Абжамиева Л.Б. Экологическая регламентация безотходной утилизации возвратных вод // Экология, құрылыс және сушаруашылығының өзекті мәселелері тақырыбындағы Халықаралық ғылыми- практикалық конференциясының материалдары (13-14 шілде 2007ж).- Тараз, 2007. – С.268-271.

15. Умирзаков С.И. Регламентация предельно- допустимого сброса сточных вод в водоисточников при утилизации их в специализированных агроландшафтах//Вестник ТарГУ им. М.Х. Дулати / Природопользование и проблемы антропоферы, 2009. №3(35)- С.148-152.

16. Правила охраны поверхностных вод Республики Казахстан, РНД 1.01.03-94, Алматы,1994г.

15. Правила охраны поверхностных вод Республики Казахстан, РНД 1.01.03-94, Алматы, 1994 г.

17. Ергожин Е.Е. Состояние и перспективы мировой нефтеперерабатывающей промышленности Алматы: ИП «Бекетаева», 2019 г.

18. Есполов Т.И., Зубаиров О.З., Саркынов Е.С. Подготовка и использование животноводческих стоков Алматы, Айтұмар 2019 г.

19. Нурушев М.Ж., Саспугаева Г.Е. Переработка отходов с основами новых доступных технологий Алматы: ЭСПИ, 2020.

20. Башимбаева А., Ануарбеков К.К., Алдиярова А.Е., Зубаиров О.З. Состояние плодородия почвы при поливе сточными водами на юге Казахстана «Ізденістер, нәтижелер – Исследования, результаты». №1(77) 2018 ISSN 2304-334-02 стр. 149.

21. Кухар Е.В. Экологическая биотехнология. -Алматы: Эверо, 2020.

ҚҰМКӨЛ КЕНІШІНДЕГІ БИОТӨАНҒА ЛАСТАЙТЫН ЗАТТАРДЫ
ТАСТАУ ЖӘНЕ СУДЫ ӘКЕТУ

Жиёмбай Ы.С.¹, Шомантаев А.Ә.¹, Григоров С.М.², Омаров Қ.Ә.¹

¹Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті,

²Волгоград мемлекеттік аграрлық университеті, Волгоград қаласы, Ресей

Аңдатпа

Мақалада "Құмкөл" мұнай кен орнының географиялық орналасқан жері мен климаттық жағдайлары, шаруашылық - тұрмыстық және өндірістік ағынды сулар кәрізі жүйесімен су тұтыну және су бұру көлемдерінің қалыптасуы және олардың химиялық құрамы көрсетілген. Ластаушы заттардың төгінділерін зерттеу нәтижелері және су бұру жүйесінің техникалық және технологиялық шешімдерін қабылдау, сондай-ақ тазарту қондырғылары мен биоқұбырлар жұмысының тиімділігі келтірілген.

Кілт сөздер: биотоған, ағынды сулар, сүзу алаңдары, өздігінен ағатын, ластаушы заттар

WATER DISPOSAL AND DISCHARGE OF POLLUTANTS
IN BIOPROD OF THE KUMKOL FIELD

Zhiembai Y.S.¹, Shomantayev A.A.¹, Grigorov S.M.², Omarov K.A.¹

¹Qorqyt Ata university,

²Volgograd state agrarian university, Volgograd city, Russian

Abstract

The article reflects the geographical location and climatic conditions of the Kumkol oil field, the formation of the volume of water consumption and water disposal by the sewage system of household and industrial wastewater, and their chemical composition. The results of the study of the discharge of pollutants and the adoption of technical and technological solutions of a water drainage system, as well as the efficiency of the wastewater treatment plant and operation of bioprod.

Keywords: bioprud, waste water, filtration fields, gravity flow, pollutants.

ӘОЖ: 631.582

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ, ОТЫРАР АУДАНЫНДА СУАРМАЛЫ
ЕГІНШІЛІКТІ ДАМУ МӘСЕЛЕСІ

¹Ақашова Ә.С., ¹Дүйсебаева К.Ж., ²Жорабекова Ж.Т.

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,

²Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті

Аңдатпа

Түркістан облысы, Отырар ауданы – суармалы егіншілік дамыған аймақ. Мақалада суармалы жерлердің жағдайы, оны пайдалану тиімділігі, сонымен қатар суды жұмсау үнемділігі ауылшаруашылық дақылдарын суару қарастырылды. Жинақталған мәліметтер негізінде теориялық-методологиялық және тәжірибелік маңызы бар ғылыми жаңалықтар мен нәтижелер алынды. Еістік жерлерді тиімді пайдаланудың және жақсартудың тың әдістері

ұсынылды, ауыл шаруашылық жерлерді тиімді пайдалану және жақсартуда жаңа әдістер мен дәстүрлі ұстанымдарды пайдалану қажеттілігі нақтыланды.

Кілт сөздер: агроландшафт, агроценоз, биотикалық факторлар, мелиорация, пене-плен, дегредация

Кіріспе

Аудандағы ауыл шаруашылығына жарамды жердің аумағы 1692 мың гектарды құрап, жайылым мен шабындық, егіншілік мақсатта пайдаланылады [1]. Бұлардың ішінде Сырдария өзенінің бойындағы тоғайлы ормандар да бар (**сурет 1**).



1-сурет. Отырар ауданының ауыл шаруашылық жерлері, га [1]

1-суретте көрсетілгендей, ауылшаруашылығында пайдаланылатын жерлердің ішінде жайылымдардың үлесі басым. Олар аудан аумағындағы ауылшаруашылығына жарамды жерлердің 96%-ын, яғни, 1635,5 мың га жерді алып жатыр. Ал егістік жерлер – 42187 мың га (оның ішінде жыртылған жерлер 24,6 мың га) құраса, көп жылдық ағаштар 256 га, шабындық 15,5 мың гектарды алып жатыр [2].

Қазіргі кезде, ауыл шаруашылық өнімдеріне деген қажеттіліктің өсуіне байланысты, аудан аумағында әртүрлі антропогендік агроландшафттар қалыптасқан және бұл аумақтың табиғи ландшафттары ауылшаруашылығында кеңінен пайдаланылуда. Аудан аумағында мынадай агроландшафттар белдемдерін ажыратуға болады [3]:

1. құмды шөлдің жайылымдық агроландшафттары;
2. тақыр тәрізді жазықтардағы жайылымдық агроландшафттар;
3. өзен аңғарлары мен ойпаң жазықтардағы шалғынды жайылымдық, омарташылық және шабындықтық агроландшафттар;
4. тау алды шөлді-дала мен шөлдің жайылымдық агроландшафттары;
5. шөлді даланың егіншілік агроландшафттары.

Зерттеу әдістері

Шөл зонасында орналасқан ауданның табиғаты алуан түрлі. Сондықтан, ауылшаруашылығын жүргізу кезінде әр агроландшафтың өзіндік ерекшеліктерін негізге ала отырып, ауылшаруашылық жерлерді тиімді пайдалану өзекті мәселелердің бірі.

Қазіргі кезде, Отырар ауданында дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар, жоңышқа, бидай, жүгері, күнбағыс, көкөніс және т.б. дақылдар егіледі [4]. Біздің зерттеуіміз бойынша,

аталған салаларға негізделген ауданның егін шаруашылығында бір-бірімен өзара тығыз байланысқан мәселелер қалыптасқан.

Отырар ауданында Арыс-Түркістан, Қызылқұм және Шәуілдір су жүйелері орналасқандықтан, басқа аудандармен салыстырғанда су ресурстарымен жақсы қамтамасыз етілген. Су жүйелерінің ішіндегі Шәуілдір су жүйесінің маңыздылығы өте жоғары. Өйткені, ол аудандағы егістік жерлердің жартысынан астамын сумен қамтамасыз етеді. Географиялық саралау, тарихи, картографиялық, геоботаникалық, жобалау, статистикалық талдау, математикалық, салыстыру т.б. қазіргі заман талабына сай қалыптасқан ғылыми зерттеу әдістері қолданылды [5,6].

Нәтижесі мен талдау

Тұздану мәселесі қазіргі кездегі Отырар ауданы ауылшаруашылығының ең өзекті мәселесі. Ауданның агроландшафттарына зерттеу жүргізген Ш.У. Лайсханов Отырар ауданындағы топырақтарының тұздану картасын жасап, соңғы 27 жыл бойынша (1988-2015) топырақтың тұздану динамикасын жасаған. Топырақтардың тұздануын 4 категорияға (тұзданбаған, шамалы тұзданған, орташа тұзданған және қатты тұзданған) бөле отырып, 1988 жылмен салыстырғанда 2015 жылы әртүрлі дәрежеде тұзданған топырақтардың көлемі айтарлықтай өскендігін көрсеткен [7,8]. Атап айтсақ, тұзданбаған топырақтардың көлемі 1988 жылы 14970,5 га-ны құраса, 2015 жылы тұзданбаған жерлердің көлемі екі есе азайып, 7238,8 га-ны құраған. Керісінше, қатты (күшті) тұзданған жерлердің көлемінде өсу байқалады. 1988-2015 жылдар аралығында олардың көлемі 3 есеге жуық өсіп, 18133,8 га жерді қамтыды. Ал шамалы тұзданған топырақтардың көлемі 2015 жылы 10080,6 га және орташа тұзданған топырақтардың алып жатқан аумағы 6733,9 га алып жатыр.

Отырар ауданындағы егіншілік жерлердің тұздану дәрежесін төмендету және агроландшафттардың тұзға төзімділігін арттыру және шамалы, орташа және күшті тұзданған жерлердегі дақылдардың өнімділігін көтеру арқылы жақсарту үшін мелиорациялаудың дәстүрлі әдістері мен тәсілдерімен қатар, инновациялық-агромелиоративтік шараларды қолға алуымыз шарт.


Қолайсыз топырақтық-мелиорациялық жағдайдағы екінші реттік тұзданған топырақтарды қарапайым дәстүрлі әдістерді (сумен шаю) қолдану арқылы жақсарту мынадай 2 себепке байланысты тиімді болмай отыр:

Біріншіден, мелиорациялаудың классикалық әдістерін қолдану үшін дұрыс жұмыс істеп тұрған коллекторлық-дренаждық жүйе мен суару үшін жеткілікті шамада тұщы су болуы керек. Отырар ауданында коллекторлық-дренаждық жүйе толығымен істен шыққан және суармалы судың сандық және сапалық көрсеткіштері талапқа сай келе бермейді.

Екіншіден, ұсақ шаруа қожалықтарының басым болуына байланысты олардың дренаждық-коллекторлық жүйені қалпына келтіру, пайдалану және оны бақылап отыруға қаржылық мүмкіншіліктері жоқ.

Осы екі мәселеге байланысты, тұзданған топырақтарды мелиорациялаудың жаңа бағыттарын қарастыру, онтогенезде тұқым мен өсімдіктің биоэнергетикасын көтеретін, экологиялық таза агротехнологияларды жасау мен қолданудың өзектілігі арта түсті. Осыған орай, тұзданған топырақтарды жақсартатын, өндірістің өнімділігін арттыратын мелиорациялаудың *инновациялық агромелиоративті тәсілдерін* пайдаланудың тиімділігі жоғары болатынын көрсетіп отыр

Ш.У. Лайсхановтың және басқа да ғалымдардың ғарыштық әдістер арқылы тұзданған топырақтардың картасын жасау әдістемесін негізге ала отырып, біз де 2017 жыл бойынша Отырар ауданының топырақтарының тұздану картасы жасалды. Растрлық негіз ретінде Landsat 8 спутнигінің түсірілімдері пайдаланылды (**1-кесте, 1-сурет**) [7].



1-сурет. Отырар ауданының егістік жерлеріндегі топырақтардың тұздануы (2017 жыл)

Кесте 1 – Пайдаланылған ғарыштық түсірілімдердің сапалық сипаттамалары [7]

№	Жер серіктерінің түрлері	Түсірілім уақыты	Бұлттылығы	Кеңістіктің айқындылығы
1	Landsat 8OLI	2016/11/25	2%	30 м
2	Landsat 8OLI	2017/7/4	0%	30 м

Отырар ауданының егістік жерлеріндегі топырақтардың тұздану картасын құрастыру арқылы біз құрастырылған картаны 2015 жылғы картамен салыстыра отырып, айтарлықтай өзгеріс болмағандығын анықтадық (1-кесте).

2-кесте. Тұзданған топырақтардың көлемі, га [7]

р/с	Топырақтардың тұздану дәрежелері	Ш.У. Лайсханов бойынша (2015 жыл), га	Біздің зерттеуіміз бойынша (2017 ж), га
1	Тұзданбаған	7238,8	7301
2	Шамалы тұзданған	10080,6	10002,9
3	Орташа тұзданған	6733,9	6811,2
4	Қатты тұзданған	18134	18072,2
Барлығы, га		42187,3	

2-кестеде көрсетілгендей, 2015 жылмен салыстырғанда 2017 жылы тұзданбаған топырақтардың көлемі шамалы көбейіп, 7301 га аумақты құраған. Тұзданбаған топырақтардың үлес салмағының артуын жағымды құбылыс екені белгілі. Мұндай оң өзгерістер Талапты, Ақтөбе елді мекендерінің аумағында байқалады. Бұл өңірлерде қатты тұзданған топырақтардың орташа тұзданған топырақтарға айналу үрдісі байқалады [8,9].

Дамыған елдердің тәжірибесіне сүйенер болсақ, кластерлік жүйе олардың экономикалық құралына айналып үлгерген. Мысалы, кластер АҚШ экономикасының 32%-ын, Швецияда-39%-ды құрайды. Ал, Италияда кластердің үлесі өндіріс көлемінің 12%-ын құрап, 6 млн жұмысшыны жұмыспен қамтып отыр. Бұл елде кластерлік жүйеден бюджетке түсетін салық мөлшері 20%-ды құрайды екен. Ал Қазақстанда кластерлік жүйе енді дамып келе жатыр. Отырар ауданында жүгері кластерін дамыту аясында дақылды терең өңдейтін қос бірдей өндіріс ошағы бар [10]. Топырақ біздің тіршілігіміздің қайнар көзі. Сондықтан топырақ тозып кетпес үшін үнемі баптап, құнарлылығын арттырып отыруымыз қажет. Топырақтың түзілуі өте баяу жүретін процесс. Соңғы жылдары егістік жерлері су және жел эрозиясына ұшырап, сор басып жатыр. Сондықтан топырақты жақсарту және қалпына келтіру жұмыстарын, яғни мелиорациялау жұмыстарын жүргізу кезек күттірмейтін мәселеге айналып отыр.

Егін шаруашылығында мелиорациялық жұмыстардың бастамасы-ол техниканың көмегімен жерді дайындау болып табылады. Бастапқы агротехникалық жұмыстарға: күзгі жер айдау, жерді тегістеу, көктемгі чизельдеу, жерді тырмалау шаралары жатады. Осы технологиялық шараларды нақты метеорологиялық жағдайды ескере отырып, дер кезінде атқарылса дақылдың өнімділігі жоғарылайтын анық

Отырар ауданында жүгері кластерін дамытудың алғышарттары:

1. Индустриалды аймақ өте қолайлы жерде орналасқан. Инфрақұрылымға шығын шығаруды қажет етпейді. Байырғы базада су құбыры, электр бағаналары, тіпті, темір жол желісі де бар. Өндірілген өнімді тұтынушыға жеткізуде және басқа аймақтарға экспорттауға болады.

2. Жүгері дақылын өсірудің көп жылдық тәжірибесі жинақталған. Ауылшаруашылық дақылдардың ішінде жүгері дақылының үлесі жоғары. Статистикалық мәліметтер бойынша, 2016 жылы жүгері дақылының егістік көлемі 5521 га жерге егілсе, 2017 жылы бұл көрсенкіш 7 мың гектарға жеткен. Сондай ақ, жүгері өндірісі жылдан-жылға артып келеді. 2010 жылы өндірілген өнімнің көлемі 22812 тоннаны құраса, 2016 жылы бұл көрсеткіш 26616 тоннаға жеткен. Ауданның брендіне айналған бұл дақылдың әр гектарынан 120 центнерден өнім алынды.

Жоспар бойынша 2020 жылға дейін жүгері егістігінің көлемін 15 мың гектарға жеткізіп, жүгері кластерін дамыту көзделді.

3. Тауардың негізгі тұтынушысы мал шаруашылығы жақсы дамыған. Аудандағы жетекші шаруашылық – мал шаруашылығы болып табылады. Отырар ауданының қой, ешкі және түйе шаруашылықтары жайылымдық агроландшафттардың биоресурстарына негізделе отырып, дамып жатыр. Төрт түліктің басым бөлігі үй жағдайында бағылатындықтан, мал санының өсуі міндетті түрде жүгері дақылына деген сұраныстың өсуіне алып келеді.

4. Жүгеріні сақтайтын және өңдеуге арналған кәсіпорындарының салына бастауы. 2016 жылы Отырар ауданында жүгері кептіру және сақтау кешені ашылды. Бұл аудандағы индустриялық аймақта бой көтерген алғашқы кәсіпорын. "Отырар дән" кәсіпорны жылына 15 мың тонна дақылды кептіріп, сақтай алады. Кәсіпорын озық технологиямен жұмыс істейді. Алдымен жүгері дәні собығынан алынып, кептіріледі. Содан кейін қамбаларда сақталады. Кептіретін құрал-жабдықтар Англиядан, сақтау құрылғылары Қытайдан арнайы алдырылған.

Жүгері кластерін дамыту аясында дақылды терең өңдейтін екі өндіріс ошағын ашу.

Отырар ауданында жүгері кластерін дамыту бағдарламасымен тығыз байланысты ауылшаруашылық саласын реформалаудың басты бес бағыты белгіленді:

1. Суармалы жерлерді ұлғайту. Мемлекеттік бағдарлама аясында алдағы 5 жылда қарастырылған қаржының бестен бірі облысқа бөлінеді.

Нәтижесінде, бес жүз жиырма бес (525 мың) мың гектар жердің су жүйелері жақсарады.

2. Фермерлерге берілетін төмен пайызды несие көлемін арттыру. Биыл бұл мақсатта «Максимум» орталығы арқылы 10 млрд. теңге бөлінеді. Бұл өткен жылмен салыстырғанда қырық бес пайызға (45%) өсіп отыр.

3. Кооперативтерге қарасты МТС-тер ашу.

4. Бүгінгі таңда ғылыми негізсіз ауылшаруашылығы бәсекеге қабілетті бола алмайды. Сондықтан, әрбір ауданда Ғылыми консультациялық қызмет көрсететін орталықтар ашылатын болады.

5. Әрбір ауданның потенциалы мен климатына сәйкес дамудың басым бағыттары айқындалды. Сырдың бойында 80 мың гектар жаңа суармалы жерлер қосылады. Шардара, Отырар аудандары және Арыс пен Түркістанда жүгері мен көкөністің жаңа алқаптары игеріледі.

Нәтижелері

Суармалы жерлерді алдымен дәстүрлі әдістер арқылы сорын шайып, одан кейін тамшылатып суару технологиясын пайдаланған жөн.

2016 жылы Балтакөл ауылдық округіне қарасты жерлерде ғылымға негізделген, соңғы озық технологияларды пайдаланып 104 гектар алқапқа тамшылатып суару әдісімен пияз дақылы егілді. Дикандар әр гектарынан 60 тоннадан өнім алды. Оның көлемі 700 га жерге ұлғайды.

Отырар ауданындағы «Мол өнім» ЖШС 440 га жүгері дақылы егістігіне жаңбырлатып суару технологиясын суару технологиясын енгізді. Отырар ауданының экономикасында егін шаруашылығы маңызды мәнге ие болып, негізгі қажеттілікті өтейтін маңызды салалардың бірі болып табылатындықтан, оны дамытуда қажетті су ресурстарын тиімді және жеткілікті қамтамасыз ету үшін аталған технологиялардың маңыздылығы жоғары.

Ауданда тұзданған топырақтарды жақсартатын, өндірістің өнімділігін арттыратын мелиорациялаудың *инновациялық агромелиоративті тәсілдерін* пайдаланудың тиімділігі жоғары болатыны анықталды [12,13].

Ол тәсілдердің негізгі мәні – аз көлемді көпфункционалды физиологиялық белсенді ПА-2-1, С-1-1 және П-1 препарат-адаптогендерді ұтымды пайдалана отырып, тұзданған жерлерде өсірілетін дақылдардың сол ортаға бейімділігін арттыру, оған қажетті энергиямен және қосымша ақпаратпен қамтамасыз ету, ауылшаруашылығы дақылдарын ортаның қолайсыз жағдайларына (топырақтың тұздануына, қолайсыз агромелиоративтік жағдайларға және т.б.) төзімділігін арттыру және оларды басқа дифференциалды агротехникамен бірге қолдану арқылы өнімділікті жоғарылату болып табылады. «О.Ө. Оспанов атындағы Қазақ топырақтану және агрохимия ҒЗИ» ЖСШ-де жасалған бұл С-1-1 және П-1 препараттармен тұқымдықтарды себу алдында өңдеп, өсімдіктердің 4-5 және 6-7 жапырақты фазаларына жеткен кезінде мочевиная қосылған ПА-2-1 препаратымен бүрку және оны минералды тыңайтқыштармен бірге үстеп коректендіру жұмыстары өте жағымды жағдайларға алып келді (2-сурет).



2-сурет. ПА-2-1 препаратының өсімдіктерге әсері [14]

2-суретте көрсетілгендей, Шәуілдір суармалы алқабындағы тұзданған топырақтар жайғасқан жерлерде жүргізілген өндірістік тәжірибе нәтижелері препарат-адаптогендерді технологиялық регламентіне сай және жүгері, бидай, тары, жоңышқа және т.б. ауылшаруашылық дақылдардың биологиялық және вегетациялық ерекшеліктерін ескеріп қолданса жоғары өнімділікке қол жеткізумен қатар, ресурстарды үнемді пайдалану және топырақ құнарлылығының артатынын көрсетті.

Қорытынды

Жоғарыда қарастырылған ауылшаруашылығының мәселелерімен күресуде қазіргі кездегі ғылым жетістіктерін, егістік жерлерді мелиорациялаудың тың әдістері, ұстанымдары мен тәсілдерін пайдалануды қажет етеді. Табиғат ресурстарын және адамның мүмкіндігін тиімді пайдалану – ауыл шаруашылығын тұрақты дамудың кепілі бола алады. Ауыл шаруашылығының өндірістік әлеуетін арттыру арқылы қоғам қажеттілігін өтеуде өндірісті эколизациялау принципін ұстанған жөн. Осы принципке байланысты егін шаруашылығында жер, су ресурстарын пайдалануы жетілдіру және ғылым жетістіктерін пайдаланған жөн. Табиғат ресурстарын және адамның мүмкіндігін тиімді пайдалану – ауыл шаруашылығын тұрақты дамудың кепілі бола алады.

Әдебиеттер тізімі

1. Ақашова Ә.С., Лайсханов Ш.У., Мажитов А. Оңтүстік Қазақстан облысындағы Отырар ауданының физикалық-географиялық ерекшеліктерін зерттеу // География в школах и ВУЗ-ах Казахстана. -2018. - №2. -С. 7-8.
2. Лайсханов Ш.У. Оңтүстік Қазақстан облысындағы агроландшафттардың деградациясы (Отырар ауданы мысалында): философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация: 17.02.2017. -Алматы, 2017. -158 б.

3. Лайсханов Ш.У. Оңтүстік Қазақстандағы Отырар ауданының агроландшафттарындағы табиғи-ауылшаруашылық жүйенің даму жағдайлары // ҚазҰУ хабаршысы, геог. сер. -2014. - №2(39). – Б.49-54.

4. Е. М. Шекербек, Г. Ж. Сыпабекова, Н.Б. Бадыраков, А. А. Налтаев Оңтүстік Қазақстан жеріндегі суармалы сулардың тапшылығы. -Наука и вызовы времени; Матер. межд. науч. прак. конф. 2т. /под. ред. Е.З. Сулейменова/ -Алматы, 2008. -Т. 2. -Б. 102-106 бет.

5. Ниязбекова Р.К., Абдуллаева М. Т. Траншекаралық суды басқару // Оңтүстік Қазақстан хабаршысы. -2010. -№1. -Б. 105-113.

6. Лайсханов Ш.У. Оңтүстік Қазақстандағы Отырар ауданының агроландшафттарындағы табиғи-ауылшаруашылық жүйенің даму жағдайлары // ҚазҰУ хабаршысы, геог. сер. -2014. - №2(39). -Б.49-54.

7. Атакулов Т., Ержанова К., Сманов А., Мамашалиева А. Алматы облысы тау бөктері жағдайында суғармалы жерлерді тиімді пайдалану жолдары // «Исследование, результаты», Алматы, 2019. - №4. – С.102-106.

8. Sh.U. Laishanov A.Otarov, I. Y.Savin, S.I. Tanirbergenov, Z.U. Mamutov, S.N. Duisekov. A. Zhogolev Dynamics of Soil Salinity in Irrigation Areas in South Kazakhstan // Polish Journal of Environmental Studies (ISSN 12301485). -2016. -Vol 25. -№6. -P. 2469-2475.

9. Отаров А., Ибраева М.А. Рекомендации по освоению вторичнозасоленных «залежных» земель орошаемых зон в условиях неблагоприятной мелиоративной обстановки. – Алматы: КазНИИПиА имени У.У. Успанова, 2011. -27 с.

10. Нұрашева А.Е. Оңтүстік Қазақстан облысының ауылшаруашылығын кластерлік жүйеде дамыту. - Қазақстанның ғылыми әлемі. -2007. -№5. -Б. 154-158.

11. Махмудова А., Ержанова К., Атакулов Т., Жоламанов К.К. Алматы облысы тау бөктері жағдайында күздік бидайдың өнімділігіне суғару режимінің әсері// «Исследование, результаты», Алматы, 2020. - №14. – С.329-333.

12. Абдикаримова А., Ержанова К. Жамбыл облысы жамбыл ауданы жағдайында жүгері дақпылының өнімділігіне суғару режимінің әсері// «Исследование, результаты», Алматы, 2020. - №2. – С.216-222.

13. Мамонов А.Г., Отаров А., Сапаров А.С., Шахаров Р.Ж. Шәуілдір суармалы алқабындағы тұзданған топырақтарындағы өсірілген жүгеріге аз көлемдегі адаптогенді-препараттарды қолдану бойынша ұсыныстар. -Алматы: ЖШС «Полиграфия-Сервис К», 2013. -16 б.

ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ ОРОШАЕМОГО ЗЕМЛЕДЕЛИЯ ОТЫРАРСКОГО РАЙОНА ТУРСКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

¹Акашова А.С., ¹Дуйсебаева К.Ж., Жорабекова Ж.Т.²

¹Казахский национальный университет им. аль-Фараби

²Казахский национальный аграрный исследовательский университет

Аннотация

Отырарский район Туркестанской области является регионом с развитой системой орошаемого земледелия. В статье рассмотрены современные состояние орошаемых земель, эффективность их использования, а также рациональное расходование воды на орошение сельскохозяйственных культур. На основе собранных данных получены научные открытия и результаты, имеющие теоретико-методологическое и практическое значение. Предложены новые методы рационального использования и улучшения земель, конкретизирована необходимость использования новых методов и традиционных подходов в рациональном использовании и улучшении земель сельскохозяйственного назначения.

Ключевые слова: агроландшафт, агроценоз, биотические факторы, мелиорация, пенеплен, дегредация.

ISSUES OF DEVELOPMENT OF IRRIGATED AGRICULTURE IN THE OTYRAR DISTRICT OF THE TURKESTAN REGION

Akashova A.S.¹, Duysebayeva K.Zh.¹, Zhorabekova Zh.T.².

¹*Al-Farabi Kazakh National University,*

²*Kazakh National Agrarian Research University*

Abstract

Otyrar district of Turkestan region is an area with a developed system of irrigated agriculture. The state of irrigated land, the efficiency of its use, as well as the cost-effectiveness of water consumption were considered for irrigation of agricultural crops. Scientific discoveries and results of theoretical-methodological and practical significance were obtained on the basis of the collected data. New methods of efficient use and improvement of arable land are proposed, and the need to use new methods and traditional approaches in the rational use and improvement of agricultural land is clarified.

Key words: agrigultural landscape, agrocenosis, biotic factors, reclamation, penepplain, degradation.

УДК 636.93

АЛМАТЫ ХАЙУАНАТТАР БАҒЫНДА МЕКЕН ЕТЕТІН АҚБӨКЕНДЕРДІҢ БИОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ КҮТІП БАҒУДАҒЫ МІНЕЗ ҚҰЛҚЫНЫҢ ОРТАҒА БЕЙІМДЕЛУІ

Байбатшанов М.К., Бейсенбаева М.Т., Акилбеков С.О.

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті

Аңдатпа

Мақалада Алматы хайуанаттар бағында мекен ететін ақбөкендердің бетпақдала және орал популяцияларында мекен ететін түршелері, биологиялық ерекшеліктері туралы мәліметтер келтірілген. Ақбөкендерді қолда өсірудің жолдары, мінез құлқының ортаға бейім-делуі, азықтандыру ерекшеліктері, мінез-құлықтағы өзгешеліктері жан-жақты қарастырылған.

Кілт сөздер: ақбөкен, бетпақдала, орал, популяция, түрше, биологиялық ерекшеліктері, қолда өсіру, азықтандыру, мінез-құлық.

Кіріспе

Ақбөкендер – ауа райының өзгеруіне, шаруашылық жұмыстарының өркендеп өсуіне байланысты мекен ету аймағы, қазір тек Моңғолия, Қалмық даласында және Қазақстанда ғана сақталып отыр. Қазіргі кезде ақбөкеннің *Saiga tatarica* Linnaeus 1766 екі тұрасты мекендейді. Олар: *saiga tatarica* және *Saiga t. Mongolica*. Bannikov 1946. Моңғолияда киіктің Қазақстандағы киіктерден айырмашылығы: дене тұрқы кішілеу (дене ұзындығы 110-116 см, шоқтығының биіктігі 60-67 см, салмағы 26-32 кг). Моңғолияда мекендейтін киіктердің мүйізі қысқа, мұрнының дөңесі әлсіз білінеді.

Сүтқоректілер класының жұптұяқтылар отрядына жататын ақбөкеннің елімізде бір-бірінен жеке дара бөлінген үш тобы мекендейді. Олар Бетпақдала, Үстірт және Еділ-Жайық

топтары. Әр популяцияның ішінде кей маусымдарда жекеленген тобы оқшауланады. Бетпақдала популяциясы батыс, орталық және шығыс, ал үстірт пен жайық батыс пен шығыс бөлімдерге бөлінеді. Күзгі (тамыз-қараша) және көктемгі (наурыз-маусым) қоныс аудару кезінде, ақбөкендерді сырғалау қорытындысы көрсеткендей, бұл оқшауланған топтар қайта араласады. Бірақ оқшаулануға одан әрі әсер ететін территорияларды шаруашылық мақсатына пайдалану немесе жануарлардың жалпы санының біршама азаюына байланысты. Елімізде жыл сайын жүргізілетін мемлекеттік және жекеменшік құрылыс жұмыстарының нәтижесінде топтар арасында байланыс кей жылдары мүлде болмайды. Соңғы жылдары еліміз көрші мемлекеттермен шекараларға қоршау салуына байланысты қоныс аударатын ақбөкендерге кедергі болды [1].

Зерттеу мақсаты

Дүние жүзінде ақбөкенді қолда немесе арнайы қоршауларда өсіру өте қиын. Себебі ақбөкеннің мінез-құлқын және өсіру кезінде туындайтын мәселелерді шешу жолдарын меңгерілмегендіктен. Тұяқтылардың сирек кездесетін түрлерін өсіруде бай тәжірибесі бар хайуанаттар бағының барлығы дерлік ақбөкендерге өсіру кезінде осы түрдің экологиясы мен мінез-құлқының өзіндік ерекшеліктеріне байланысты бірқатар проблемаларға тап болды [2]. Жалпы киіктерді қолда ұстау туралы алғашқы деректер 1864 жылы Мәскеу хайуанаттар бағының экспозициясы арқылы, бір киікті Ресей Лондондағы зоологиялық қоғамға сыйға тартқаннан белгілі. XIX ғасырдың аяғында Берлин (1872), Кельн (1874), Гамбург (1877), Антверпен (1878) және Бремен (1889) хайуанаттар бағында киіктерді өсіргені туралы мәліметтер кездеседі. Ақбөкендер екінші дүниежүзілік соғысқа дейін әлемдегі хайуанаттар бағында өте сирек кездесетін, бұл негізінен 1850-1930 жылдары табиғатта олардың санының едәуір төмендеуіне байланысты. 1950 жылғы қараша мен 1972 жылғы қазан аралығында Кеңес Одағынан 148 бас ақбөкен Прага хайуанаттар бағына жіберілді. Олардың көпшілігі Еуропаның басқа хайуанаттар бағына арналған, бірақ 29 аталық пен 43 аналық, сондай-ақ жынысы белгісіз 4 ақбөкен жіберілгенге дейін өліп қалды. Ақбөкендердің еуропадағы хайуанаттар бағында таралуына Прагадан басқа Берлин хайуанаттар бағы да үлкен рөл атқарды. 1958 жылдан 1982 жылға дейін Берлин хайуанаттар бағына 332 ақбөкен апарылса, олардың көпшілігі әлемнің басқа хайуанаттар бағына жіберілген.

Соғыстан кейін ақбөкендер АҚШ-қа 1955 жылы Сент-Луис хайуанаттар бағына және Вашингтон ұлттық хайуанаттар бағына жіберілді. Кейінірек ақбөкендер Нью-Йорк (1956), Чикаго (1958), Даллас (1959 және 1962), Филадельфия (1960, 1961, 1962), Сан-Диего, Сан-Франциско және Толедо (барлығы 1962), Альбукерке, Оклахома және Омаха (барлығы 1969) хайуанаттар бағына жіберілді. Көп мемлекеттерде орналасқан хайуанаттар бағында ақбөкендер бас саны дұрыс өспеген (1-кесте).

1-кесте. Хайуанаттар бағындағы ақбөкендердің өмір сүру жасы

Өмір сүру ұзақтығы	Бас саны	
	аталығы	аналығы
жасқа дейін	67	49
1 жас	19	19
2 жас	17	27
3 жас	11	24
4 жас	8	14
5 жас	4	14
6 жас	5	2
7 жас	2	7
8 жас	1	4
9 жас	-	4

10 жас	-	1
11 жас	-	1
12 жас	-	1

1955 жылдан 1993 жылға дейінгі аралықта әлемдегі барлық хайуанаттар бағында табиғатта туылған 47 ақбөкен және хайуанаттар бағында туылған 283 ақбөкен болған. Киіктердің жас төлдеріне өлім-жітімнің жоғары болуы тән. Хайуанаттар бағындағы киіктердің өмір сүру жасын 1-кесте бойынша бағалауға болады, ақбөкендердің көпшілігі әдетте 3 жасқа дейін өмір сүретінін көруге болады. Аналықтардың өмір сүру жасы аталықтарға қарағанда жақсы.

Халықаралық асылтұқым кітабында көрсеткендей 1995-1993 жылдары әлемдегі хайуанаттар бағында ақбөкен төлдері алғашқы жылдары өліп қалған. Өлу себебін анықтағанда ақбөкендердер нашар күтімнен өлген жоқ. Бұған көз жеткізу үшін осы хайуанаттар бағының көптеген басқа жануарлар түрлерін өсірудегі жетістіктерімен және оларда жұмыс істейтін адамдардың жоғары кәсібилігімен танысу жеткілікті. Ақбөкендер көптеген зоологиялық бақтарда сәтті өсірілді, бірақ олардың популяциясы өте қысқа уақытқа ғана өмір сүрді және жеткілікті түрде тұрақты болмады, бұл түрлердің өміршең көбею популяциясын құруға мүмкіндік бермеді. Ақбөкендер үшін - хайуанаттар бағын таңдау, оның климаттық жағдайлары ұқсас болу үлкен роль атқарады.

1937 жылы құрылған Алматы Хайуанаттар бағы жануарлардың түрлерін сақтау және оларды зерттеу жөніндегі халықаралық бағдарламалардың қатысушысы болып табылады және ERAZA, WAZA, SEAZA сияқты зообақтар мен аквариумдардың әлемдік ассоциациясына мүше, сондай-ақ EAZA ұйымына мүшелікке үміткер. Алматы Хайуанаттар бағына жүйелі түрде Еуропа елдерінің хайуанаттар бағынан арнайы мамандар келіп, осындағы барлық жұмыс барысына сараптама жасап, бақылау жасап тұрады. Жыл сайын шетелдік білікті мамандар тарапынан Алматы хайуанаттар бағының қызметін жақсартуға қатысты нақты ұсынстар беріліп, белгіленген жоспар бойынша жұмыс жүргізіліп тұрады.

Алматы хайуанаттар бағында ақбөкен басты тұяқтылардың өкілі болып табылады. Алматы хайуанаттар бағындағы орал және бетпақ дала популяцияларын өсіру барысында мінез құлқын бақылап, нәтижесін ақбөкенді өсіруде қолдану маңызы өте жоғары. 29. 07. 2015 жылы 1 бас аталық және 1 бас аналық Отарда орналасқан институтынан әкелінді. 11. 08. 2016 жылы Оралдан 3 бас аналық әкелінді. Осы әкелінген ақбөкендерді күтіп бағу барысында олардың азықтану кезіндегі, көбею кезіндегі, ольфакторлық мінез құлқы жан жақты қарастырылды.

Зерттеу нәтижелері және оны талдау

Жануардың мінез-құлқын зерттеудің үш маңызды міндеті бар: мінез-құлықтың қалай қызмет жасайтынын, ол қалай дамиды, эволюция кезеңінде қалай негізделген деген сұрақтар. Ақбөкеннің мінез-құлқын білу үшін оның белгілі бір жағдайда не істейтінін, қандай әрекеттер жасайтынын және ол әрекеттерді неліктен жасағанын, әрекеттің себебін түсіну қажет. Ол үшін ақбөкеннің тіршілігіне, тіршілік ету сипатына назар аударайық. Себебі, ақбөкендер де басқа жануарлар сияқты өзіне қажетті мекен ортасын, қорегін, ішетін су, төлдейтін жерін, орнында қалған төлін, тіпті бір-бірін іздеп тауып жауынан қашып құтылуы қажет. Демек әрбір ақбөкеннің мінез-құлқы оның басқа ақбөкендермен және басқа түрге жататын жануарлармен байланысы негізінде де көрінеді. Басқа түрге жататын жануарлардың өзі де ақбөкендермен әр түрлі қатынаста болады. Олардың бірі - «жауы» (қасқыр, түлкі, сияқты жыртқыштар), бәсекелестері - «досы» (сауысқан, қарға, торғай, зорман). Мысалы, жасырынып келе жатқан қасқырды көрген сауысқан не зорман одан шошынып, дыбыстап, ақбөкендерді елендетеді, сақтандырады, тіршілік серігіне айналады. Ақбөкеннің әрбір қимыл-әрекеті де басқа жануарлар үшін белгілі бір нәрсенің, құбылыстың дабылы. Демек, ақбөкенді ақбөкен де, басқа жануар да «түсінеді». Алматы хайуанаттар бағында мекен ететін

ақбөкендер де өзін қоршаған ортамен осындай қатынаста болады. Қоршау сыртында келген қонақтарды көзімен көру арқылы ақбөкендерді келесі мінез құлықтарды танытады [3].

Инстинктивті мінез қылық жануарлардың өмірлік функцияларының негізі. Инстинктивті мінез құлық пен үйрену өзара жеке жүйе емес, олар тек бірлесіп біріккен мінез қылық актін құрайды. Бірақ, инстинктивті мінез қылық пен үйрену талдауға арналған жасанды келісімдер дегенді білдірмейді. Мұнда оның бөлімдері ғана шартты болып табылады, ал осы компоненттері оның ажыратылатын өмірлік функцияларымен қолданылады. Қазіргі заманғы ғылыми зерттеулер бойынша «инстинкт» ұғымының тұрақты анықтамасы жоқ. Туа біткен тұқым қуалаушы «инстинктивті мінез қылық» әр түрлі инстинкті іс-әрекеттер мен актілерден тұрады. Олар өз кезегінде жеке инстинкті іс – әрекеттерден тұрады (дыбыс, кеңістікте өзін ұстауы және т.б.). Ақбөкендердің өз арасында және олар мен басқа жануарлардың арасында болатын байланыстар иістік (химиялық), дыбыстық (акустикалық), мимикалық (қозғалыстық), рең (түс) түрінде болады. Бұлар әр түрлі жағдайда әр түрлі мағынаға ие болады. Түсінікті жеңілдету үшін біз алдымен иіс арқылы орындалатын байланысқа мысалдар келтірейік. Әр түрлі жануарларда иісті сезу дәрежесі әрқалай. Кейбір жануарлар иіске өте сезімтал келеді. Мысалы, албырт (лосось) кейбір амин қышқылының судағы ерітіндісі судың сегіз миллионнан бір үлесіндей болса да сезіп қояды екен. Ал жылан балықтың иіс сезімі бұдан да жоғары көрінеді.

Жалпы жануарлардың бір-бірін иіс арқылы тауып білуі үшін олардың белгілі иісі болады. Ол иіс шығаратын аппарат - безден бөлінеді. Ондай без, тері безі хайуанаттардың көбінде болады. Олар әр түрлі жануардың әр түрлі мүшелерінде орналасқан. Мысалы, қоянның тұмсығында, ондатрдың жыныс мүшелері бауыр тұсында, құйрық астында, қасқырдың саусақтары арасында және құйрық астында болады. Міне, осындай бездің бірі бөкендердің көз алдында орналасқан. Безден бөлінетін сұйық иісті зат өзектен шыға бере тері мен түкке жұғып, қатайды. Ал мұның молекулалары ауаға диффузиялы түрде тарайды.

Ақбөкеннің толарсақ безі өте күшті жетілген, олар екі бақайдың арасына терең еніп жатады. Тұяқ толарсақ бездері ақбөкен қай жермен жүрмесін, ізге иісін жұқтырып отырады. Сол сияқты, бұған қоса, жатқан жеріне шап безі де иісін қалдырады. Міне, осы аталған бездер арқылы бөкендер де бірін-бірі іздеп табады. Ақбөкеннің ұзап кеткен табынды жер иіскеlep барып тауып алуының сыры осында [4].

Мінез қылықтың биологиялық шарттылығы, әсіресе филогенетикалық тұрғыдан алғандағы морфологиялық шарттылығын эволюция барысында мінез қылық актілерінің дұрыс орындалуына қажетті морфологиялық белгілерінің қалыптасуын айқындайды. Бірақ нақты эволюциялық үрдістер нәтижесінде пайда болған инстинкті іс-әрекеттер туралы айтқанда, арнайы морфологиялық құрылымдармен анықталатын мінез қылықтың орындалу формасы мен морфологиялық туындылардың функцияларын да ескеру керек. Анығында, әр жануар өзіне тән арнайы ішкі ағзаларының сол функцияны орындауға арналған құрылымы арқылы ғана орын ауыстырады, азық қабылдайды.

Жануарлардың ағзасы сыртқы белсенділікпен білінетін өмір әрекеті әр түрлі инстинктивті іс-әрекеттер мен реакциялардан (термикалық, электрлік, түсінің өзгеруі, секреттердің бөлінуі және т.б.) тұрады. Киік матау кезінде текелер жиі-жиі өз мойнын, тұмсығын, төсін зәрлейді. Бұл олардың өзара болатын түрліше байланыстарының алғы шарты. Себебі жерге жұққан немесе денесіндегі зәрден жан-жаққа жайылған теке иісі бұл үйірге басқа үйірдің текесін келтірмейді және бірлі-жарым саяқ жүрген ешкілерді үйірге қосылуына әсер етеді. Жануарлардың некелік қатынастар сипаты, полигамияға және моногамияға тиесілі, бірақ елеулі айырмашылықтары бар. Полигамиялы түрлердің саны барлық жануарлар топтарында, басқа биологиялық топтарынан айтарлықтай жоғары. Негізгі полигамды массасының түрлерінің сүтқоректілердің аталықтары шағылысудан кейін ұрғашыны қасында ұстамайды; осылайша, оларда тұрақты жұптар түзілмейді немесе олардың тіршілігіне бірнеше күндерімен шектеледі. Аталық қысқа мерзімде 10-15-тей аналықты қашыруы керек. Осындай жағдайда бір аналықты қайта-қайта қашыру, ал екінші аналықтың тоқтамай қалуы сирек кездеседі. Бұл

мәселе де табиғатта шешімін тапқан табиғи шағылысуды оңайлатуға иіс көмектеседі. Мысалы, бірнеше рет қашырылған аналықтың сауырына текенің алқымындағы, омырау төсі мен құрсағындағы түктерге сіңген зәр жұғып, текенің осы аналыққа деген жыныстық белсенділігін басады, тежейді. Сонымен қатар, тоқталмаған аналық жиі-жиі зәр шығарып отырады, бұл зәрдің иіс ерекше болады. Ал тоқталып кеткен аналық қалыпты жағдайға келеді.

Размещение многолетних насаждений по объектам исследования показало, что наибольшие площади садов находятся в Енбекшиказахском и Талгарском районах, которые занимают 46,2% общей площади области. В структуре категорий хозяйств наибольшие площади садов размещены в крестьянских хозяйствах.

Анализ базы данных по крестьянским хозяйствам проводился по показателям площадей садов, плотности посадки, что позволяет оценить расчетным путем эффективность производства продукции плодоводства по южным областям (**таблица 2**).

Таблица 2 – Расчетный уровень эффективности отрасли плодоводства по показателям валовой и товарной продукции 2019 г.

Область	Валовой сбор, т	Реализованная продукция, т	Стоимость реализованной продукции, млн. тенге	Себестоимость реализованной продукции, млн.тенге	Прибыль, млн тенге	Уровень рентабельности, %
Алматинская	87298	71584	6270	4610	1660	36,0
Жамбылская	19693	16739	1329,7	1026,1	303,6	29,5
Ю-Казахстанская	60104	51087	3563,8	2572,7	991,1	38,5

Из общего количества крестьянских хозяйств (2703 ед.), расположенных в трех изучаемых районах, в 1215 хозяйствах (45% общей численности) имеются сады до 1 га, от

1,1 до 10 га – в 1379 хозяйствах (51%). Таким образом, в этих районах в наибольшей степени развито мелкоземелье. Несмотря на более высокий уровень урожайности в них (на 10-15%) выше по сравнению со средней урожайностью в хозяйствах других областей южного региона, требуется переход на инновационные технологии выращивания плодовых культур.

Урожайность плодовых культур в пригородных районах на 20-30% превышает среднеобластные показатели, что определяет приоритет в развитии этих отраслей.

Как показывает отечественный опыт, мелкоземелье сдерживает эффективное использование земель и требует укрупнения массивов садов с возможностью применения механизированных процессов при обработке междурядий, обрезке сада, обработке пестицидами, организации хранения плодов и др. Поэтому диверсификация садопригодных земель, кооперация мелких хозяйств в основных плодородных районах при закладке садов снизит производственные затраты, повысит урожайность, технологичность производства, увеличит экономическую эффективность сада и возрастет их конкурентоспособность [2].

Что касается использования земель в отрасли овощеводства, овощные культуры в открытом грунте выращиваются на площади 94,3 тыс. га, что составляет 67,8% всех площадей, занятых овощными культурами в целом по республике. Значительные площади овощных культур южного региона - 55,7 тыс. га (59%) сконцентрированы в крестьянских хозяйствах, 31,9 тыс. га (33,8%) – в хозяйствах населения, совсем незначительные площади – 6,7 тыс. га размещены в сельхозпредприятиях (**таблица 3**).

Таблица 3 - Структура использования овощных культур по формам хозяйствования в разрезе областей южного региона Казахстана, 2019 год

Область	Площадь во всех категориях хозяйств, тыс. га	В том числе					
		сельхозпредприятия		крестьянские хозяйства		хозяйства населения	
		площадь, тыс. га	уд. вес, %	площадь, тыс. га	уд. вес, %	площадь, тыс. га	уд. вес, %
Алматинская	31,7	2,3	7,2	17,4	54,9	12,0	37,9
Жамбылская	26,1	1,6	6,1	17,1	65,5	7,4	28,4
Ю-Казахстанская	36,5	2,8	7,7	21,2	58,1	12,5	34,2
Итого по региону	94,3	6,7	7,1	55,7	59,0	31,9	33,8
Уд. вес, %	67,8	80,7		82,3		50,6	
Всего по республике	139,0	8,3	6,0	67,7	48,6	63,1	45,4

Удельный вес овощных культур в общей посевной площади республики составляет 0,66%, в южном регионе – 4,1%, что свидетельствует о благоприятных почвенно-климатических условиях их произрастания на юге Казахстана.

В структуре посевных площадей овощных культур во всех категориях хозяйств южного региона преобладают томаты – 20 тыс. га, или 21,2%, лук – 22,5 тыс. га (23,9%), огурцы – 10,7 тыс. га (11,3%), капуста – 12,5 тыс. га (13,2%), перец – 7,5 тыс. га (8%), остальные площади заняты другими овощными культурами: столовые корнеплоды, бобовые. В Алматинской и Южно-Казахстанской областях преимущественно размещены площади томатов, в Жамбылской – лука.

Вторая по значимости выращиваемая овощная культура в южном регионе – Алматинская область, выбранная в качестве объекта исследования.

Около 70% площадей занято овощными культурами в Енбекшиказахском, Ескельдинском и Талгарском районах пригородной зоны г. Алматы (**таблица 4**).

В структуре посевов овощных культур всех категорий хозяйств Енбекшиказахского района преобладают томаты (34,3%), перец (20,9%), огурцы (12,2%) и лук (8,8%). В

Талгарском районе – томаты (19,8%), капуста (19,2%), огурцы (13,7%), морковь (12,7%). В Ескельдинском районе – лук (51,6%), огурцы (10,3%), томаты и морковь по 8,5%, капуста (6,8%)

Таблица 4 - Структура использования посевов овощных культур по формам хозяйствования в разрезе изучаемых районов Алматинской области, 2019 г.

Область	Площадь во всех категориях хозяйств, тыс. га	В томчисле					
		сельхоз-предприятия		крестьянских хозяйств		хозяйства населения	
		площадь, тыс. га	уд. вес, %	площадь, тыс. га	уд. вес, %	площадь, тыс. га	уд. вес, %
Енбекшиказахский	9,3	0,8	8,6	6,8	73,1	1,7	18,3
Ескельдинский	1,0	-	-	0,6	60,0	0,4	40,0
Талгарский	2,7	0,06	-	1,2	44,4	1,5	55,6
Итого по 3 районам	13,0	0,86	6,1	8,6	66,2	3,6	27,7
Уд. вес в области, %	41,0	37,4		49,4		30,0	
Алматинская обл.	31,7	2,3	7,2	17,4	54,9	12,0	37,9

За период 2011-2019 гг. наблюдалась тенденция роста посевов овощей открытого грунта как в целом, так и по видам культур. Однако доля овощных культур в структуре посевных площадей остается незначительной (Енбекшиказахский -11,1%, Талгарский - 7,2%.

Урожайность овощей открытого грунта во всех категориях хозяйств Енбекшиказахского района в 2019 г. составляла 298,1 ц/га, в т. ч. томатов – 309,9 ц/га, огурцов – 273,8 ц/га, перца – 268,8 ц/га, капусты – 492,2 ц/га, лука – 268,8 ц/га, в Талгарском районе - 317,6 ц/га, 329,5 ц/га, 315,4 ц/га, 285,9 ц/га, 313,7 ц/га и 341,5 ц/га соответственно. При этом средняя урожайность овощных культур в крестьянских и фермерских хозяйствах значительно выше, чем в сельскохозяйственных предприятиях[3].

Урожайность овощей имеет устойчивую тенденцию роста. Так, в 2011г. их средняя урожайность в Енбекшиказахском районе равнялась 254,7 ц/га против 298,1 ц/га в 2019 г., в Талгарском районе равнялась соответственно - 296,9 ц/га и 317,6 ц/га.

Основной объем овощей в пригородной зоне г. Алматы, производится в Енбекшиказахском и Талгарском районах. По итогам 2019 г. 98% овощей в Талгарском и 88% - в Енбекшиказахском районах выращиваются крестьянскими (фермерскими) хозяйствами и хозяйствами населения. Остальной объем приходится на сельскохозяйственные предприятия, что еще раз подтверждает, что в данных районах существует проблема мелкотоварного производства[7].

В настоящее время на основных площадях возделывания овощных культур в данных районах применяют поверхностный бороздковый полив. В Енбекшиказахском районе метод интенсивной технологии по выращиванию овощей применяется на площади 2,4 тыс. га, капельного орошения – 3,5 тыс. га, в основном в крестьянских хозяйствах. В таких хозяйствах как КХ «Айдарбаев» на площади 200 га, ТОО «Иссыкский перерабатывающий завод» на площади 400 га применяется капельное орошение. Остальные площади значительно меньше, а в отдельных крестьянских хозяйствах на мизерных участках от 1 до 5 га также применяют капельное орошение [4]. Так, в 33 крестьянских хозяйствах Шиликской зоны (Корамский, Каракемирский, Шиликский, Каратурукский сельские округа) выращивают овощи на орошаемых землях на площади 124,6 га. Причем наибольшее количество хозяйств или 73% возделывают овощи от 0,5 до 3 га. Все технологические операции в этих хозяйствах производятся вручную, низкая производительность труда, что сопровождается

повышенными затратами на 1 га по сравнению с хозяйствами, где площади превышают 10 и 20 га.

Преимущество капельного орошения очевидно. Оно позволяет непрерывно поддерживать оптимальный уровень влажности в корнеобитаемом слое почвы. При капельном орошении минеральные удобрения вносятся вместе с биостимуляторами роста с оросительной водой, тем самым создает оптимальный водно-воздушный и питательный режим почвы для роста и развития растений. Благодаря этому система капельного орошения является более эффективной, чем другие системы орошения [5].

Как показали исследования применение новых инновационных технологий при выращивании овощей невозможно без мер государственной поддержки. Поэтому в районе сформирован «Фонд местных сообществ Енбекшиказахского района», где в Шиликском регионе по программе «Развитие сельских регионов» создан инвестпроект «Фермеры Чилика», где наряду с государственными органами привлечены неправительственные организации Фонд Местных Сообществ (ФМС) [6]. Основная цель проекта - применение на практике новых технологий в выращивании овощей: капельное орошение на овощах; сортоиспытание 7 сортов перца и 22 сортов томата; кассетный метод выращивания рассады; технологии выращивания экзотических сортов овощей; использование низко туннельных, арочных теплиц, темной пленки для выращивания рассады [7,8].

На экспериментальных полях (земли крестьянских хозяйств) проводятся сортоиспытания, выращивание овощей по новым передовым технологиям, что позволило повысить урожайность овощных культур на 25- 30%, и получать более ранний урожай. На площадях с использованием инновационных технологий выращивают различные сорта помидор, перца, огурцов, моркови и других овощей. Семена и удобрения в Агробизнес- центре предлагают в основном зарубежные компании: препараты из Германии и Франции, удобрения из Узбекистана и России.

Как показывают результаты анкетирования, мелким хозяйствам субсидии практически не выделяются, что требует разработки новых подходов к установлению предельных (минимальных) размеров крестьянских хозяйств, способных выращивать овощи в конкурентоспособных хозяйствах [9,10].

Обсуждение полученных данных

Анализ показал, что ведение сельскохозяйственного производства в мелких крестьянских хозяйствах сопряжено с большими рисками по поддержанию почвенного плодородия и эффективному использованию земель. К числу сдерживающих факторов ведения сельскохозяйственного производства на малых площадях следует отнести:

- низкий уровень технической вооруженности этих хозяйств, недостаток собственных оборотных средств для приобретения материально-технических ресурсов;
- применение ручного труда на основных производственных процессах (посадка саженцев, рассады, уборка урожая, что характеризуется низкой производительностью труда в этих отраслях;
- недоступность субсидий и кредитных ресурсов малым формам хозяйствования, всего 0,05% всего количества крестьянских хозяйств;
- низкий уровень товарности, из-за больших потерь продукции, особенно в овощеводстве;
- низкий удельный вес применения инновационных технологий в садоводстве и овощеводстве на орошаемых землях, вследствие чего наблюдается невысокий уровень урожайности;
- малые объемы производства сопровождаются низким уровнем использования пахотных земель.

Выводы

Оценка эффективности использования земель в мелких крестьянских хозяйствах плодовоовощной специализации с применением индексного метода позволила выделить

группы, которые могут выдержать достаточный уровень конкурентоспособности при условии применения инновационных технологий на орошаемых землях и увеличения мер государственной поддержки. В плодоводстве и овощеводстве на капельном орошении это могут быть площади землепользований с 30 га и более. Индекс конкурентоспособности в этих группах приближается к 1.

Как показал анализ, в группе хозяйств, с высоким уровнем урожайности, применяется интенсивная технология выращивания плодов, где применяется поверхностный полив, низкая урожайность – 17-19 т/га. Установлено, что в хозяйствах, с площадью интенсивных садов 50-70 га и углубленной специализацией уровень рентабельности в 1,2-1,4 раза выше, чем в мелких хозяйствах.

Основным критерием установления предельных (минимальных) размеров крестьянских хозяйств плодовоошной специализации является их годовой оборот – валовое производство продукции в денежном выражении в расчете на 100 га сельхозгодий (100 га пашни), размер рентного дохода, что определяет уровень конкурентоспособности. Главным условием функционирования этих хозяйств является преимущественно семейно-трудовая основа их организации с числом постоянных работников 4-10 человек и привлечением сезонных работников. Уровень конкурентоспособности хозяйства должен соответствовать следующему требованию - иметь законченный цикл производства продукции с минимальным набором сельскохозяйственной техники, капельного оборудования.

Список литературы

1. Данные Агентства РК по статистике по ф. 29 СХ, 1 СХ изучаемых районов (Талгарский, Енбекшиказахский, Алматинской области), 2019г.
2. Драгавцева И.А., Савин И.Ю., Моренец А.С., Ахматова З.П., Загиров Н.Г. Адаптация культуры абрикоса к условиям выращивания на юге России. // Садоводство и виноградарство. -2014. -№3. -С. 39-44.
3. Молжигитова Д.К., Методология механизма земельного оборота в экономике землеустройства. «Ізденістер, нәтижелер». Ғылыми журнал. -Алматы, 2019.-№2, 340-346.
4. Молжигитова Д.К., Рациональное использование сельскохозяйственных земель в Республике Казахстан. «Ізденістер, нәтижелер». Ғылыми журнал. -Алматы, 2019. Сборник материалов XXIII международной научно-практической конференции молодых ученых и студентов 26-27 апреля 2019 года.
5. Молжигитова Д.К., Жер ресурстарын басқаруды жетілдірудің мәселелері мен негізгі бағыттары. «Ізденістер, нәтижелер». Ғылыми журнал. -Алматы, 2018.-№3, 313-316.
6. Закон РК «О крестьянском и фермерском хозяйстве» от 24.03.2011 -№420-IV. adilet.zan.kz/rus/docs/Z980000214.
7. Рекомендации выращивания высокоплотных интенсивных садов яблони на клоновых подвоях на юге и на юго-востоке Казахстана. - Алматы: КазНИИПиВ, 2007 г. -20с.
8. Капельное орошение пасленовых овощных культур на юго-востоке Казахстана (томат, перец, баклажан). - Алматы: «КазНИИКиО».- 2014.-36 с.
9. Молдашев А.Б., Сабирова А.И. [и др.]. - Методические рекомендации по установлению предельных (минимальных) размеров крестьянских хозяйств плодовоошной специализации в южном регионе Казахстана. - Алматы: КазНИИ экономики АПК и развития сельских территорий, 2017. - 39 с.
10. Данные по хозяйствам, выращивающих овощи по интенсивной технологии на капельном орошении по проекту «Фермеры Чилика» с участием Фонда Местных Сообществ (ФМС) по оказанию мер поддержки, 2019 г.

ЖЕМІС ЖӘНЕ КӨКӨНІС САЛАСЫНДАҒЫ ШАҒЫН ШАРУАШЫЛЫҚ
ФОРМАЛАРЫНЫҢ ЖЕР ПАЙДАЛАНУЛАРЫН БАҒАЛАУ

Молжигитова Д.К.¹, Турганалиев С.Р.², Усенова А.Н.², Избасар Ж.Г.²,
Бисенгалиева Л.В.².

¹Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті,
²әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті., Алматы

Андатпа

Мақалада жеміс-көкөніс өсіру салаларында жерді пайдалануды зерттеу нәтижелері келтірілген. Оңтүстік Қазақстан аймақтары тұрғысынан шаруашылықтардың санаттары бойынша жеміс өсіруде жерді пайдалану құрылымына талдау жасалды, жеміс өсіру мен көкөніс өсіру өнеркәсібінің тиімділігінің есептік деңгейі жалпы және тауарлық өнім тұрғысынан анықталды. Алматы облысының Еңбекшіқазақ аймағында жемістер өсірудің интенсивті технологиясының әдісі, сонымен қатар инновациялық технологиялардың, әсіресе тамшылатып суару жүйесінің артықшылықтары қарастырылған.

Кілт сөздер: жерді бағалау, жемісөсіру, көкөнісөсіру, басқарутүрлері, тиімділік.

EVALUATION OF LAND USE BY SMALL FORMS OF ECONOMY
IN THE FRUIT AND VEGETABLE INDUSTRIES

Molzhigitova D.K.¹, Turganaliyev S.R.², Ussenova A.N.², Izbassar Zh.G.², Bissengaliyeva L.V.².

¹Kazakh National Agrarian Research University,
²Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan

Abstract

The article presents the results of a study of land use in the branches of fruit and vegetable growing. The analysis of the structure of land use in fruit growing by categories of farms in the context of regions of South Kazakhstan was carried out, the estimated level of efficiency of the fruit growing and vegetable growing industry was determined in terms of gross and marketable output. The method of intensive technology for growing fruits in the Enbekshikazakh district of the Almaty region, as well as the advantages of innovative technologies, especially the drip irrigation system, are considered.

Key words: land assessment, fruit growing, vegetable growing, forms of management, efficiency.

ӘОЖ 630.2:633.873.43:676.032.13 (574.51)

«НАРЫНҚОЛ ОРМАН ШАРУАШЫЛЫҒЫ» КММ АУМАҒЫНДАҒЫ ЯРМОЛЕНКО
ҚАЙЫҢЫ МЕН ШРЕНК ШЫРШАСЫ АЛҚААҒАШТАРЫНЫҢ САНИТАРЛЫҚ
ЖАҒДАЙЛАРЫ

Рақымбеков Ж.К.¹, Мухамадиев Н.С.²

¹Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті,
²Ж. Жиёмбаев атындағы Қазақ өсімдік қорғау және карантин
ғылыми-зерттеу институты

Андатпа

Қазақстандағы орманшылықтың дамуына тек антропогендік факторлар (өрттер, заңсыз ағаш кесу және т.б.) ғана емес, сонымен қатар табиғи жағдайлардың өзгеруіне себеп

болатын факторлар мысалы, аурулар эпифитотии немесе орман массивтерін толықтай деградацияға ұшырата алатын қауіпті және карантинді орман зиянкестері ошақтарының пайда болуы мен жаппай көбейуі кедергі келтіреді. Осыған орай орманпатологиялық мониторинг бойынша зерттеулер жүргізу мен орманды зиянкестерден қорғау шараларының жоғары ғылыми-әдістемелік деңгейде орындалуын қажет етеді.

Жұмыстың мақсаты – Алматы облысы «Нарынқол орман шаруашылығы» КММ аумағындағы Шренк шыршасы мен Ярмоленко қайыңы алқаағаштарының орманпатологиялық жағдайын бағалау.

Мақалада «Нарынқол орман шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі аумағындағы Шренк шыршасы мен Ярмоленко қайыңы алқаағаштарының орман патологиялық жағдайын зерттеу нәтижелері келтірілген. Зерттеуді жүргізу мақсатында мониторингтік алаңдар салынды және әр алаң бойынша ағаш жасын морфологиялық белгілерін, зиянкестердің қоныстануын ескере отырып ағаштың жағдайы толық сипатталған карточка толтырылады, сонымен қатар онда тұқымдас, ағаш диаметрі, биіктігі, жасы, санитарлық жағдайы, зиянкестер мен аурулардың негізгі түрлері көрсетіледі.

Кілт сөздер: Шренк шыршасы, Ярмоленко қайыңы, мониторинг, феромон, орман-патологиясы, зиянкес, ауру.

Кіріспе

Қайың ормандары алып жатқан аумағы бойынша балқарағай мен кәдімгі қарағайдан кейінгі үшінші орынды иемденеді және негізгі орман құраушы ағаштар қатарына жатады. Морфологиялық белгілері мен шаруашылыққа құнды белгілері бойынша олардың түрлері мен формалары сан-алуан болып келеді. Орманды белдеулерде қабығы ақ биік діңді түрлері басым болса, Қиыр Шығыста күңгірт түсті жолақ тәрізді қабыршықтанған қабықтары бар түрлері кеңінен таралған, ал Орта Азия, Кавказ және Алтай тауларында аласа діңді, сұр немесе қызғылт түсті қабықты түрлері кездеседі.

Қайыңның құндылығы оның әмбебаптығымен, төзімділігімен, әртүрлі орманөсімдік жағдайларында өсіп-дамуға бейімділік қабілетімен анықталады. Ол өндірістің түрлі салаларын шикізатпен қамтамасыз ете алады, тіпті қайыңның барлық бөлігі – бүршіктері, өркендері, жапырақтары, қабығы, шырыны мен сүрегі ерте кезден адам үшін таптырмайтын шикізат көзі болған [1].

Қазақстандағы қайың ормандары суқорғауда және топыраққорғауда зор маңызға ие, орналасқан аудандарда қоршаған ортаға жағымды әсер етеді, ауаның емдік қасиетін молықтырады.

Қайың ормандары мен тоғайларын қорғау мақсатында ғалым-орманшылар оны табиғи жаңартудағы түрлі мәселелермен шұғылдануда, селекциялық іріктеп алу әдістемелері, тұқым шаруашылығын ұйымдастыру, орман питомниктері мен орман екпелерінде қайыңды өсірудің агротехникалық шараларын құрстыру мақсатында көптеген жұмыстар атқарылуда.

Қазақстан аумағында қайыңның 15 жабайы және 9 интродуцент түрлері өседі [2]. Жабайы өсетін бірнеше түрі Қазақстанның қызыл кітабына енгізілген, олар: Талас қайыңы, Қырғыз қайыңы және Ярмоленко қайыңы [3].

Ярмоленко қайыңы аз ғана ауданды қамтиды, сол себептеп көңіл аударып, қорғауды өте қажет етеді. Менің зерттеу жұмысыма негіз болып отырған Ярмоленко қайыңы орман массивтері негізінен Алматы облысы Райымбек ауданындағы Байынқол, Текес және Қақпақ өзендерінің Нарынқол ауылы іргесіне жақын аңғарларын бойлай таралған.

Елді мекендер мен жол тораптарының орман массивтеріне жақын орналасуы, оларды үй жануарларының жайылымы мен рекреациялық мақсаттарда ретсіз пайдалануға үлкен мүмкіндік жасап отыр. Бұл өз кезегінде, қайың орманындағы табиғи жаңару үдерісіне кері әсерін тигізеді. Сонымен бірге, қайың сүрегі жылу энергиясы үшін бағалы шикізат болып саналады. Осыған байланысты, отын ретінде заңсыз кесу қауіпі төніп тұр. «Нарынқол орман шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі қайың ормандарын қорғауда қарқынды

жұмыс атқаруда. Дегенмен, қайың ормандарын болашақ ұрпаққа аманат ету үшін, оны қорғау мен көбейтуге бағытталған кешенді зерттеу жұмыстарын жүргізу қажет.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Орманпатологиялық мониторингті орындау жұмыстары барысында орманпатологиясы мен орман қорғаудағы жалпыға бірдей қабылданған әдістерді басшылыққа алдық.

Тексеру басталар алдында «Нарынқол орман шаруашылығы» КММ басшылығымен сүрекдіңдердің жағдайын бағалауға бағытталған мониторингтік алаңдарды салуға қатысты жоспарды алдын-ала талқылау және келісу жүргізілді.

Алаңдар орман шаруашылығы коммуналдық мемлекеттік мекемесі орманшыларының ұсыныстары бойынша, зиянкестер мен аурулар таралған алқаптар мен ошақтарының негізгі орындарында салынды.

Алдын-ала және алқағаштарды егжей-тегжейлі тексеру нәтижелері бойынша мониторингтік алаңдарды орналастыру орындары анықталды. Тексеру бағыттары орман жолдары, соқпақтар, өзендер сияқты табиғи ориентирлерге байланып, GPS компас бойынша алаңшалар орындары белгіленді.

Зиянкестер мен аурулардың түрлік құрамын анықтауға мониторинг жүргізу үшін Е.Г.Мозолева «Орман аурулары мен дің зиянкестері ошағындағы орманпатологиялық зерттеулер әдістері» бойынша 3 уақытша мониторингтік алаңдар салынды.

Мониторинг алаңшасындағы зерттеу жұмыстары барысында мынадай деректер анықталды: алқағаштар жағдайының санаты; зиянкестер мен аурулардың таралу ерекшеліктері көрсетілген түрлік құрамы; ошақтардың болуы; сүрекдіңнің аурулармен зақымдану дәрежесі; зиянкестермен қоныстануы (сыртқы белгілері бойынша); қажетті орман қорғау іс-шаралары және т.б.

Учаскелердің карталарымен және таксациялық сипаттамаларымен алдын ала танысып, мониторингтік алаңдарын салатын орман учаскелері анықталды және олардың координаттары белгіленді.

Егжей-тегжейлі тексеру барысында сүрекдіңдердің әлсіреу (зақымдану) себептері, зақымданған учаскелердің ауданы, зиянкестер қоныстанған ағаштардың үлесі және олардың ішіндегі ең басты түрлік құрамдары нақтыланды. Мониторингтік алаңдарда алқағаштардың әлсіреу дәрежесі 6 баллдық шкала бойынша анықталды [4].

Жәндіктерді жинау және санын есепке алу энтомология мен орман патологиясында қолданылатын стандартты әдістемелермен жүзеге асырылды.

Ксилофильді қатты қанаттылардың сирек түрлерін тиімді анықтау үшін мониторингтік учаскелерде әртүрлі жерлерде орнатылған терезелі ұстағыштары пайдаланылды. Анықталған тұзақтар зерттелетін кезең ішінде (маусым мен қыркүйек аралығында) тексерілді, бұл ксилофильді жәндіктердің жаз мерзімі мен фенологиясы бойынша басым деректерді алуға мүмкіндік берді. Бұл тұзақтардың артықшылығы олар тек қабықжегіштер ғана емес, сонымен қатар қолмен жинау кезінде зерттеу қиын барлық қауымдастырылған фаунаны да анықтайды, сондай-ақ энтомобиотты сандық сипаттауға мүмкіндік береді.

Зиянды ағзалардың түрлік құрамын зерттеу орман зиянкестері мен ауруларының мониторингі әдістеріне сәйкес жүргізілді.

Жұлдызқұрт саны оларды бұтақтың 1 қума метріндегі санын есептеумен анықталады. Бұл ретте әр кезде бірдей тұқымның 5-10 модельдік ағаштары қарастырылады. Әрбір ағашта есеп 8 бұтақта (жоғарғы және төменгі қабатта 4 бұтақтан) жүргізіледі [5].

Егер есептік тармақты жерден қиып алу мүмкін болмаса және желекке көтеру талап етілсе, онда бірінші реттегі ұшар басының ортасынан диаметрі 5 см-ден аспайтын бірінші реттегі бір модельді бұтақ немесе екінші реттегі модельді бұтақ алынады (егер бірінші реттегі модельді бұтақ диаметрі 5 см-ден асатын болса). Жәндіктерді бұтақтарға санау уақытын қысқарту үшін сандық интегралдау әдісі қолданылды, мысалы квадраттық формуласы бойынша. Осы мақсат үшін бұтақтың тірі бөлігі ұзындығы бойынша екі немесе үш тең бөлікке бөлінеді. Әрбір бөліктің ортасында бұтақтың ұзындығына байланысты 20-дан

50 см-ге дейінгі қабат кесіледі. Осы қабатқа түскен бұтақтардың элементтерінде зиянкестердің саны есептеледі. Жүргізілген есептеулер нәтижесінде бір бұтақта немесе ағашта зиянкестердің саны немесе тығыздығы анықталады [6].

Топырақта, төсеніште қыстайтын немесе түскен қылқандарда және жапырақтардағы кеміргіш жәндіктерді есепке алу сынақ алаңдарында (0,5; 0,25м²) жүзеге асырылады. Зиянкестердің орташа тығыздығын сынау алаңына анықтап, нәтиже 1м²-ге ауыстырылады [7].

Негізгі зерттеу нәтижелері

«Нарынқол орман шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде негізгі орман құраушы ағаштар таулы бөлігінде – Шренк шыршасы, өзен жағалауында Ярмоленко қайыңы, тал, шырғанақ.

Зерттеу жұмыстарының нәтижесіне сәйкес орман шаруашылығының таулы бөлігі мониторинг алаңшаларындағы негізгі орман құраушы алқағаш орташа биіктіктері 25-30м, орташа диаметрі 50-60см құрайтын 70-80 жастағы Шренк шыршасы. Орташа бонитеті 3, орташа толымдылық 0,5. Орман астарында талдар (*S. niedzwieckii Gorz*), тянь-шань шетені (*Sorbus tianschanica Rupr.*), итмұрын (*Rosa dscharkenti Chrshan.*), ұшқат (*Lonicera albertii Rgl.*, *L. Tatarica*) Травяной покров разнообразный.

Орман шаруашылығының аумағындағы негізгі Байынқол, Қақпақ, Текес өзендері аңғарларындағы негізгі орман құраушы ағаш Ярмоленко қайыңы болып табылады. Қайыңдар әдетте биіктіктері 4-6м-ден 8-13 м-ге жетеді, басымбөлігінің діңдері иректелген және көпдінді, орташа диаметрі 12-38 см. Орман сыртында орналасқан жекелеген ағаштардың диаметрі 53 см-ге жетеді. Желектердің толымдылығы 0,5-0,6 аспайды. Сүрекдіндердің бір бірінен ара-қашықтығы 2-3м құрайды. Орман астарында 15 түрлі бұталар кездеседі, олардың ішінде көп кездесетіндері: талдар (*Salix caesia Vill.*, *S. tenuijulis Ledeb.*, *S. wilhelmsiana M. B.*, *S. niedzwieckii Gorz*), ұшқаттар (*Lonicera albertii Rgl.*, *L. tatarica L.*, *L. stenantha Pojark.*, *L. hispida Pall.*), итмұрын (*Rosa dscharkenti Chrshan.*), бөріқарақат (*Berberis heteropoda Schrenk*) қараған (*Caragana aurantiaca Koehne*), шырғанақ (*Hippophae rhamnoides L.*), мирикария (*Myricaria squamosa Desv.*) және арша (*Juniperus sabina L.*). орман астарының толымдылығы 0,5-0,8. Шөп жамылғысы алуан түрлі. Топырағы шалғынды-сазды; 40см дейінгі биіктіктегі төбешіктер көптеп кездеседі, биік таулы қияқшөп түрлері таралған: *Carex melanantha C. A. M.*, *C. orbicularis Boott*, *C. philocrena V. Krecz.*, *C. stenocarpa Turcz. ex Bess.*

Зиянкес жәндіктерді есепке алғанда энтомофагтарды да ескеру қажет. Сонымен қатар, мониторингтік алаңшаларда зиянкестер мен аурулар үлгілері жиналып алынды. Тоғай ормандарында да аурулардың таралу дәрежесін анықтау мақсатында өсімдіктердің зақымдалған бөліктері үлгілері – жапырақтар мен бұтақтар алынды. Жиналып алынған үлгілер арнайы гербарилік папкаларға салынып, бөлме температурасында кептірілді. Түрлі орман типтері бойынша доминантты зиянкес жәндіктер түрлерін анықтау үшін әр мониторингтік алаңшаларда терезелі тұзақтар орнатылды. Жұмысты орындау барысында әр мониторингтік алаңшалар үшін карточка толтырылды. Карточкада келесідей мәліметтер келтіріледі: ағаш түрі, жасы, биіктігі, діңінің жуандығы, желегінің диаметрі, жалпыға бірдей қабылданған әдістемеге сәйкес санитарлық жағдайы, қоныстанған зиянкестер түрлері, аурулар түрлері, алаңшаның орналасқан координаты, орманшылық. Алынған орташа мәліметтер әр орманшылық, орамдар мен телім бойынша кестеде (1-кесте) келтірілген.

1-кесте—«Нарынқол орман шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі орманшылықтарында салынған мониторингтік алаңшалардағы алқағаштардың орманпотологиялық жағдайы

р/с	Орманшылық	Орам, телім	Ағаштар жағдайының санаты, %				Сақталған ағаштар, %	Ағаштардың жалпы саны, дана	Қурауға жақын ағаштар %
			I	II	III	IV			
1	Байынқол	орам 46,	-	10	41	14	65	110	35

		телім 4							
2	Текес	орам 50, телім 87	-	9	48	7	64	111	36
3	Сарыжаз	орам 16, телім 65	-	11	43	19	73	100	27

Бітелер мен херместер қылқаннан, өркендерден, бұтақтардан діңнен, тіпті тамырдан да шырын сорады және денесі шағын болғандықтан көзге байқалмайды. Оларды тек өздерінің денелерінен бөлінген қылқан, өркендер мен бұтақтарды жауып тұратын жабысқақ шырыштан немесе галлалардың түзілуінен байқауға болады. Зақымдалған ескі қылқанда алдымен сарғыш дақ пайда болып, артынша тотқа және қылқан шюттесіне ұласады, кейіннен қылқан түсіп қалады. Аурудың таралуы іс жүзінде барлық жерлерде деп айтуға болады, кейбір жағдайларда 70-80%-ға дейін жетеді, ал залал мөлшері орташа 25-37%-ды құрады. Аурудың көрінісі маусым айында байқалады, содан кейін біртіндеп зақымдалған бұтақтар түсіп, жаңа өркендермен жабылады. Учаскелерде аурулардың ішінде тамыр мен өзек шіріктері жиі кездеседі, олар жүз жастағы екпелерде ағаштардың 28-38%-да көрінеді. Ағаштар қурап, құлағаннан кейін 3-6 айдың ішінде қабық жегіш жәндіктер қоныстанады, олардың негізгі кең тараған түрлері сүгендер, мүйізтұмсық қоңыздар, Гаузер қабықжегіші, граверлер және басқалар. Бұл зиянкестер біртіндеп жақын маңдағы ағаштарға қоныс аудара бастайды. Осы ксилофагтармен алқаағаштардың белгілі бір дәрежеде қоныстануына қарамастан, олар ағаштардың қурауына айтарлықтай әсер етпегенін атап өткен жөн. Жекелеген ағаштарда көрінетін зиянкестердің залалдылығын талдау бізге осы мекеменің ормандарының жалпы санитарлық жағдайы толығымен қанағаттанарлық деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Дегенмен, ормандардың орман патологиялық жағдайын жақсарту үшін құстарға ұя салуға, ремездік учаскелер құруға және басқа да әдістерге негізделетін биологиялық бағыттағы бірқатар іс-шаралар жүргізу қажет.

Алынған мәліметтерді талқылау


«Нарынқол орман шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі аумағындағы алқаағаштардың орманпатологиялық жағдайын талдау шырша хермесі, шырша бітесі, Гаузер қабықжегіші және т.б. зиянкестердің тұрақты ошақтары бар екендігін көрсетті (**2-кесте**). Көрсетілген кейбір зиянкестер тек жекелеген ағаштарда 18,5-27,5% таралған (**1-сурет**). Тамыр мен өзек шіріктері негізінен үлкен жастағы ағаштарда және ылғалдылығы жоғары учаскелерде байқалып, зиянкестермен қоныстану дәрежесі 23,0%-ды құрады. Өзек және тамыр шіріктері өз кезегінде ағаштарға сүгендер, мүйізқұйрықтар, Гаузер қабықжегіші, граверлер тектес зиянкестердің қоныстануына белгілі дәрежеде әсер ететіндігін айта кеткен жөн. Жекелеген ағаштардың тот ауруымен зақымдалу дәрежесі 23,0%-ды құрайды (**2-сурет**).

2-кесте – Зиянкестер мен аурулардың басым түрлері, олардың ағаш түрлерінде таралуы мен қоныстану дәрежесі

Орам, телім	Ағаш түрі	Зиянды ағзалардың түрлік құрамы және зиянкестердің таралуы мен аурулардың ағаштарға қоныстануының орташа дәрежесі			
		Зиянкестер		Аурулар	
		зиянкес түрі	таралуы, %	ауру атауы	қоныстану дәрежесі, %
Байынқол орманшылығы					
орам 46, телім 4	Ярмоленко қайыңы	- миналаушы көбелек	27,5	-сұр дақтанулар	23,0
		- егеуіштер	21,0		
		- қайыңның шелқабық жегіші	26,5	-сүрек шіріктері	23,0
		-сырға қандаласы	34,0		

Текес орманшылығы					
орам 50, телім 87	Шренк шыршасы	-шырша хермесі,	27,5	-кылқан тоты	23,0
		-шырша бітесі,	21,0	-өзек шірігі	23,0
		-Гаузер қабықжегіші,	26,5	-тамыр шірігі	23,0
		-шырша сүгені,	24,5		
		-күлгін мүйізқұйрық	23,0		
Сарыжаз орманшылығы					
орам 16, телім 65	Шренк шыршасы	-шырша хермесі,	18,5	-кылқан тоты	23,0
		-шырша бітесі,	12,5	-өзек шірігі	24,0
		-Гаузер қабықжегіші,	27,0	-тамыр шірігі	23,5
		-шырша сүгені,	25,0		
		-күлгін мүйізқұйрық	23,5		

Зақымдалу сипатында зиянкестердің түрлеріне байланысты өзіндік ерекшеліктердің болатындығы да анықталып отыр. Мысалы, шырша херместері ағаш діндерінде шор тәрізді өскіндер қалыптастырады.



1-урет. Орманшылықтардағы алқағаштар зиянкестерінің түрлері және олардың таралуы

1-суреттен көріп отырғанымыздай, Байынқол орманшылығындағы Байынқол, Текес және Қақпақ өзендерінің жағалауындағы мониторинг алаңшасындағы негізгі орман құраушы ағаш – Ярмоленко қайыңы болып саналады. Зерттеу нәтижесіне сәйкес қайың алқағаштарында егеуіштердің таралу дәрежесі 21%-ды құрап отырса, сырға қандалаларының таралуы жоғарғы дәрежеде - 34%-ды көрсетіп отыр.

Текес және Сарыжаз орманшылықтары таулы бөлікті қамтығандықтан бұнда негізгі орман құраушы ағаш – Шренк шыршасы. Сол себептен зиянкес түрлері ұқсас болып келеді.

Шырша бітесінің зақымдауынан саңырауқұлақ және бактериялық аурулардың таралуына себеп болады, яғни жас қылқандардың шырша бітесі зақымдаған жерлеріне саңырауқұлақтар мен бактериялар пайда болады. Қабықжегіштер мен сүгендер әдетте жаңа құлаған және құрап тұрған ағаштарға шабуылдайды. Берілген мәліметтерді ескере отырып, аталған зиянкестер айтарлықтай зиянын тигізе алмайды және зерттеліп отырған «Нарынқол орман шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі аумағындағы олардың саны көп емес деп айтуға болады.



2-сурет. Орманшылықтардағы алқағаштар ауруларының түрлері және олардың қоныстану дәрежесі

Зерттеу нәтижесіне сәйкес 2-суреттен орманшылықтар бойынша орманқұраушы ағаштардағы аурулар түрінің қоныстану дәрежесінің деңгейін байқауға болады. Ярмоленко қайыңы алқағаштарында көп тараған ауру түрлері: сұр дақтанулар мен сүрек шіріктері және олардың қоныстану дәрежесі бір деңгейде, яғни – 23,0%. Ал Шренк шыршасы ормандарындағы ауру түрлері: қылқан тоты, өзек шірігі, тамыр шірігі және олардың ішінде өзек шірігі Сарыжаз орманшылығы аумағындағы мониторинг алаңында басым екенін анықтап отырмыз.

Зиянкестер мен аурулардың таралу дәрежесі туралы алынған деректерді талдау зерттелген учаскелердің орман патологиялық жағдайының толығымен қанағаттанарлық екендігін көрсетеді. Дегенмен, зиянды ағзалардың жаппай таралуын болдырмау үшін алдын-алу және қорғау (биологиялық) шараларын ұйымдастыру мәселесі өзекті болып қала береді.

Қорытынды

Қазіргі уақытта таулы ормандар бірқатар себептерге байланысты едәуір дәрежеде деградацияға ұшыраған. Ормандардың осындай жай-күйін айқындайтын құбылыстардың бірі антропогендік фактор болып табылады, ол биоценоздарда зиянкестер мен аурулардың жаппай дамуына себепші болады, соның салдарынан ормандардың фитосанитариялық жағдайының едәуір нашарлауына әкеп соғады. Сол себептен орман қоры аумағын пайдалану ережелерін қатаң сақтай отырып, орман шаруашылық шараларының уақытылы орындалуын басты назарға алу қажет.

Зерттеу нысаны «Нарынқол орман шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі аумағында негізгі орман құраушы Шренк шыршасы (*Picea schrenkiana* Fisch. et Mey.), Ярмоленко қайыңы (*Betula Jarmolenkoana* Golosk.) және басқа да ағаш-бұталы өсімдіктер болып табылды.

Егжей-тегжейлі орманпатологиялық зерттеу нәтижелері таулы ормандар аумағында зерттелген ағаш түрлерінің барлығы дерлік салыстырмалы түрде әлсіреген екендігін айқындады. Ағаштардың орташа жас класы 5, 6-класс санатын көрсетті. Жалпы алқағаштар пісіп жетілген жас тобына жатқызылады, бірақ қартайған жас тобындағы ағаштар да кездеседі. Бұл ормандардың барлық жерлерінде ағаштардың жапырақжегіш және дің зиянкестерімен зақымдалып, әр түрлі ауруларға шалдыққанын байқауға болады. Осы себептерге байланысты биологиялық, абиотикалық және антропогендік факторлардың әсерінен мұндай алқағаштар біртіндеп қурайды, олардың арасында фитофагтар мен әртүрлі аурулар ормандардың жағдайына айтарлықтай теріс әсер етеді. Ормандардың орманпатологиялық жағдайларына теріс әсер ететін зиянды ағзалардың басым түрлері Шренк шыршасында: шырша хермесі (*Chermes abietis*), шырша бітесі (*Elatobium abietinum*), Граузер қабықжегіші (*Ips hauseri* Reitt.), шырша сүгені (*Monochamus sutor*), күлгін мүйізқұйрық (*Sirex*

noctilio), қылқан тоты (*Coleosporium*) [8]; талда: қабықжегіш (*Chrysomelidae*), берішкене (*Eriophyoidea*), сүректескіштер (*Cossus*); Ярмоленко қайыңында: қайыңның үлкен егеуіші (*Cimbex femoratus*), тау шыбыны (*Agromyzidae*) сырға қандаласы (*Kleidocerys resedae*).

Бұл аталған зиянды жәндіктер мен аурулардың көбею ошақтары оқтын-оқтын пайда болып, орман алқаағаштарына айтарлықтай зиян келтіруі мүмкін. Осындай ошақтарды уақтылы анықтау және олардың жаппай таралуына жол бермеу мақсатында тұрақты мониторинг пен алдын-алу іс-шараларын жүргізу маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Бұл тұрғыда олардың биологиялық бағыттылығын көздейтін қорғау шараларының кешенін әзірлеу, ол тұрақты мониторинг жүргізуді, ормандардың пайдалы фаунасына селективті әсер ететін (уыттылығы аз немесе мүлде қауіпсіз) биопрепараттар мен биоинсектицидтерді қолдануды және ормандарда ремезді учаскелерді құруды қамтиды. Осы міндеттерді шешуде зиянды жәндіктер популяциясының азаюын қамтамасыз ететін ормандарда арнайы орман шаруашылығы және алдын-алу шараларын үнемі жүргізу қажеттілігі маңызды рөл атқарады. Оларға тұрақты феромонитинг жасау, санитарлық кесу жүргізу, тосқауыл белдеулерін пайдалану, кейбір зиянкестерге қарсы феромон тұзақтарын пайдалану, зиянды жәндіктермен қоректенетін құстарын өсіру сияқты зиянкестер популяциясының төмендеуін қамтамасыз ететін факторлар жатады.

Әдебиеттер тізімі

1. Феклистов П.А. Амосова И.Б. Морфолого-физиологические и экологические особенности березы повислой (*Betula pendula* Roth.) в таежной зоне: монография. Сев. (Арктич.) федер. ун-т им. М.В. Ломоносова. – Архангельск: ИПЦ САФУ, 2013. – 214с.
2. Ракымбеков Ж.К., Мухамадиев Н.С., Каспакбаев Е.М. Лесопатологическое состояние насаждений березы Ярмоленко и ели Шренка в КГУ «Нарынкольское лесное хозяйство» // «Ізденістер, нәтижелер – Исследования, результаты». -2020.-№6. - С. 202-208
3. Ракымбеков Ж.К., Байзаков С.Б. Ярмоленко қайыңының биометриялық көрсеткіштерін талдау // Қазақстанда орман шаруашылығының жоғары білімді мамандарын даярлауға 70 жыл толуына арналған «Орман кешенін тұрақты дамытудың өзекті мәселелері» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы. – Алматы. -II-том. -2018. -305-310 б.
4. Звягинцев В.Б. [и др.] Защита леса: учеб.-метод. Пособие. – Минск: БГТУ, 2019. – 164 с.
5. Болат Ж., Мухамадиев Н.С., Ашиқбаев Н.Ж., Меңдібаева Г.Ж. Лесопатологическое состояние и перспективы защиты леса зеленой зоны г. Астаны // «Ізденістер, нәтижелер – Исследования, результаты». -2018.-№2(78).-С. 208-220.
6. Селиховкин, А. В. [и др.]. Лесная энтомология и беспозвоночные: учебное пособие. – Санкт-Петербург: СПбГЛТУ, 2019 – 24 с.
7. Мухамадиев Н., Ашиқбаев Н., Дүйсембеков Б., Успанов А., Лукина А., Куштанов Б. Насекомые-ксилофаги – основные объекты для изучения биоразнообразия и распространения патогенов в урочище Медеу // Матер. межд. молодежной конф. «Инфекционная патология членистоногих». – Спб.: ИСиЭЖ, ВИЗР. - 2012. - С. 46-47.
8. Исмұхамбетов Ж.Д., Мұхамадиев Н., Дүйсембеков Б. Тянь-Шаньның шыршалы ормандарының карантиндік зиянкестері // «Жаршы». - 2012. - №6. - Б.13-16.

САНИТАРНОЕ СОСТОЯНИЕ НАСАЖДЕНИИ БЕРЕЗЫ ЯРМОЛЕНКО И
ЕЛИ ШРЕНКА В КГУ «НАРЫНКОЛЬСКОЕ ЛЕСНОЕ ХОЗЯЙСТВО»

Ракымбеков Ж.К.,¹ Мухамадиев Н.С.²

¹*Казахский национальный аграрный исследовательский университет,*

²*Казахский научно-исследовательский институт защиты и карантина растений
им. Ж. Жиёмбаева*

Аннотация

На развития лесоводства в Казахстане негативное воздействие оказывают не только отрицательные антропогенные факторы (пожары, незаконные рубки и т.д.), но и некоторые изменяющиеся природные биологические условия, например, эпифитотии болезней или вспышки массовых размножений опасных и карантинных вредителей леса, нашествие которых ставит под угрозу полную деградацию лесных массивов. В этой связи исследования по лесопатологическому мониторингу и проведение лесозащитных мероприятий обуславливает необходимость их проведения на высоком научно-методическом уровне.

Цель работы – оценить современное лесопатологическое состояние насаждений ели Шренка и березы Ярмоленко в горных лесах КГУ «Нарынокольское лесное хозяйство» Алматинской области.

В статье приведены результаты обследования лесопатологических состояний лесных насаждений на территории коммунального государственного учреждения «Нарынокольское лесное хозяйство». Для проведения обследований заложены временные мониторинговые площади и на каждую площадь устанавливали феромонные ловушки барьерного типа для сбора насекомых-вредителей, составлялись карточки с полным описанием состояния деревьев с учетом возраста, морфологических показателей, заселенности доминантными видами вредителей, кроме того указывается порода, диаметр, высота, возраст дерева, санитарное состояние, основные виды вредителей и болезней.

Ключевые слова: ель Шренка, береза Ярмоленко, мониторинг, феромон, лесопатология, вредитель, болезнь.

SANITARY CONDITION OF PLANTING OF YARMOLENKO BIRCH AND
SCHRENK SPRUCE IN CSU «NARYNKOL FORESTRY»

Rakymbekov Zh.K.¹, Mukhamadiyev N.S.²

¹*Kazakh National Agrarian Research University,*

²*Kazakh Research Institute of Plant Protection and Quarantine named after Zh. Zhiyembaev*

Abstract

Forestry development in Kazakhstan is negatively affected not only by negative anthropogenic factors (fires, windfalls, etc.), but also by some changing natural biological conditions, for example, epiphytotic diseases or outbreaks of mass reproduction of dangerous and quarantine forest pests, the invasion of which threatens the complete degradation of forests. In this regard, research on lepatopathological monitoring and forest protection measures necessitates their implementation at a high scientific and methodological level.

The purpose of the work is to assess the current forest pathological state of Schrenk spruce and Yarmolenko birch plantations at MGA «Narynkol forestry» of the Almaty region.

The article presents the results of forest pathological examination of forest plantations in the territory of the MGA «Narynkol forestry». To conduct the surveys, monitoring areas were laid down and cards were compiled for each area with a complete description of the state of the trees,

taking into account age, morphological indicators, population with dominant pests, and tree species; diameter, height, age of the tree, sanitary condition, the main types of pests and diseases.

Key words: Schrenk spruce, Yarmolenko birch, monitoring, pheromone, forest pathology, pest, disease.

ӘОЖ 502.4:598. 916.3 (574.51)

**«ШАРЫН» МЕМЛЕКЕТТІК ҰЛТТЫҚ ТАБИҒИ ПАРКІНДЕГІ БҮРКІТТІҢ
(AQUILA CHRYSAETOS) САНДЫҚ ДИНАМИКАСЫ**

**Шыныбеков М.К.¹, Каспакбаев Е.М.², Нысанбаева Г.Н.³,
Нурғалиев А.Е.³, Кыдыров Т.Н.¹.**

¹Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті,
²М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті,
³«Шарын» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі

Аңдатпа

Мақалада «Шарын» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінде мекендейтін бүркіттерді есепке алу әдістері, далалық есепке алу жұмыстары, есептік ақпарат жазбасы, санын есептеу тәртібі сипатталған. 2011-2020 жылдар аралығындағы анықталған бүркіт туралы мәліметтер мен бүркіттердің салыстырмалы сандық көрсеткіші келтірілді. «Шарын» мемлекеттік ұлттық табиғи паркіндегі бүркіттердің сандық динамикасы тұрақты екендігі анықталды.

Кілт сөздер: бүркіт, мемлекеттік ұлттық табиғи паркі, есепке алу әдістері, сандық динамика, есепке алу тобы.

Кіріспе

Қазақстанның табиғаты өзінің қайталанбастығымен және ландшафтарының көп қырлылығымен тартымды. Оның әр бұрышы өзіндік ерекшелігі бар. Алматы облысына келетін болсақ, мұнда республиканың барлық табиғи аймақтары – жазықтағы құмды шөлдерден бастап, таулы аймақтың биік шыңы мәңгілік мұздақтарға дейін көрініс тапқан. Бұл ит тұмсығы өтпейтін шілік тоғайлар, таулы ормандар және жазық шөлейт аймақтың ормандары [1]. Шарын мемлекеттік ұлттық табиғи паркі аумағындағы жануарлар дүниесінің биологиялық алуантүрлілігі түр құрамының жоғарғы деңгейін көрсетеді. Әсіресе сүтқоректілер мен құстарға өте бай.

Құстар – парк аумағын жыл маусымына байланысты мекендейтін омыртқалы жануарлар ішіндегі жалғыз класс: жазғы маусым – көбею кезеңінде мекендейтін құстар қыста оңтүстікке ұшып кетеді, ал көктем мен күз мезгіліндегі миграция кезінде парк аумағы арқылы ұшып өтетін құстардың ондаған түрі бар. Алматы облысында ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың бірі - мемлекеттік ұлттық табиғи парктер болып табылады, олардың облыстағы саны – 5 [2]. Шарын мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің аумағы орнитофаунасының жазғы аспекті – 130 түрден тұрады, яғни Қазақстанда ұя салатын құстардың 30%-ын құрайды. Жалпы, жыл бойына парк аумағында 236 түрлі құстарды кездестіруге болады (Қазақстан орнитофаунасының 48,1%), оның ішінде Қызыл кітапқа енгені – 22 түр, яғни Қызыл кітапқа кірген құстар санының 39,2%-ын құрайды. Шарын мемлекеттік ұлттық табиғи паркі жалпы 34 түрлі сүтқоректі мекендейді, оның ішінде ҚР Қызыл кітабына енгені – 4.

Бүркіт (Aquila chrysaetos) – өте ірі (қанатының құлашы 225 см, салмағы 6 кг) қыран. Қауырсынының түсі қоңыр, басы мен мойнының төменгі жағын жалтыраған ұшталған қауырсындар әшекейлейді. Балапандарының құйрығының түбі мен саусақ қауырсындары ақ

түсті, бірақ есейе келе ақ түсі жоғалады [3]. Төртінші жылы ғана ересек бүркітке айналады, осыған дейін жас құстар қоныс аудара береді. Сондықтан оларды Қазақстанның кез келген жерінен кездестіруге болады. Көп жерде ұялайды, бірақ өте сирек. Ағаштар мен құзда салған ұясын бірнеше жыл пайдаланады. 1-2 күңгірт ақ түсті қоңыр дақты жұмыртқаларын аналығы бір жарым ай басады. Аталығы оған жем тасиды және балапандарын асырайды. Ересектері балапандарына ұзақ уақыт қамқор болады, тек қыста ғана ажырайды. Бүркіт – нағыз аңшы құс. Ол суыр, қоян, сарышұнақ және басқа ірі кеміргіштерді, сонымен қатар кекілік, ұлар, т.б. ұстайды. Өлекселерден де жиренбейді. Бүркіттің аң аулау дағдылары біздің елімізде ежелден қолданылып келеді. Бұл күшті де тәкаппар құсты аң аулауға үйрететін бүркітшілер мектебі бар. Негізінен бүркіттермен қоян, түлкі аулайды, жақсы үйретілген бүркіт қасқырды да алады. Бүркіт – күшті, әрі әдемі құс, ол – біздің еліміздің белгілерінің бірі [4].

Ресей мен Қазақстанда бүркіт федералды және аймақтық Қызыл кітаптарға енгізілген, онда сирек кездесетін түрлер мәртебесі бар (III санат) [5, 6, 7, 8]. Белоруссия, Латвия, Литва, Польша, Украина Қызыл кітаптарына [7], Ресейде енгізіліген [8].

Қазақстанда бүркіт оңтүстік, оңтүстік-шығыс және шығыстың таулы аймақтарында жиі кездеседі. Бүркіттің саны туралы нақты мәліметтер тек кейбір аумақтар үшін қол жетімді. Мысалы, Шығыс Қазақстан облысында (97,3 мың км²) қазіргі уақытта шамамен 70 жұп бүркіт мекендейді. Бұл жерде Нарым жотасының оңтүстік-батыс бөлігінде жиі кездеседі, онда 1975-1986 жылдары 800 км². осы бүркіттердің 5-8 жұбы үнемі ұя салады, ал 1978-1986 жылдары Марқакөл бассейнінде (1180 км²) 4-5 жұп тіршілік етті. Қалба тауларында тек 8 жұп, Сауырда - 2, ал Тарбағатайдың солтүстік беткейлерінде - 5 жұп тіршілік еткені белгілі. Алматы қорығында (73000 га) 1990-1995 жылдары 5 жұп ұя салған, ал Іле Алатауында барлығы 30-35 жұп мекендеген. Мысалы, Шу-Іле тауларында соңғы жылдары тек 4-5, Қаратауда - 3-5, Ақсу-Жабағылы қорығында - 4 жұп бүркіт мекендеген. Маңғышлақ таулары мен шыңдарында 1991 жылдың күзінде тікұшақтан есепке алу кезінде 105 бүркіт есепке алынды, бұл ретте олардың популяциясының ең жоғары тығыздығы байқалды [4, 5, 6].

Осылайша, қолда бар ақпаратқа сүйене отырып, бүркіттің салыстырмалы түрде жоғары саны бар келесі аймақтарды бөліп көрсетуге болады [9], онда бірінші кезекте есеп жүргізу керек:

1. Тянь-Шань: а) Іле Алатауы, Күнгей Алатау, Теріскей Алатау; б) Кетмен, Торайғыр, Бұғыты; в) Қырғыз Алатауы; г) Талас Алатауы, Қаратау; д) Шу-Іле тау жоталары.
2. Жоңғар Алатауы және тау бөктеріндегі алаптар.
3. Тарбағатай, Сауыр, Қалба таулары.
4. Оңтүстік-Батыс Алтай: Нарым, Күршім, Оңтүстік Алтай жоталары, Күршім және Бұқтырма алқаптары, Үлбі жотасы, Ұба өзенінің бассейні.
5. Маңғышлақ, Үстірт.

Есепке алуды жоспарлау үшін аумақты алдын ала бөлу үшін әр аймақтың аумағын географиялық белгілері бойынша есеп учаскелеріне алдын-ала бөлген жөн. Мысалы, Алматы облысында есеп жүргізу үшін қажетті келесі учаскелерді бөліп көрсетуге болады [10, 11]:

1. Іле Алатауы;
2. Күнгей Алатауы;
3. Теріскей Алатауы;
4. Кетмен тау жоталары;
5. таулар Торайғыр, Бұғыты, Сөгеті, Шарын;
6. Шу-Іле таулары;
7. Таукұм және Жусандала шөлдері;
8. Іле алқабы.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Бүркіттерді есепке алу кешенді маршруттық-іздігіру сипатына ие және жекелеген аумақтардағы барлық ұялар мен аумақтық жұптарды анықтау мақсатында мұқият тексеруді көздейді. Бүркіттерді есепке алу мынадай әдістерге бөлінеді:

1. Автокөлікпен есепке алу.
2. Маршруттық-алаңшалық есепке алу.
3. Стационарлық есепке алу.
4. Әуеден есепке алу.
5. Сауалдама-сұрау арқылы есепке алу.

Автокөлікпен есепке алу әдісінде автокөліктерді пайдалана отырып, кең ашық кеңістіктер мен далалық аласа тауларды ауқымды зерттеуді көздейді. Есепке алу кезінде шөлейттер мен шағын тау сілемдерінің жекелеген учаскелері үшін бүркітке арналған барлық ұя салуға жарамды жерлерді тексеру арқылы ұяларды абсолюттік есепке алу мүмкін болады.

Дала және шөлейт жерлерде ұзақ автомаршруттар кезінде автокөлікпен есепке алу сондай-ақ есепке алынған дарактардың абсолюттік көрсеткішін маршруттың бүкіл ұзындығына немесе кездескен құстардың санын 100 км жолға қайта есептеу арқылы бүркіттің кездесуі туралы қосымша ақпарат алу үшін пайдаланылды.

Тіркелген есепке алу жолағы (250+250 м, 500+500 м) автокөліктен әр жаққа қарай көрінуіне және спидометр көрсеткіштері бойынша есептелген есептік маршруттың белгілі ұзындығына байланысты жалпы есепке алу алаңында кездескен бүркіттердің санын анықтауға немесе алаңның басқа бірлігіне дарактардың орташа санын есептеуге болады. Автокөлікпен есептеудің бұл әдісі тау сілемдерінің, жазықтардың жекелеген учаскелеріне барған кезде сәтті пайдаланылды, сонымен қатар күзгі-қысқы кезеңдегі бүркіттердің санын анықтау үшін қолданылды.

Маршруттық-алаңшалық есепке алу әдісі жаяу немесе автокөлікпен жылқыларды пайдаланып, тау аңғарлары мен шатқалдарын, орман алқаптарын тексеру кезінде қолданылды. Тексерілген алаң өткен маршруттың ұзындығы және есептік жолақтың ені бойынша есептелді.

Стационарлық есепке алу әдісі ерекше қорғалатын аумақтарда – қорықтарда, ұлттық парктерде және қорықшаларда қолданылады, онда ғылыми қызметкерлер мен қорықшылар бүркіттердің ұялары мен жұптарына жыл сайын бақылау жасайды.

Сауалдама-сұрау арқылы есепке алу әдісі бүркіттердің мекендеу орындары мен олардың ұялары туралы қосымша ақпарат алу үшін сауалдамашыға арнайы сауалнамалар жіберу және жергілікті тұрғындарға жеке сауалнама жүргізу арқылы есепке алу жұмыстарын ұйымдастыруда қосымша әдіс ретінде пайдаланылды, бұл есепке алудың барынша толық болуын қамтамасыз етеді.

Аталып отырған әдістер жекелеген аумақтарда бүркіттердің ұя салуының көпжылдық кадастрын және кейіннен олардың қоныстануына мониторинг жүргізу арқылы бүркіттерді абсолюттік есепке алуға бағытталған. Бұл әдіс болашақта бақылау аумақтарындағы бүркіттердің санын анықтау мәселесін кейіннен тексеру және бүркіттің жаңа ұяларын іздеу арқылы жедел шешуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, нақты демографиялық көрсеткіштерді (көбеюі, ұялардың болашағы және т.б.) алуға мүмкіндік береді, бұл ұя салудың тиімділігін, шектеулі факторларды бағалауға және түрді қорғау үшін уақтылы шаралар қабылдауға мүмкіндік береді. Уақыт өте келе бұл мәселе бүркіттерге аңшы құс ретінде коммерциялық сұраныстың артуына байланысты өзекті және проблемалы болуы мүмкін.

Есепке алуды өткізудің оңтайлы уақыты көктем болып табылады, бұл ретте дала және шөлді аудандарда есепке алуды 10 сәуір мен 10 мамыр аралығында, ал тауларда - мамыр-маусымда орындалды. Сонымен қатар, қалың өскен ағаш-бұта өсімдіктері бар жерлерде, жапырақтар пайда болғанға дейін, ағаштарға орналастырылған ұялар алыстан көрінетін кезде жүргізілді.

Есепке алу жұмыстарын қаржыландыру мемлекеттік бюджет және табиғатты қорғау қорының қаражаты есебінен жүзеге асырылады. Есепке алу жұмыстарының жалпы құны автокөлікті жалға алғаны үшін ақы төлеуден, далалық және камералдық жұмыстар кезінде орындаушылардың еңбегіне ақы төлеуден құралады.

Есепке алу тобының сапарға шығуы үшін мемлекеттік ұлттық табиғи парктің өзара келісілген бұйрықтары негіз болып табылады, онда орындаушылар, жұмыс орындары, есепке алуды жүргізу мерзімдері және есепке алуға жататын құстардың түрлері көрсетілді.

Автокөлігі бар 3 адамнан тұратын бір есеп тобының 10x100 км ауданды зерттеуге шамамен еңбек шығындары шөл және дала жерлерінде 3 күнді, аласа тауларда-5-7 күнді, биік тауларда - 15-20 күнді құрайды. Жер бедері таулы аймақта екі есептік топпен (8-10 адам) есепке алу үшін кемінде екі ай қарқынды жұмыс қажет.

Әрбір есепке алу тобы бинокулярлық телескоппен (100 еселік үлкейтілген телескоп), географиялық навигациялық жүйемен (координаттарды анықтауға арналған ГНЖ), ең жоғары топографиялық жүктемесі бар ірі масштабты географиялық карталармен, барометр-анероидпен (теңіз деңгейінен биіктікті анықтауға арналған), өлшеу аспаптарымен (штанген-циркуль, сызғыштар, өлшеу ленталары), таразылармен, фотоаппараттармен, құстардың иллюстрациялық анықтағыштарымен жабдықталады.

Есепке алу тобына қосымша қатысушылар енгізілген кезде олармен есеп жүргізу әдістемесі бойынша нұсқама жүргізіледі және түрлі-түсті иллюстрациялар көрсетіле отырып, жыртқыш құстардың есепке алынатын түрлерінің айқындаушы белгілерін зерделеу жүргізіледі. Осы мақсатта «Қазақстанның жыртқыш құстарын анықтаушы» (Алматы, 1995) немесе басқа да анықтаушылар пайдаланылады.

Таулы жерлерде жаяу маршруттық есеп жүргізу кезінде күнделікке мынадай бастапқы ақпарат: күні, уақыты, орны, кездескен дарактардың саны, олардың жасы (ересек, жетілмеген, белгісіз жас тобы), белсенділік элементтері (аң аулаған, демалған және т.б.) жазылады.

Әсіресе, суырлардың колониялары бар шатқалдарды, көптеген саршұнақтар мен кекіліктерді мұқият бақылау жүргізілді, өйткені мұндай жерлерде ұялар жиі кездеседі немесе аң аулап жүрген бүркіттер де кездеседі.

Автокөлікпен есепке алу кезінде күнделіктерде маршруттың күні, бастапқы және соңғы пункттері, есепке алудың басталу және аяқталу уақыты, километраж (спидометр көрсеткіштері бойынша), қарсы алынған бүркіттердің саны мен жасы, кездесу орны (шатқал, спидометр бойынша көрсеткіш) тіркеледі. Автокөлік маршруты, ұяларды кездестіру және табу пункттері маршруттық картаға түсіріледі.

Зерттеу нәтижелері

Шарын МҰТП директорының 03.02.2020 жылғы №5 «Шарын мемлекеттік ұлттық табиғи паркі аумағында жабайы жануарлар санының есебін жүргізу туралы» бұйрығы негізінде ұлттық парк аумағында мекендейтін жануарлар түрлерінің санын есепке алу бойынша жұмыстар жүргізілді. Қазақстан Республикасы Қызыл кітабына енгізілген жануарларды есепке алуға ерекше назар аударылды. Бұл жұмыстар 2020 жылғы 19-25 наурыз аралығында зоология Институтының қызметкері А. Грачевтің қатысуымен Шарын мемлекеттік ұлттық табиғи паркі аумағында: «Каньон», «Үлкен Бұғыты», «Қату», «Қызыл Қарасай», «Темірлік», «Қызыл Ауыз», «Кенсай», «Сартоғай» шатқалдарында жүргізілді. Есептік жұмыстарды жүргізу кезінде ҚР АШМ 2012 жылғы 01 наурыздағы № 25-03-01/82 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында жануарлар түрлерін есепке алуды жүргізу жөніндегі нұсқаулықты басшылыққа алды.

Есепке алу жұмыстарын жүргізу үшін жүру өтімділігі жоғары автокөліктер – екі УАЗ автомашинасы және төрт Нива маркалы автомашинасын пайдалану арқылы жүргізілді, ал ұзақ сапарлар үшін адамдарды және дала керек-жарақтарын тасымалдау үшін жабдықталған ГАЗ-66 жүк автомобилі қолданылды.

Есепке алу жұмыстарын бес топ жүргізді. Жергілікті жердегі негізгі бағдар ретінде Алматы облысының оңтүстік-шығыс бөлігіндегі карталар және «Шарын мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» Республикалық мемлекеттік мекемесінің функционалдық аймақтандыру карта-схемасы қолданылды. Әрбір есепке алушы көруді 8-12 есе үлкейтетін дүрбімен (бинокль), далалық күнделікпен, қаламдармен, қарындаштармен, қол сағаттарымен, сонымен қатар есепке алу тобы, сондай-ақ қажетті лагерь жабдықтарымен және жарақтарымен (шатырлар, үстел, орындықтар, ұйықтайтын қаптар, рюкзактар), су мен бензинге арналған ыдыстармен, ыдыс-аякпен, медициналық қобдишамен, тамақ өнімдерімен қамтамасыз етілді.

Жыртқыш құстарды есепке алу үшін 3-4 маманнан тұратын есеп тобы құрылды және жұмыс басшысы (жауапты орындаушы) тағайындалды. Есепке алуды жүзеге асыру кезінде бірлесіп орындаушы ретінде зоология Институтының қызметкері А. Грачев, мемлекеттік ұлттық табиғи парктің аңшылықтанушысы, сондай-ақ бүркіттер тұрақты мекендейтін немесе олардың ұялары белгілі болған сайларды жақсы білетін орманшы-инспекторлар жәрдем берді.

Әрбір тау қыраты есеп жүргізілетін шатқалдар мен сайларға («Каньон», «Үлкен Бұғыты», «Қату», «Қызыл Қарасай», «Темірлік», «Қызыл Ауыз», «Кеңсай», «Сартоғай») бөлініп, оларда, маршруттар, олардың ұзындығы, мерзім ұзақтығы белгіленді және күрделілігіне қарай есептеуіштер құрамы қалыптастырылды және нақты орындар үшін неғұрлым ыңғайлы көлік таңдалды. Кейінірек маршрут шамалы, негізінен кейбір жартастарды зерттеу қажеттілігінің нәтижесінде қосымша түзету жүргізілді. Барлық пысықталған маршрут картаға егжей-тегжейлі жазылып, қажетті бағдарлар, бүркіттерді байқау және олардың ұяларын табу орындары көрсетілді. 1-кестеде 2011-2020 жылдар аралығында есепке алу тобы анықтаған бүркіт туралы мәліметтер көрсетілді.

1-кесте - 2011-2020 жылдар аралығындағы анықталған бүркіт туралы мәліметтер

Құстың атауы	Ұялайтын мерзімі	Ұшып- өтетін мерзімі	Кездесетін орны
Бүркіт – Aquila chrysaetos*- Беркут	III- VII	III, X-XI	№8 – айналым, Үлкен Бұғыты тауы, Қарадала аймағы

*Ескерту: I-XII – айлар; *- ҚР қызыл кітабына енгізілген түрлер*

1-кестеден байқағанымыздай, бүркіттер «Шарын» мемлекеттік ұлттық табиғи паркіндегі №8 – айналымда, Үлкен Бұғыты тауында және Қарадала аймағында мекендейтіні анықталып отыр.

Таулы жерлерде есептік-іздігіру маршруттары өзен аңғарлары мен шатқалдар бойынша жоғары қарай жүргізілді. Автокөлік арқылы шатқалдардың ең жоғары жеріне қол жетімді жолдармен көтеріліп, тұрақ үшін орын таңдалды. Бұдан әрі соқпақтар бойынша екі-үш адамнан тұратын есептік топ жотаның өзен өту бөлігіне дейін жаяу маршрут жасады. Орлар мен кішігірім өзендердің алқаптарына толы таулы-дала аймағындағы бақылау алаңдарын атпен айналып өту ыңғайлы. Жабайы жануарлар көзбен шолып есептелді, негізінен автомобиль маршруттарында (көріну шегінде); автомобиль қозғалысы қиын жерлерде (Үлкен Бұғыты тауларының шатқалдарында) жаяу жүру маршруттары қолданылды.

Маршрут кезінде есептеу тобы барлық жартастар мен сайларға дүрбі салу арқылы мұқият тексерілді. Жартастардағы бұтақтары үйілген қуыстарға немесе ақ түсті құс саңғырығы тәрізді қокыс дақтары бар шығыңқы жерлерге ерекше назар аударылды. Егер мұндай жерлерде бүркіт байқалса, онда ең мұқият тексеру және ықтимал ұяны іздеу жүргізілді. 2020 жылы есепке алу кезеңінде дүрбі салу арқылы Кіші Каньон мен Темірлік шатқалдарында бүркіттің 2 ұясы табылды, 4 аймақтық жұптар мен 7 жетілмеген дарақтар саналды (2-кесте).

2-кесте – Бүркітті маршрутты есепке алу нәтижелері, 19 наурыз 2020 жыл

Атауы	Ақпарат
1	2
1. Облысы, ауданы	Алматы облысы, Ұйғыр ауданы
2. Теңіз деңгейінен биіктігі	1100 м
3. Шатқал	Үлкен Бұғыты тауы, Кіші Каньон, Шахтысай, Темірлік, Қызыл Ауыз, Қызыл Қарасай шатқалдары
4. жылы, айы, күні	19.03.2020 г.
5. Есепке алу уақыты	7.30-18.30
6. Маршруттың ұзындығы	20 км
7. Есепке алу жолағының ені	500+500 м
8. Есепке алу аумағы, мың га	10,5
9. Биотоп	жартасты шатқал, сазды-қиыршық тасты шөлейт
Есепке алынғаны:	19
Ұялы жұптар (ұя)	2
Аймақтық жұптар	4
Жынысы жетілмеген дарактар	7

Бүркіттің санын есептеу үшін бастапқы кесте түрінде өңделген есептік деректер әрбір қырат немесе басқа есептік аудан бойынша кестеге қосылды. Сонымен қатар, ұялар мен аймақтық жұптар туралы бастапқы мәліметтер картаға түсіріліп, бүркіт кездесетін аймақтар анықталды (**3-кесте**). Табылған ұялардағы балапандарды ай сайын жағдайын тексеріп, фотоға Canon-600 фотоаппаратымен түсіріліп отырды. Дәлел ретінде 1-4-фотосуреттер келтірілді.

3-кесте – Шарын МҰТП-дегі бүркіттің 2020 жылдың көктемгі санағы туралы мәлімет

Экстраполяциядан кейінгі саны	Мекен ету орны
19	№12, 13 айналымдарда, Үлкен Бұғыты тауларының етегінде ұшып жүрген 2 бүркіт тіркелді, Шахтысай шатқалында тағы екеуі көзбен шолып көрсетілді. Каньон шатқалы № 15, 16 айналымдарда да екі бүркіт кездесті. Қызыл Ауыз шатқалынан жанында қатар отырған 2 бүркіт табылды. Темірлік және Қызыл Қарасай шатқалдарында көзбен шолып 4 бүркіт байқалды. №14 айналым. Жоғары биіктікте 1 бүркіт анықталды.



1-сурет - Бүркіттің балапандары (Кіші Каньон шатқалы, 18-айналым Шарын өзені, балапанның жұмыртқаны жарып шыққанына бірнеше күн болған, 14-сәуір)



2-сурет - Бүркіттің балапандары (Кіші Каньон шатқалы, 18-айналым Шарын өзені, балапандардың жасы 1 айдан артық, 15-мамыр)



3-сурет - Бүркіттің балапандары
(Кіші Каньон шатқалы, 18-айналым Шарын өзені, балапанның жасы 2 айдан артық,



4-сурет - Бүркіттің шәулісі - аталығы
(Темірлік шатқалы, 19-айналым, Шарын өзені) 14-маусым)

Зерттелген аумақтағы (жоталар, жазықтар) бүркіт популяциясының орташа тығыздығын анықтай отырып, бүркіттер мекендейтін аумақтың ауданы анықталды, бұл олардың белгілі бір аумақтағы санын есептеуге мүмкіндік береді. Бұл жүргізілген есептердің нәтижелері бойынша түрлердің санын есептеудің жалпы қабылданған әдісі болып табылады.

Осылайша, бүркіт үнемі мекендейтін негізгі тау сілемдерін есепке алу кезінде зерттелетін аймақ үшін түрдің салыстырмалы саны туралы ақпарат алынды (**4-кесте**).

4-кесте - Шарын мемлекеттік ұлттық табиғи паркіндегі бүркіттердің салыстырмалы сандық көрсеткіші

Құстың атауы	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл
	саны	саны	саны	саны	саны	саны	саны	саны	саны	саны
Бүркіт	17	18	18	16	15	16	18	19	21	19

Қорытынды

Құстар негізгі экожүйелерін қамтыған мониторингтік және фауналық деректері жинастырылды. Жинастырылған деректер Шарын мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің фаунасының негізін жасау үшін есеп карточкаларына (аннотациялық тізімге) енгізілді. Кездескен құстардың мекендеу ортасы мен келіп кету мерзімі тіркелді.

Жануарлар дүниесіне мониторинг жасау, сүтқоректілер мен құстарды түгендеу және мекендейтін ортасын анықтау тақырыбы бойынша жұмыстарына толықтырулар жүргізілуде.

Бүркіт еліміздің барлық аумақтарында таралған. Өкінішке орай, саны аз кездесетіндіктен Қазақстанның Қызыл кітабының (2010) III санатында сирек кездесетін, сонымен қатар саны күрт азайып бара жатқан түр ретінде тіркелген, қатаң қорғауды қажет етеді. Қазіргі кезде Қазақстан аумағында ресми деректер бойынша бүркіттің жалпы саны 2 мыңға жуық деп есептеледі.

Қазақстанның оңтүстігінде, оңтүстік-шығысында және шығысында 650 жұп мекендейді. Бұл 20-50 шаршы шақырымға бір жұп бүркіт деген сөз, ал қалыпты саны 5-10 шаршы шақырымға бір жұп болуы тиіс. Бүркіттердің жағдайы нашарлауда, олардың саны азаюда. Табиғаттағы бүркіттер популяциясының азаюының негізгі себебі – адамның іс-әрекеті. Бұл бүркіттердің әдеттегі мекендейтін жерлерін шаруашылық игеру, туристердің кесірінен тау шатқалдарындағы өрттердің болуы, электр желілерінің ескірген конструкциялары және адамның ұялар мен балапандарға деген қызығушылығы болып табылады.

Бүркіттің санын шектейтін тағы бір маңызды факторы – қорек базасының болуына тәуелділік. Бүркіттердің өнімділігі суырдың, қоянның, сарышұнақтың және басқа ірі кеміргіштердің, сонымен қатар кекіліктің, ұлардың, т.б. санына тікелей байланысты – бұл аймақтағы бүркіттердің негізгі азығы.

Бүркіттердің көбеюі 7-12 жылда бір рет суырдың, қоянның, сарышұнақтың және басқа ірі кеміргіштердің популяциясы көбейген кезде күрт артады, ал керісінше ірі кеміргіштер сирек болған кезде саны төмендейді. Бүркіт адамның мазалауына төзбейді және ешқашан тұрғын аудандарға жақын орналаспайды. Бүркіттердің ұясына жақын қашықтыққа жақындауға тырыссаңыз, олар жұмыртқа немесе балапан болса да, ұяны біржола тастап кетеді.

Зерттеулер көрсеткендей, «Шарын» мемлекеттік ұлттық табиғи паркіндегі бүркіттердің сандық динамикасы тұрақты екендігі анықталды. Соңғы онжылдықта Қазақстанда ерекше қорғалатын аумақтар 2 есеге ұлғайғаны белгілі, бұл іс жүзінде көптеген жойылып бара жатқан жыртқыш құстарды құтқарудың және сақтаудың жолы болып отыр.

Әдебиеттер тізімі

1. Шыныбеков М.К., Ахметов Е.М., Сартбаев Ж.Т., Абаева Қ.Т., Борисова Ю.С. Алматы облысы Шарын өзені жағалауындағы соғды шағанының табиғи жаңаруын зерттеу. // «Ізденістер, нәтижелер» ғылыми журналы. №4, Алматы, ҚазҰАЗУ 2020 ж.
2. Батылбек Б., Байбатшанов М.К., Керімбаев С.С., Ақоев М.Т. Алматы облысына қырғауылдарды жерсіндіру жұмыстары және оның кәсіптік маңызы. // «Ізденістер, нәтижелер» ғылыми журналы. №4, Алматы, ҚазҰАУ 2016 ж.
3. Байбатшанов М.К., Бейсенбаева М.Т., Ақилбеков С.О., Әділаева Ұ.Б. Алматы хайуанаттар бағындағы өсірілетін тырнарлардың тұмсығы мен қанаттарына байланысты айырмашылықтары. // «Ізденістер, нәтижелер» ғылыми журналы. №4, Алматы, ҚазҰАУ 2019 ж.
4. Ковшарь А.Ф. Мир птиц Казахстана. -Алма-Ата, Мектеп. 1988, 294 с.
5. Ковшарь А.Ф., Ковшарь В.А. Қазақстанның жануарлар әлемі. Алматы, Алматы кітап. 2006, 128 б.
6. Красная книга Казахстана. Алматы, Атамұра. 1999, 253 с.
7. Коблик Е.А., Редькин Я.А., Архипов В.Ю. Список птиц Российской Федерации. – М.: Товарищество научных изданий КМК. 2006, 345 с.
8. [Красная Книга России](#). -Москва, Эксмо. 2019, 455 с.
9. Джаныспаев А.Д. О гнездящихся птицах истоков реки Шилик (южные склоны Заилийского Алатау, Северный Тянь-Шань) // Русский орнитологический журнал 2017, Том 26, Экспресс-выпуск 1463: 2631-2644 стр.
10. Методы учета основных охотничье-промысловых и редких животных Казахстана. -Алматы, Атамұра. 2003, 215 с.
11. Өтебекова А.Д., Майсупова Б.Ж., Мәмбетов Б.Т., Досманбетов Д.А., Адилбаева Ж.Б. Ағаш сақинасы хронологиясының есебі және олардың статистикалық талдауы // «Ізденістер, нәтижелер – Исследования, результаты», 2018. - №1(77) – С. 238-242.

ДИНАМИКА ЧИСЛЕННОСТИ БЕРКУТА (AQUILA CHRYSAETOS) В
ГОСУДАРСТВЕННОМ НАЦИОНАЛЬНОМ ПРИРОДНОМ ПАРКЕ «ШАРЫН»

**Шыныбеков М.К.¹, Каспакбаев Е.М.², Нысанбаева Г.Н.³,
Нурғалиев А.Е.³, Кыдыров Т.Н.¹.**

¹*Казахский национальный аграрный исследовательский университет,*
²*Северо-Казахстанский университет имени М. Козыбаева,*
³*Государственный национальный природный парк «Шарын»*

Аннотация

В статье описаны методы учета, полевые учетные работы, запись учетной информации, порядок расчета численности беркутов, обитающих в государственном национальном природном парке «Шарын». Приведены данные о выявленных беркутах и сравнительный показатель беркутов за период 2011-2020 гг. Установлено, что динамика численности беркутов в государственном национальном природном парке «Шарын» стабильна.

Ключевые слова: беркут, государственный национальный природный парк, методы учета, динамика численности, учетная группа.

DYNAMICS OF THE GOLDEN EAGLE (AQUILA CHRYSAETOS) POPULATION
IN THE STATE NATIONAL NATURAL PARK "SHARYN"

Shynybekov M.K.¹, Kaspakbaev E.M.², Nysanbaeva G.N.³, Nurgaliev A.E.³, Kydyrov T.N.¹.

¹*Kazakh National Agrarian Research University,*
²*North Kazakhstan University named after M. Kozybayev,*
³*State National Natural Park «Sharyn»*

Abstract

The article describes the methods of accounting, field accounting, recording accounting information, the procedure for calculating the number of golden eagles living in the state national nature park «Sharyn». The data on the identified golden eagles and the comparative indicator of golden eagles for the period 2011-2020 are presented. It was found that the dynamics of the number of golden eagles in the state national natural park «Sharyn» is stable.

Key words: golden eagle, state national natural park, accounting methods, population dynamics, accounting group.

ЗЕМЛЕДЕЛИЕ, АГРОХИМИЯ, КОРМОПРОИЗВОДСТВО, АГРОЭКОЛОГИЯ

ӘОЖ 634.63 (574.5) 512.122

ЗӘЙТҮН АҒАШЫН (OLEA EUROPAEA) ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ЖАҒДАЙЫНДА
БЕЙІМДЕУ ЖӘНЕ ӨСІРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Алимбекова Н.А.¹, Исабеков Б.Б.², Оразбаев С.А.¹, Токкожа К.А.¹

¹Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы

²Түркістан жоғары аграрлық колледжі, Шымкент

Аңдатпа

Бұл зерттеу жұмысында бүгінгі таңда үлкен сұранысқа ие, жоғары сапалы өсімдік майын өндіруге субтропикалық мәңгі жысыл өсімдік – зәйтүн ағашын өсіру көзделген. Аймақтың топырақ-климаттық жағдайына ағаштың бейімделуі мен жерсінугіне ғылыми-тәжірибелік қызығушылық танылып, зерттеу жұмысының басым бағыты болып табылды. Мақалада, Қазақстанның оңтүстігіндегі егістік жерге алғаш рет Еуропалық зәйтүн ағашының (*Olea europaea L.*) -12 -14⁰С суыққа төзімді Италия мемлекетінің Лесцино, (Lecino) және Пронтоио (Frontoio) екі жылдық сорттары, Түркия мемлекетінен климаттық өзгеріске төзімді Арвелина (Arvelina) бір жылдық сорты әкелініп, экзотаны өсіру технологиясы қарастырылған. «Olives» ЖШС жылыжай кешенінде - 586 дана және далалы жағдайда - 14 дана еуропалық зәйтүн ағаштары отырғызылды. Оның 31 данасы түрлі абиотиялық және биотиялық себептер, атап айтқанда суық пен аяз кезеңнің ұзақтығы әсерінен тіршілік қабілетін жойды. Қыстан шыққан жалпы ағаштар саны 408 дана, оның ішінде 102 данасының бір жылдық бұталардың ұштары 5-8 см үсік шалды. Жердің үстіңгі қабатының барлық бұталарын үсі шалып тамыр мойнынан қайта жаңа сабақтар түзілген ағаштар саны 206 дананы құрады. Италия елінен әкелінген ағаштардың екі сорты Лесцино, Фронтоио екі жылдық көшеттері біздің аймақтың топырақ-лиматтық жағдайына бейімделуге қабілетті екендігі, ал Түрия мемлекетінен әкелінген Арвелино көшетік сорты бейімделуге бәсеңдеу екенін анықталды. Берілген тыңайтқыш мөлшерлеріне байланысты күрделі қоспалармен дайындалған 20-20-20 минералды тыңайтқыштарды сумен араластырып енгізу нұсқасы және күрделі қоспалармен дайындалған 20-20-20 минералды тыңайтқышын, гуматпен араластырып енгізген нұсқадағы экзоталардың сабақтарының саны мен жапырақтарының түзілуі басқа нұсқаларға қарағанда жоғары болғандығы анықталды.

Кілт сөздер: еуропалық зәйтүн ағашы, бейімдеу, интродукциялау, экзота, акклиматизациялау, көбейту жолдары.

Кіріспе

Түркістан облысының топырақ-климаттық жағдайы Еуропалық зәйтүн ағашының (*Olea europaea L.*) суыққа төзімді сорттарын жерсіндіру мен бейімделуіне қолайлылығымен ерекшеленеді. Еліміздің бүкіл әлемдік сауда ұйымына кіру алдында тұрғанда, біз тауарлық және дәмдік сапасы жоғары зәйтүн майын өндіруіміз керек. Өйткені, нарықтың қатаң жағдайларында басқа да шетелдік тауар өндірушілермен бәсекелестікке түсіп, шығарылған өнімнің өзіндік құны төмен болып еліміздің ішкі нарығын жаулап алуымыз қажет.

Әлемдегі дамыған мемлекеттерде еуропалық зәйтүн ағашының (*Olea europaea L.*) өсіру технологиясы мен май өндірудің жаңа әдістеріне нәтижелі зерттеу жұмыстарын жүргізіп, тұтынушылардың сұранысын қанағаттандыртын өнім өндіру мақсатында, өнімділікті арттыру және жоғары сапалы өнім өндіру және қоршаған ортаны қорғаудың

дағдыларын қалыптастыру мәселелерінің өзектілігін қарастыруда [1]. ҚР оңтүстік өңірінде жаңа қарқынды технологиямен алғаш рет еуропалық зәйтүн ағашын өсіру, климаттық жағдайға бейімдеу, күтіп-баптау және көбейту жұмыстарын ұйымдастыру біздің зерттеу жұмысымыздың тиімділігі мен өзектілігін айқындайды [2].

Зәйтүн ағашының жеміс құрамындағы (5-12%) май өте бағалы және құндылығымен ерекшелінеді. Бұл майды тағам ретінде ғана емес, түрлі ауруларға қарсы жақпа май және ішуге болатын емдік қасиетке иелігімен айқындалған. Майлы дақылдың жемісін тұздалған күйде тағамға пайдаланылады. Кеңес үкіметі құрамына кіретін ТМД (Украина, Грузия) мемлекеттерінде көптеген жылдардан бері XIX – XX ғасырдан бастап өндірістік бауда өсіріліп келеді. Әзербайжан елінде 200 мың гектар егістік жерде, ал Армения елінде 50 мың гектарда, Түркіменстан елі, Краснодар өлкесі, Қырымда өткен ғасырдан бастап еуропалық зәйтүн ағашының 30 дан аса түрлері өсіріледі. Рейсейдің оңтүстік өңірінде ауа райы қолайлы елдерде зәйтүн ағашының суыққа төзімді сорттарын өсіруді қолға алып, эота сорттарының биоэкологиялық ерекшеліктеріне және биологиялық көрсеткіштерінің ортаға бейімделу ерекшеліктеріне фенологиялық бақылау жүргізу негізіне жаңа сорттары шығарылды [3, 4]. Еліміздің әртүрлі географиялық аймақтарында енгізілген түрлердің ассортментінің көбеюіне, тұтынушылар тарапынан қызығушылықтың артуынан басқа, климаттық жағдайлардың өзгеруі үлкен әсер етті. Сарапшылардың пікірі бойынша, соңғы 30 жылдағы ауаның орташа жылдық температурасы 4,2-5,0 С-қа жоғарылаған. Аязсыз кезеңнің ұзақтығы 8-12 тәулікке өсті, теріс температура максималды және өте төмен теріс температуралы күндер саны азайды. Қоршаған орта факторлары мен әр түрлердің және олардың әсеріне өсімдіктердің әсер ету диапазоны әр түрлі және организмдердің генетикалық ерекшеліктеріне және олардың бейімделу қабілеттеріне байланысты ескеріліп, Қазақстанның оңтүстік өңірінде де зәйтүн ағашының суыққа төзімді сорттарын жылыжайда және далалық жағдайда бейімдеу жұмыстарына зерттеу жүргізу ғылыми және практикалық қызығушылық танытып, осы зерттеудің басым бағыты болып табылады. Сонымен қатар, жемісін коцервілеу мақсатында пайдаланады. Балық өндірісінде зәйтүн майы кең қолданылады. Майдың химиялық және физикалық құрамымынандай факторларға байланысты өзгереді. Аймақтың топырақ-климаттық жағдайына, арготехникалық шараларға және сорттық ерекшелігіне қарай ауытқиды. Адам ағзасына қажетті майлы қышқылдар мен дәрумендерге бай зәйтүн майын пайдалану көптеген аурулардың алдын алуға көмектеседі [5-8].

Зәйтүн ағашының басқа ағаштардан айырмашылығы ең алдымен субтропикалық дақыл, екінші мәңгі жасыл күйде болуында, үшіншіден өте бағалы адам ағзасына және денсаулығына қажетті май өндірілуі, жапырағында фитоцинді заттар болуы, жемістерін коцервілеуге пайдалануда бағалы өнім алынуы бұл ағаштың маңыздылығын аңғартады [9].

Біздің шығаратын өнімнің артықшылығы бәсекелестікке қабілетті болуымен айқындалады. Оның айғағы ретінде ҚР зәйтүн ағашын өсіру тәжірибесінің мүлдем болмауы, бүгінгі таңда ішкі нарықтағы бәсекелестіктің жоқтығы дәлел болады.

Біздің зерттеу жұмыстарымыздың нәтижесінде, Қазақстанда алғаш рет еуропалық зәйтүн ағашын өсіру және оның өнімін өңдеу нәтижесінде жоғары сапалы, тағамға қауіпсіз қолданылатын өсімдік майы алынады. Ауыл шаруашылығы мақсатында пайдаланылмайтын аз көлемдегі жерге көшеттер отырғызылады. Сонымен қатар, зәйтүн майын шығаратын цехтың линиясы толық іске қосылып, қосымша өнімдер: екінші сығымнан шыққан май, кебек, зәйтүн жемісінің коцервіленген түрі өндіріледі.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Зерттеу тәжірибесінің мақсаты: Қазақстанның оңтүстік өңірінде алғаш рет Еуропалық зәйтүн (*Olea europaea L*) ағаштарының Лесцино және Франтоио сорттары мен Түркия мемлекетінен Арвелино сортын интродукциялау және акклиматизациялау жұмыстарына зерттеу жүргізу.

Түркістан облысы, Одабасы ауданы, Бадам ауыл әкімдігіне қарасты Ақбұлақ елді мекенінің маңындағы 0,5 гектар көлемдегі жылыжай кешенінде - 586 дана және далалық жағдайда - 14 дана еуропалық зәйтүн ағаштары отырғызылды.

Ағаш түрлерін еліміздің мәдени дақылы ретінде өндіріске енгізудің әсерін болжау жөніндегі біздің зерттеуіміз интродукция «Olives» ЖШС арнайы алаңында жүргізілді. Пилоттық жоба аясында оларды сынау процесінде енгізілген түрлердің анықталған мәдени-экологиялық ерекшеліктері бізге жағдайда өсіру технологиясы мен бейімдеуге ұсынылған перспективалы түрлер мен формалардың оңтайлы нұсқаларын таңдауға мүмкіндік берді. Соңғы жылдардағы зерттеулер қортындысынан кейін жаңа ағаш түрлерін түгендеу және оларды сынақтардан өткізу нәтижесінде интродукциялар мен тірі қалған ағаш сорттарын көбейту жолдары қарастырылып әр түрлі биореттегіштерді қолданылып тәжірибе жүргізілуде. Таңдап алынған дақылдарды енгізу тәжірибесі жоғары қарсылық пен жақсы өсімді көрсетеді, атап айтқанда зерттеу аймағында суару кезінде аман қалды.

Әлемдегі фермерлер еуропалық зәйтүн ағашын (*Olea europaea L.*) жаңа қарқынды технологиямен өсіруді, осы жағдайға бейімдеуі экономикалық және әлеуметтік салаларда терең өзгерістердің болуына септігін тигізді. Еуропалық зәйтүн ағашын жерсіндіру технологиясының үрдісін бақылау жұмысы Азербайжан мемлекетінің әр түрлі сорттарды биоэкологиялық ерекшеліктеріне және биологиялық көрсеткіштерінің ортаға бейімделу ерекшеліктеріне фенологиялық бақылау жүргізу әдістемесіне сүйеніп орындалды. Еуропалық зәйтүн ағашын даму кезеңдерінде жапырақ алаңшасының көлемі мен гүлдеу, жеміс түзілу мен бағалау үшін Terra Creta компаниясының және басқа авторлармен бірлесіп жасаған әдістемесіне қарай отырып зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Бұл аймақта бұрын өсірілмеген өзге мемлекеттен әкелінген өсімдікті интродукциялау деп атайды. Сондай-ақ интродукцияланған өсімдікті акклиматизациялау дейді. Алайда акклиматизациялау интродукция әдістерімен жүргізіледі. Интродукциялау – көшетпен, өскіндермен және тұқыммен жүргізіледі. Өсімдікті акклиматизациялауда немесе жерсіндіруде кешенді іс шараларды жүргізуге тура келеді, яғни өсімдіктің биологиялық және экологиялық қасиеттерін жергілікті ортаның жағдайына бейімдеу мақсатында атқарылатын жұмыстардың жиынтығынан тұрады. И.В. Мичуриннің ғылыми жұмыстары мен жетістіктері нәтижесінде өсімдіктерді акклиматизациялаудың теориясы мен әдістемесі құрастырылды. Өз еңбектерінде, менің пайымдауымша, акклиматизацияланған жемісті дақылдың қайсы бір сорты болмасын басқа бір аймақтың топырақ-климаттық жағдайына бейімделуі өздігінен емес, адамның терең еңбектерінің нәтижесі, алайда экзоталар - өзінің жеміс түзуі мен оның сапасы мен қасиеттерін жоғалтпаған жағдайда айқындалады.

Зерттеуде еуропалық зәйтүн ағашының даму кезеңдерінде жапырақ алаңшасының көлемі мен гүлдеу, жеміс түзілу мен бағалау үшін Terra Creta компаниясының және басқа авторлармен бірлесіп жасаған әдістемесімен жүргізілді. Еуропалық зәйтүн ағашының сабақтарын немесе қалемшелерін тамырландыру үшін қоретік ортада биореттегіштер мен кальций гуматты қолдану арқылы инфроструктураны құру және жетілдіру дамуына температура мен фотокезең әсерін бақылау тәжірибесі Түркістан жоғары аграрлық колледжінің биозертханасында жүргізілді. Қазақстанның оңтүстігіндегі тәлімі жерлерде алғаш рет еуропалық зәйтүн (*Olea europaea L.*) - ағашын өсірудің жаңа қарқынды технологиясы пайдаланылады;

Жылыжайлық жағдайда еуропалық зәйтүн (*Olea europaea L.*) - ағашын бейімдеуде қолайлы мүмкіндік жасау үшін, микроклиматтық жағдайда еуропалық зәйтүн (*Olea europaea L.*) ағашының өсіп дамуына фенологиялық бақылау жүргізілді.

Еуропалық зәйтүн (*Olea europaea L.*) - ағашын үстеп қоректендіру, тамшылатып суару және күтіп баптау жұмыстарының тиімділігіне зерттеу жүргізу және үстеп қоректендіру мен суару жүйесінің оңтайлы жолдарын анықталуда.

Зертханалық жағдайда еуропалық зәйтүн (*Olea europaea L.*) - ағашын жаппай көбейту, бейімдеу үшін тұқымын, сабағын пайдалану немесе қалемшелерін тамырландыру үшін қоретік ортада кальций гуматты қолдану арқылы инфроструктураны құру және жетілдіру жүргізілуде.

Қазақстанның оңтүстігіндегі тәлімі жерлерде еуропалық зәйтүн (*Olea europaea L.*) - ағашын жерсіндіру технологиясын өндіріске енгізу көзделіп отыр.

Түркістан облысы, Одабасы ауданы, Бадам ауыл әкімдігіне қарасты Ақбұлақ елді мекенінің маңындағы 0,5 гектар көлемдегі жылыжай кешенінде - 586 дана және далалы жағдайда - 14 дана еуропалық зәйтүн ағаштары отырғызылды. Қазақстанда алғаш рет табиғат пен қоршаған ортаның абиотикалық, биотикалық факторларының материалдарға (экзоталарға) әсері және отырғызу типтері мен тәсілдері, жиілігі, өсіру агротехникасына байланысты дақылдың өсіп-даму қарқындылығы анықталды. Еуропалық зәйтүн ағашының сорттарына байланысты жеміс түзу заңдылықтары мен өнімділігіне бақылау жүргізілді. Зерттеу барысында маусымдық бақылауды (наурыз айының екінші он күнінен бастап қараша айының соңына дейін) интродукцияланған өсімдіктің үш сорты бойынша 600 данасының өсіп дамуына фенологиялық бақылау жүргізілді. Деректерге сүйенсек, еуропалық зәйтүн ағашын далалық жағдайда заңдастырылған отырғызу схемасы - 6x4, қарқынды өсіру технологиясында өсімдік аралығындағы жиілігі -1,5, 2,3 метр сақталуы айқындалған. Осыған байланысты Италия елінен әкелінген материал жаңа экзотаны отырғызу схемасы (**1-кесте**) көрсетілген.

1-кесте - Еуропалық зәйтүн ағашының көшеттерін отырғызу схемасы

Нұсқалар	Қатар аралығы, м	Қатар іші, м
1	4	3
2	4	2
3	4	1,5

Биологиялық ерекшелігіне қарай еуропалық зәйтүн ағашы өздігінен айқас желмен тозанданатын өсімдік. Сонымен қатар, аталық, аналық және сорттық ерекшеліктеріне байланысты аталық, аналық бір үңгіге отырғызуға болатыны анықталған, алайда біздің жағдайда экзоталардың сорттық, биологиялық ерекшеліктеріне қарай сорттарды араластырылып немесе кезектестіріп отырғызу өсімдіктің жақсы тозандануына өз ықпалын тигізді. Зәйтүн ағашының сорттарына байланысты отырғызу үлгісі (**2-кесте**). Түркиядан әкелінген бір жылдық көшеттерді отырғызу үлгісі (**3-кесте**) көрсетілген. Далалық жағдайда интродукциялауға әкелген көшеттерді отырғызу схемасы (**4-кесте**) көрсетілген.

2-кесте - Еуропалық сорттардың отырғызу тәсілдері

Нұсқалар	Сорттар	Өсімдіктің саны	Қатар саны
1	Франтоио	33	1
	Лесцино	33	2
2	Лесцино-1 дана, Франтоио-2 дана	50	1
	Франтоио-1 дана, Лесцино-2 дана	50	2
3	Лесцино-1 дана, Франтоио-1 дана	66	1
	Франтоио-1 дана, Лесцино-1 дана	66	2

3-кесте – Түркиялық зәйтүн ағашы көшеттерінің отырғызу схемасы

Нұсқалар	Қатар аралығы, м	Қатар іші, м
1	4	2
2	4	1,5
3	4	1

4-кесте - Далалық жағдайда еуропалық зәйтүн ағашының отырғызу схемасы

Нұсқалары	Қатар аралығы, м	Қатар іші, м
1	6	4
2	6	4
3	6	4

Зерттеу жүргізілген аймақтың климаттық ерекшеліктері

Біздің зерттеу жұмыстарымыз Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Бадам ауыл әкімдігіне қарасты Ақбұлақ елді мекенінде орналасқан «Olives» ЖШС жүргізілуде. Түркістан облысының топырақ-климат жағдайы, жер бедері әртүрлі болуымен ерекшеленеді. Ол Түркістан және Торғай аралық ойпатында, Бетпақдала мен батыс Тянь-Шань тауына дейінгі жазықтық жерлерді қамтиды. Тәжірибе жүргізілген танап батыс Тянь-Шань және Талас Алатауы етегінің солтүстік-батыс беткейіндегі жоталардың орта бөлігіндегі бөктерлі таулы жазықтықта орналасқан, оның абсолютті биіктігі 700 метр деңгейінде. Ауаның көп жылдық орташа температурасы $13,4^{\circ}\text{C}$, ал айлық орташа температура қаңтар айында $-5,2^{\circ}\text{C}$ болса, шілде айында $26,9^{\circ}\text{C}$ шамасына жетті. Ең жылы ай мен суық ай екеуінің орта температурасының айырмасы $32,1^{\circ}\text{C}$ қалыптасады. Қаңтар айында жекелеген күндік ауаның температурасы $-11,2^{\circ}\text{C}$ дейін төмендейді. Қар қабаты қалыңдығымен ерекше-леніп ең қалың қар түсетін айлар қатарына қаңтар, ақпан айларын жатқызуға болады. Осы жылғы қардың орташа қалыңдығы 20-30 см құрады.

Көктем ерте шығып, наурыз айында жылы жаңбырға ұласады. Алайда көктемгі соңғы үсік сәуір айының айының II онкүндігінде қар жауып арты күннің суытуна әкелді. Күн сәулесінің тез жылуына қар сулары топыраққа сіңіп үлгере алмай сай-салаға ағады. Жазы ыстық және құрғақ болып келді.

Жаз мезгіліндегі айлық орташа температурасы $26,9^{\circ}\text{C}$, маусымның аяғы мен шілде, тамыз айларындағы кейбір күндері $+46^{\circ}\text{C}$ -ге дейін жетеді. Жаз айлар-ында ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 25 пайызға дейін төмендейді. Күз мезгілі көбінесе кеш келеді де біршама ұзаққа созылып, қараша айының ортасына дейін жылы болады. Жаз айларымен салыстырғанда күн сәулесінің қызуы бәсеңдеп, топырақ пен ауаның төменгі қабаты баяу қызады. Бұл айларда ауа райы құбылып, кенеттен жауын жаууы мүмкін. Күз мезгіліндегі алғашқы үсік қараша айының III онкүндігінде байқалады.

Жалпы ауыл шаруашылығы бойынша көктемгі-жазғы кезеңнің ылғалдылығына да қарай жауын-шашын көлемі -208 мм болып, ал күзгі-көктемгі -368 мм болғанымен, бұл дақылдың құрғақшылыққа төзімді өсімдік екенін ескерсек, зерттеу жұмысы жүргізілген аймақ зәйтүн ағашы үшін қолайлылығымен ерекшеленді.

Ғылыми деректерге сүйенсек, зәйтүн ағашы желтоқсан, қаңтар айларында ұйқы кезеңінде болып, физиологиялық процессі баялаулап сабақтарында шырындардың жүру, өсуі тоқтайды, жапырақтары үш жылда бір рет жаңарады делінген. Біздердің зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында желтоқсан, қаңтар айларында осы құбылыстың орын алуы белгіленіп, сырқы дала жағдайдағы бақылау нұсқалары мен жылыжайдағы зәйтүн ағаштарының сабақтарының өсуі мен жапырақтарының түзілуі, даму процессі тоқтағаны байқалды. Алайда осы айларда желтоқсан айында сыртқы дала жағдайындағы орташа температура - $8-12^{\circ}\text{C}$ суық, ал жылыжайда бұл орташа температура + $10-15^{\circ}\text{C}$ жылы болғанымен ешқандай айырмашылықтар ман қарама қайшылықтар белгілер анықталмады. Қаңтар айында орташа ауа температура - $10-15^{\circ}\text{C}$ суық алғашында даладағы ағаштардың өсу бұтақтарының ұшынан 5-7 см жапырақтары қарайып үсігені байқалды. Ал дала жағдайындағы ағаштардың бір және екі жылдық сабақтары толығымен үсікке шалдықты. Ақпан айында ауа райы - $8-10^{\circ}\text{C}$ суық болып бұл құбылыс жалғасын тауып суық желге қарсы тұру қабілетті жоқ екені анықталды. Түркістан жоғары аграрлық колледжінің оқу өндірістік базадағы бақылау нұсқалары ық жерде егілгендіктен үсік шалынуы төмен болып ағаштардың тек бір дылдық сабақтарын үсік шалып қалған сабақтары бір қалыпты сақталды. Наурыз айында ауаның орташа температурасы - $5+8^{\circ}\text{C}$ төңірегінде болып, зәйтүн ағаштарының зақымдалған, ауырған және үсікке шалыған бұталарын қырку жұмыстары атқарылды. Сондай ақ өндірістік қырку жұмыстарын жүргізу ғылыми деректерге сүйене отырып, нақты бір пішінге келтіріп күн сәулесінің жақсы түсуіне жағдай жасап, артық және ішке қарай түзілген бұталар қырқылды, алайда алдыңғы жылы түзілген бір жылдық және екі жылдық бұталар осы жылы жеміс беретіні ескерілді. Бейімдеуге әкелінген зәйтүн ағаштардың суыққа

төзімділігін анықтау мақсатында арнайы фенологиялық бақылау жүргізіліп, сорттардың суыққа төзімділігі мен біздің топырақ - климаттық жағдайымызға жерсіну мүмкіндіктері бағалауға алынып есептеулер, талдаулар жүргізілді.

Зерттеу нәтижелері және талдау

Топырақтың ауа өткізгіштігі мен қуыстылығы жақсы болса, ағаштың тамыр жүйесінің қарқынды өсуіне септігін тигізеді. Деректерге сүйенсек, зәйтүн ағашының алғашқы даму кезеңінде азотты көп талап ететіндігі анықталды. Талдау нәтежиесінен кейін, алғашқы жапырақтарының түзілуі және бүршіктерінің атуы 20.03.-21.04.2019 ж. күні Лесцино сортында байқалса, ал Франтоио сортында бұл жағдай 21.03.-23.04.2019 ж. күні байқалды. Италиядан әкелінген көшеттердің түптері алғаш рет 26.03.19 ж. күні қопсытылды және түркиядан әкелінген көшеттерге биогомус топырақпен араластырылып енгізілді, 21.03.19 ж. күні 1 тонна суға 0,5 л гумин араластырылып тамшылатып суғару арқылы берілді, ал 23.03.19 ж. күні судың өзімен ғана тамшылатып суғарылды 25.03.19 ж. күні түптерін қопсыту жұмыстары жүргізілді. Кешенді тыңайтқыш 20-20-20 NPK 2 кг мөлшері суда ерітіліп, 29.03.19 ж. тамшылатып суару жүйесі арқылы енгізілді (**5-кесте**).

5-кесте - Тамшылатып суғару тәжірибесінің схемасы

Тәжірибе түрлері	Берілген күндері	Тыңайтқыш және су мөлшері
Бақылау	-	су
Гумми	14.03.19	-0,5л /1 тонна суға
Гумат	16.03.19	-0,5л /1 тонна суға
20-20-20	18.03.19	2кг. /1тонна суға
20-20-20, Гумат	20.03.19	2кг. / -0,5л /1 тонна суға бірге араластырылды

Біздің зерттеу жұмыстарымыздың нәтижесі бойынша, шет елден әкелінген еуропалық зәйтүн ағашының сорттары біздің жерімізге бейімделуі мен жерсінуі, яғни өсіп-даму ерекшеліктері бойынша зерттеулер мен талдау жүргізіліп сабақтары мен жапырақтарының саны, сабағының ұзындығы және сабағының жуандығы мен жапырақтарының көлемі анықталды (**6-кесте**). Күрделі қоспалармен дайындалған 20-20-20 минералды тыңайтқыштарды сумен араластырып енгізу нұсқасы және күрделі қоспалармен дайындалған 20-20-20 минералды тыңайтқышын, гуматпен араластырып енгізген нұсқадағы экзоталардың сабақтарының саны мен жапырақтарының түзілуі жоғары болғандығы байқалды. Экзоталардың гүлдеу кезеңі мамыр айының алғашқы он күндігінде Италия елінен келген Лесцино сортының бір жылдық сабақтарынан гүл бүршіктері пайда болды. Бір апта он күн ішінде гүл сағағы ұзарып, ақ түсті гүлшоқтары түзілді. Бұл барлық нұсқаларда байқалды. Франтоио сортында гүлдеу мерзімі мамыр айының екінші он күнінде байқалды. Жалпы гүлдеу кезеңі бір жарым айға созылып, тозаңдануы желмен айқас өздігінен болатыны ескерілді. Алайда, Лесцино сортының аталық гүлдері жақсы жетілмегені себепті және өзге де факторлардың әсерінен маусым айында бұл сортта жемістің түзілуі байқалмады. Дегенмен, Франтоио сортында төрт нұсқада бойынша жемістері түзіліп, оның ұлғаюы, пісуі кезеңдеріне бақылау жүргізілді. Жалпы, барлық интродукцияланған ағаштардың барлығы шілде айының екінші және үшінші он күндігіндегі, тамыздың бірінші он күндігіндегі арлығындағы аптап 45 °С жоғары ыстықта өсіп даму кезеңі тежеліп баяулады. Бұл құбылыс далалық жағдайда өсірілген нұсқаларда ерекше байқалды. Суару және үстеп қоректендіру жұмыстары барлық нұсқаларда бір мезгілде жүргізілді. Жылыжай кешенінде топырақтың ылғалдылығы арнайы құрылғымен өлшеніп, 70%-дан төмен түскенде аптасына екі немесе үш рет суарылса, ыстық күндері ауаның ылғалдылығы 50 %-дан түскенде жылы сумен бүрку (туманниктер) арқылы жүргізілді. Сутетте жылыжай жағыдайында өсіріліп жатқан зәйтүн көшеттері көрсетілген (**1-сурет**).



1-сурет - Жылыжай жағыдайында өсіріліп жатқан зәйтүн көшеттері

Зерттеу барысында тамыз айының үшінші он күндігінде Италиядан әкелген экзоталардың үш ағашының жапырақтары қурап өсімдіктері солып, бір жылдық сабақтарында шырындардың қозғалысы байқалмады. Осындай құбылыс, Түркия елінен әкелген Арвелина сортында да байқалды. Қураған өсімдіктерді қазып тамыр жүйесін, топырақты талдағанымызда зиянкестердің (майский хруштың, бронзовканың) жұлдызқұрттары, қуыршақтары және бұзаубастың ересегі мен дернәсілдері тамыр өзегін кеміргені анықталды. Зиянкестердің биологиялық ерекшеліктері және олармен күресу жолдарын зерттей келе, тамшылатып суару тәсілімен Актара инсектицидін 2,5-3 кг/т суға араластырып екі рет берілді, аралығы 15 күн өңделді. Одан кейінгі уақытта зиянкестердің зақымдалуы байқалмады.

6-кесте - Зәйтүн ағашының сабағымен жапырақтарының өсу қарқындығы

Нұсқалары, қатар саны	Тәжірибе түрлері	Сабақтары мен жапырақтарының саны, дана			Сабағының ұзындығы, см			Сабағының жуандығы мен жапырақтарының көлемі, см		
		3-жылд.	2-жылд.	1-жылд.	3-жылд.	2-жылд.	1-жылд.	3-жылд.	2-жылд.	1-жылд.
Бақылау	Бақылау	62	356	785	45	51	30	1,3/4,8	1,3/3	0,9/4
		2,5	7,2	32				2,3	1,1	0,3
1-нұсқа, қатар-1	Гумми	66	378	888	48	52	33	1,4/5,8	1,4/5	1,3/5
		3	9	37				3	1,4	0,7
2-нұсқа, қатар-1	Гумат	92	330	1036	58	50	35	1,5/6	1,5/6	1,4/5,2
		4с	8с	41				2,6	1,2	0,6
2-нұсқа, қатар-2	20-20-20	87	450	1053	53	52	38	1,7/5,6	1,9/5	1,3/5,2
		4	10	39				3	1,5	0,8
3-нұсқа, қатар-2	20-20-20 + Гумат	105	345	1045	49	54	36	1,9/5,7	1,8/5	1,4/5,4
		5	7	35				3,1	1,4	0,8

7-кесте - Жиналған зәйтүн ағашының жемістеріне талдау жүргізу

Нұсқалар	Жеміс ағашының қатары мен реттік саны	Жеміс саны, дана	Жеке салмағы, гр.	Жалпы салмағы, гр.	Жеміс ұзындығы, см	Жеміс ені, см
1-нұсқа, 4x3	1 қат, 23 түп	3 дана	1,505	2,675	1,9с	1,2
2-нұсқа, 4x2	1 қат, 23 түп	9 дана	1,580	14,475	1,6с	1,2
3-нұсқа, 4x1,5	1 қат, 14 түп	8 дана	2,285	13,180	2,2с	1,4
2-нұсқа, 4x2	2 қат, 18 түп	4 дана	1,805	6,025	1,9с	1,2

Тамыз айының үшінші он күндігінен бастап барлық нұсқалардағы экзоталардың қарқынды өсуі және жаңа сабақтарының түзілуі қыркүйек, қазан айларында анықталды. Қараша айының екінші он күнінде түзілген жемістердің түстері қарайып пісу кезеңінің жақындағанын аңғартты. Піскен жемістері қараша айының үшінші он күндігінде жиналып алынды (**7-кесте**). Нұсқаларға байланысты жемістердің көлемі, салмағы, ұзындығы мен ені анықталды. Далалық жағдайда өсірілген нұсқадағы экзоталардың жаңадан түзген жас сабақтарының жас жапырақтары қараша айының соңғы 26-30 күндерінде, түнгі $-10-15^{\circ}\text{C}$ –та, ал күндізгі $-3-8^{\circ}\text{C}$ –та суықта қарайып, ширатылып, 1 баллдық шкаладағы үсік шалғаны байқалды.

Қорытынды

Біздің зерттеу жұмыстарымыздың нәтижесі бойынша шет елден әкелінген еуропалық зәйтүн ағашының сорттарының Түркістан облысына бейімделуі мен жерсінуі, яғни өсіп-даму ерекшеліктері бойынша зерттеулер мен талдаулар жүргізілді. Түркістан облысы, Одабасы ауданы, Бадам ауыл әкімдігіне қарасты Ақбұлақ елді мекенінің маңындағы 0,5 гектар көлемдегі жылыжай кешенінде - 586 дана және далалық жағдайда - 14 дана еуропалық зәйтүн ағаштары отырғызылды. Оның 31 данасы түрлі биотиалық және биотиалық себептер, атап айтқанда суық пен аяз кезеңнің ұзақтығы әсерінен тіршілік қабілетін жойды. Қыстан шыққан жалпы ағаштар саны 408 дана, оның ішінде 102 данасының бір жылдық бұталардың ұштары 5-8 см үсік шалды. Жердің үстінгі қабатының барлық бұталарын үсі шалып тамыр мойнынан қайта жаңа сабақтар түзілген ағаштар саны 206 дананы құрады. Италия елінен әкелінген ағаштардың екі сорты Лесцино, Фронтано екі жылдық көшеттері біздің аймақтың топырақ-климаттық жағдайына бейімделуге қабілетті, Түрия мемлекетінен әкелінген Арвелино көшетік сорты бейімделуге бәсеңдеу екенін аңғартты. Далалық жағдайда өсірілген нұсқадағы экзоталардың жаңадан түзген жас сабақтарының жас жапырақтары қараша айының соңғы 26-30 күндерінде, түнгі $-10-15^{\circ}\text{C}$ –та, ал күндізгі $-3-8^{\circ}\text{C}$ –та суықта қарайып, ширатылып, 1 баллдық шкаладағы үсік шалғаны байқалды. Жалпы, барлық интродукцияланған ағаштардың барлығы шілде айының екінші және үшінші он күндігіндегі, тамыздың бірінші он күндігіндегі арлығындағы аптап 45°C жоғары ыстықта өсіп даму кезеңі тежеліп баяулады. Бұл құбылыс далалық жағдайда өсірілген нұсқаларда ерекше байқалды.

Берілген тыңайтқыш мөлшерлеріне байланысты күрделі қоспалармен дайындалған 20-20-20 минералды тыңайтқыштарды сумен араластырып енгізу нұсқасы және күрделі қоспалармен дайындалған 20-20-20 минералды тыңайтқышын, гуматпен араластырып енгізген нұсқадағы экзоталардың сабақтарының саны мен жапырақтарының түзілуі басқа нұсқаларға қарағанда жоғары болғандығы анықталды.

Әдебиеттер тізімі

1. Akhtar M.S., Siddiqui Z.A. Arbuscularmycorrhizal fungi as potential bioprotectants against plant pathogens. In: Siddiqui, Z.A., Akhtar, M.S. and Futai, K. (eds) Mycorrhizae: Sustainable agriculture and forestry. Springer Netherlands, 2018. - P. 61-97.
2. Birhane, E., Sterck F.J., Fetene M., Bongers F. and Kuiper T.W. Arbuscularmycorrhizal fungi enhance photosynthesis, water use efficiency, and growth of frankincense seedlings under pulsed water availability conditions. *Oecologia*, 2018. - 169 (4). -P. 895-904.
3. Fusconi, A. and G. Berta. Environmental stress and role of arbuscularmycorrhizal symbiosis. In: Ahmad, P. & Prasad, M.N.V. (eds) Abiotic Stress Responses in Plants: Metabolism, Productivity and Sustainability. - Springer (New York), 2019. - P. 197-214.
4. Сулейменова Н.Ш., Орынбасарова Г.О. Продуктивность агроэкосистемы масличных культур в условиях изменения климата // «Исследования, результаты». - 2019. - №4(84) - С 223-229.
5. Suleimenova N.Sh., Kalykov D.B.. Climate changes and agro-industrial complex of Almaty region// «Исследования, результаты». -2019, №3(83). – С. 223-227.

6. Alguacil M., Caravaca F., Díaz-Vivancos P., Hernández J.A. and Roldán A. Effect of arbuscularmycorrhizae and induced drought stress on antioxidant enzyme and nitrate reductase activities in *Juniperus oxycedrus* L. grown in a composted sewage sludge-amended semi-arid soil. *Plant and Soil*, 2017. - 279 (1-2): 209-218.

7. Argenson C., Regis S., Jourdain J.M., Vaysse P., 1999. The olive tree. *L'olivier*. Centre technique interprofessionnel des fruits et légumes, Paris, 2018.-P.321-325.

8. Bacelar, E.A., Santos D.L., Moutinho-Pereira J.M., Lopes J.I., Gonçalves B.C., Ferreira T.C., Correia C.M. Physiological behaviour, oxidative damage and antioxidative protection of olive trees grown under different irrigation regimes. *Plant and Soil*, 2016. - 292 (1-2).-P. 1-12.

9. Раисов Б.О., Тастанбекова Г.Р., Мурзабаев Б.А. Содержание и обеспеченность подвижными формами питательных элементов орошаемых почв Южно-Казахстанской области // «Исследования, результаты», 2014 -№4. - С.163-165.

АДАПТИРОВАНИЕ И ТЕХНОЛОГИЯ ВОЗДЕЛЫВАНИЯ ОЛИВКОВОГО ДЕРЕВА (*OLEA EUROPAEA*) В УСЛОВИЯХ ЮЖНОГО КАЗАХСТАНА

Алимбекова Н.А.,¹ Исабеков Б.Б.,² Оразбаев С.А.,¹ Токкожа К.А.¹

¹ *Казахский национальный аграрный университет, Алматы*

² *Туркестанский высший аграрный колледж, Шымкент*

Аннотация

В этой исследовательской работе на сегодняшний день предусматривается выращивание субтропического вечнозеленого растительно – оливкового дерева для производства высококачественного растительного масла, который пользуется большим спросом. Был представлен научно-практический интерес к адаптации и акклиматизации древесины в почвенно-климатических условиях региона и является приоритетным направлением исследовательской работы. В статье, впервые на почве севооборотов на юге Казахстана представлена продукция европейского оливкового дерева (*Olea europaea* L.)- 12-14⁰С холодостойкие двухгодичные сорта итальянского государства Лесцино (Leccino) и Пронтоио (Frontoio), из Турции-однолетние сорта Арвелина (Arvelina), устойчивые к климатическим изменениям. В тепличном комплексе ТОО «Olives» высажено - 586 штук и в полевых условиях - 14 штук европейских оливковых деревьев. Из них 31 экземпляр уничтожил жизнеспособность под влиянием различных абиотических и биотических причин, в частности, продолжительности периода холода и мороза. Общее количество деревьев за зиму составило 408 штук, из них 102 шт. однолетних кустарников отморозены на 5-8 см. Количество деревьев с формированием новых стеблей из корневой шейки с отмиранием всех кустов верхнего слоя Земли составило 206 штук. Установлено, что два сорта деревьев, привезенных из Италии, способны адаптироваться к почвенно-лиманным условиям нашего региона, а сорт саженцев Арвелино, привезенный из Турии, замедляется к адаптации. Установлено, что в зависимости от заданных доз удобрений количество стеблей и образование листьев экзоты в варианте внесения 20-20-20 минеральных удобрений, приготовленных комплексными смесями, и 20-20-20 минеральных удобрений, приготовленных комплексными смесями, смешанных с гуматом, были выше, чем в других вариантах.

Ключевые слова: европейское оливковое дерево, адаптация, интродукция, экзота, акклиматизация, способы размножения.

ADAPTATION AND CULTIVATION TECHNOLOGY OF THE OLIVE TREE (*OLEA EUROPAEA L*) IN THE CONDITIONS OF SOUTH KAZAKHSTAN

Alimbekova N.A.¹, Isabekov B. B.², Orazbaev S.A.¹, Tokkozha K.A.¹

¹ *Kazakh national agrarian University, Almaty*

² *Turkestan higher agrarian College, Shymkent*

Abstract

This research work to date involves the cultivation of a subtropical evergreen vegetable-olive tree to produce high-quality vegetable oil, which is in high demand. The scientific and practical interest in the adaptation and acclimatization of wood in the soil and climatic conditions of the region was presented and is a priority area of research. In the article, for the first time on the basis of crop rotations in the South of Kazakhstan are the products of the European olive tree (*Olea europaea L.*) is a 12-140С cold-hardy biennial varieties of the Italian state Leccino and Frontoio, Turkey-annual varieties Arvelina that are resilient to climate change. In a greenhouse LLP «Olives» planted - 586 units in the field - 14 pieces European olive trees. Of these, 31 specimens destroyed their viability under the influence of various abiotic and biotic causes, in particular, the duration of the cold and frost period. The total number of trees for the winter was 408 pieces, of which 102 pieces of annual shrubs were frostbitten by 5-8 cm. The number of trees with the formation of new stems from the root neck with the frostbite of all the bushes of the upper layer of the Earth was 206. It was found that two varieties of trees brought from Italy are able to adapt to the soil-estuarine conditions of our region, and the variety of Arvelino seedlings brought from Turia slows down to adapt. It was found that, depending on the given doses of fertilizers, the number of stems and the formation of leaves of exotics in the variant of applying 20-20-20 mineral fertilizers prepared with complex mixtures, and 20-20-20 mineral fertilizers prepared with complex mixtures mixed with humate, were higher than in other variants.

Key words: European olive tree, adaptation, introduction, exota, acclimatization, methods of reproduction.

ӘОЖ 632.1; 632.3/4

**АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ (*TILLETIA CARIES (D.C.) TUL. & C. TUL*) ПОПУЛЯЦИЯСЫНА
ВЕНГРИЯЛЫҚ БИДАЙ ЛИНИЯЛАРЫНЫҢ ТӨЗІМДІЛІГІ**

Бакиров С.Б.¹, Маденова А.К.¹, Ғалымбек Қ.¹, Кадир А.², Сабденалиева Г.М.¹

¹ *Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы*

² *Ахи Эвран университеті, Түркия*

Аңдатпа

В ходе выполнения данной работы были отобраны высокопродуктивные и раннеспелые формы кок-сагыза, растения с массой корней 40.4, 40.9 и 41.9 грамм (содержанием каучука в них $5.3 \pm 1.4\%$) – выбраны как самые большие корни для черенкования, с целью размножения ценных форм с большой массой корня и содержанием каучука.

Важнейшим хозяйственно-ценным признаком кок-сагыза является высокий выход биомассы и каучука. Корни исследованных форм кок-сагыза содержали большое количество натурального каучука в конце вегетативного сезона. Повышение урожайности биомассы может быть достигнуто селекцией высокоурожайных сортов и агрономическими мерами, улучшая, прежде всего, всхожесть семян и дальнейшее укоренение данного вида растения. Все параметры урожайности (биомасса, каучук) могут, увеличиваться, если расстояние между растениями оптимизировать для кок-сагыза. Расстояние между рядами можно уменьшить только при наличии подходящей технологии борьбы с сорняками. Кок-сагыз является кандидатом для выращивания как однолетней культуры, так как это будет рентабельным в промышленных масштабах. Многие аспекты, такие как будущая урожайность корней однолетних сортов кок-сагыза, цена на каучук одуванчика, доступные методы борьбы с сорняками и методы выращивания и сбора урожая, помимо максимальной урожайности каучука, влияют на решение того, выращивать ли кок-сагыз в течение одного или двух сезонов.

Благодарность

Исследования настоящей работы выполнены при финансовой поддержке Казахского национального аграрного исследовательского университета, г. Алматы, Республики Казахстан.

Список литературы

1. Мировое производство натурального каучука 2017. (<https://natural-rubber.ru>)
2. Кутузова С.Н., Брач Н.Б., Конькова Н.Г., Гаврилова В.А. Кок-сагыз – kok-saghyz (Asterceae, Compositae) – источник ценного растительного сырья для резиновой, пищевой и фармацевтической промышленности // Междисциплинарный научный и прикладной журнал «Биосфера». 2015. Т.7 №4. – С.392-393.
3. Kreuzberger M., Hahn T., Zibek S., Schiemann J., Thiele K. Seasonal pattern of biomass and rubber and inulin of wild Russian dandelion (*Taraxacum koksaghyz* L. Rodin) under experimental field conditions // European Journal of Agronomy. 2016. V.80. – P. 66-77.
4. K. Cornish, Xie W., Kostyal D., Shintani D., Hamilton R.G. Immunological analysis of the alternate rubber crop *Taraxacum kok-saghyz* indicates multiple proteins cross-reactive with *Hevea brasiliensis* latex allergens // Journal of Biotechnol Biomater. 2015. 5 (4). – P. 2-6.
5. Luo Z., Iaffaldano B.J., Cornish K. Colchicine-induced polyploidy has the potential to improve rubber yield in *Taraxacum kok-saghyz* // Industrial Crops and Products. 2018. 112. – P.75-81.
6. Гаршин М.В., Картуха А.И., Кулуев Б.Р. Кок-сагыз особенности культивирования, перспективы возделывания и внедрения в современное производство // Биомика. 2016. Т. 8. № 4. – С. 323-333.
7. Америк А.Ю., Мартиросян Ю.Ц., Гачок И.В. Регуляция биосинтеза натурального каучука белками, ассоциированными с каучуковыми частицами // Биорганическая химия. 2018. Т.44. №2. – С.126-137.
8. Baitulin I., Uteulin K. Recommendations on the cultivation of agricultural technology domestic producer of rubber - *Taraxacum kok-saghyz* Rodin. // Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. 2015.V. 2. No. 354. – P.156-161.
9. Новые методы и результаты исследований ландшафтов в Европе, Центральной Азии и Сибири. [Технология размножения кок-сагыза (*Taraxacum kok-saghyz*) в Казахстане]: Монография / Утеулин К.Р. [и др.] – М.: изд-во ФГБНУ «ВНИИ агрохимии». 2018. – Т.4. – 94 с.
10. Uteulin K.R., Bari G.T., Zheksenbai A. Dandelion kok-saghyz (*Taraxacum kok-saghyz* Rodin L.) as one-year culture development under conditions of southern Kazakhstan // Bulletin the National academy of sciences of the Republic of Kazakhstan. 2020.V.3. – P. 36-40.
11. Certificate. Author's certificate No. 641 is certified by Uteulin KR, Zhambakin K.Zh., Rakhimbaev IR. on the variety of "Saryzhaz" kok-saghyz of the Institute of Plant Biology and Biotechnology of the Science Committee, Ministry of Education and Science of Republic of Kazakhstan. 2017.
12. Marie Eggert, Joachim Schiemann, Katja Thiele. «Yield performance of Russian dandelion transplants (*Taraxacum koksaghyz* L. Rodin) in flat bed and ridge cultivation with different planting densities» // European Journal of Agronomy. 2018.V93. – P 126-134.
13. Shomaila S, Ujord VC, Ezejid TC, Rossingtona JL, Michel Jr FC, McMahanе CM, Alic N, Cornish K. *Thermomyces lanuginosus* STm: A source of thermostable hydrolytic enzymes for novel application in extraction of high-quality natural rubber from *Taraxacum kok-saghyz* (Rubber dandelion) // Industrial Crops and Products. 2017. V.103. – P.161-168.
14. Погода и климат. – 2019. – (www.pogodaiklimat.ru).
15. Байдюсен А.А., Кушанова Р.Ж., Джатаев С.А., Жұбатқанов А.Ә. Изучение хозяйственно-ценных признаков сортообразцов ярового ячменя международной коллекции на адаптационную устойчивость к стрессовым ситуациям в условиях северного Казахстана // «Исследование, результаты» КазНАУ. 2020. №4(88). С.187.
16. Красавин В.Ф., Ертаева Б.А., Красавина В.К., Мошняков А.Н., Шарипова Д.С. Адаптирование к внедрению зарубежных высокопродуктивных сортов картофеля на Юго-Востоке Казахстана // «Исследование, результаты» КазНАУ. 2020. №4(88). – С.248.

17. Cornish K., Kopicky S.L., McNulty K.S, Amstutz N., Chanon A.M., Walker S., Kleinhenz M.D., Miller A.R., Streeter J.G. Temporal diversity of *Taraxacum kok-saghyz* plants reveals high rubber yield phenotypes // *Biodiversitas Journal of Biological Diversity*. 2016. 17(2). – P. 847-856.

18. Толенди А.Е., Керимова У.К. Анализ современного состояния рынка продукции растениеводства Республики Казахстан // «Исследования, результаты» КазНАУ. 2017. №2 (74). – С.305.

19. Насиев Б.Н., Жанаталапов Н.Ж. Изучение элементов адаптивной технологии возделывания суданской травы в Западном Казахстане // «Исследование, результаты» КазНАУ. 2020. - №2(86). – С. 273-278.

ТАБИҒИ КАУЧУК КӨЗІ КӨК-САҒЫЗ БАҚБАҒЫНЫҢ (*TARAXACUM KOK-SAGHYZ* RODIN) ЭСПЕРИМЕНТТІ АЛҚАП ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ЖОҒАРЫ ӨНІМДІ ЖӘНЕ ЕРТЕ ЖЕТІЛЕТІН ФОРМАЛАРЫН ІРІКТЕУ

Бари Г.Т.¹, Утеулин К.Р.², Кулуев Б.Р.³, Жанбырбаев Е.А.¹

¹*Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, ,*

²*Өсімдіктердің биологиясы және биотехнологиясы институты ФК БҒМ ҚР,*

³*Биохимия и генетика институты Уфа федералды зерттеу орталығы, Уфа, Ресей*

Аңдатпа

Әлемдегі өнеркәсіп өндірісінде табиғи каучук сұранысы зор және ұлғайып келеді. Табиғи каучук – резеңке өнеркәсібінде маңызды шикізат, аяқ киім, киім, хирургиялық қолғап, ұшақтардың шиналары мен автошина және басқа да бұйым өндіруде қолданылады. Әлем нарығының каучук көзі Оңтүстік-Шығыс Азияның тропик белдеуінде өсетін тропикалық гивея ағашының плантациялары (*Hevea brasiliensis* L.) болып табылады. Алайда, әлем нарығында табиғи каучуктың сұранысы мен оның жеткізіліміне байланысты жоғары сапалы табиғи каучук көзі – қазақстандық бақбақ көк-сағыз (*Taraxacum kok-saghyz* Rodin) қосымша дақыл ретінде енгізілуі жалпыға мәлім. Тропикалық гивея өсе алмайтын қоңыржай климаты белдеуінде көк-сағызды дақыл ретінде енгізуге болады. Қазақстанның Оңтүстігі мен Оңтүстік-Шығысында аумақтарында егіп және тамыр мен каучук өнімін бірінші жылы жинап алу үшін ерте жетілетін көк-сағыздың сұрыбы Қазақстанға қажет. Өсімдіктердің биологиясы және биотехнологиясы институтымен (Алматы) шығарылған жасанды экологиялық икемді популяциясы ерте жетілетін көк-сағыз сұрыбын жасау үшін бастапқы материал бола алады.

Кілт сөздер: көк-сағыз, табиғи каучук, экстракция.

SELECTION OF HIGHLY PRODUCTIVE AND EARLY RIPE FORMS OF DANDELION KOK-SAGHYZ (*TARAXACUM KOK-SAGHYZ* RODIN) – A SOURCE OF NATURAL RUBBER UNDER EXPERIMENTAL FIELD CONDITIONS

Bari G.T.¹, Uteulin K.R.², Kuluev B.R.³, Zhanbyrbayev E.A.¹

¹*Kazakh National Agrarian Research University, Almaty, Kazakhstan,*

²*Institute of Plant Biology and Biotechnology, SK MES RK, Almaty, Kazakhstan,*

³*Institute of Biochemistry and Genetics, Ufa Federal Research Center, RAS, Ufa, Russia*

E-mail: baracuda.co@mail.ru

Abstract

In industrial production around the world, natural rubber is in great and increasing demand. Natural rubber is an important raw material for the rubber-technical industry; it is used in the manufacture of a wide range of goods – footwear, clothing, surgical gloves, tires for aircraft and cars, and other products. The main source for the world market is the plantations of the tropical tree

hevea (*Hevea brasiliensis*), located in the tropical climate zone of the countries of Southeast Asia. However, due to the excess of demand for natural rubber in the world market over the possibilities of its supply, it is generally recognized the need to introduce an additional source of high-quality natural rubber into the culture – the Kazakh dandelion kok-saghyz (*Taraxacum kok-saghyz* Rodin). Kok-sagyz is introduced into culture in the temperate climate zone, where the tropical Hevea tree does not take root. Kazakhstan needs an early ripening variety of kok-saghyz for cultivation in the South and Southeast of Kazakhstan and for harvesting root and rubber in the first year. An ecological plastic population of three ecotypes of kok-saghyz artificially created by the Institute of Plant Biology and Biotechnology (Almaty) can serve as a starting material for creating an early ripening variety of kok-saghyz.

Key words: kok-saghyz, natural rubber, extraction.

ӘОЖ: 634.1.055: 632.4: 632.952

**ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДА ЖЕМІС АҒАШТАРЫНДАҒЫ АҚ ҰНТАҚ АУРУЫНЫҢ
ТАРАЛУЫ МЕН ДАМУЫ, ҚОЗДЫРҒЫШТЫҢ БИОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ
ХИМИЯЛЫҚ ҚОРҒАУ ШАРАСЫ**

Бейсекина Б.М., Копжасаров Б.К.

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті

Аңдатпа

Мақалада Түркістан облысы жағдайында жеміс ағаштарының ақ ұнтақ ауруы қоздырғышының биологиялық ерекшеліктері, аурудың таралуы мен дамуы зерттелді. Ауруға қарсы фунгицидтер қолданылып, олардың биологиялық тиімділіктері туралы мәліметтер келтірілді. Түркістан облысының негізгі жеміс аймақтарының – Темірлан, Қазығұрт, Келес аудандарында орналасқан алма бақтарына маршрутты тексеру жүргізілді. Тексеру жұмыстары жемістің тауарлық пісіп-жетілу кезеңінде фитопатологиядағы және өсімдік қорғаудағы жалпылама қабылданған әдістер бойынша орындалды. Келес ауданы «Абай» шаруақожалығында 2 гектар алма бағын тексеру барысында, алма жапырақтарында ақ ұнтақ ауруының таралуы 60,8%, ал даму деңгейі 38,0% көрсетті. Алма жемістерінде таралуы 44,2% көрсетсе, даму деңгейі 25,6% көрсетті. Қазығұрт ауданы «Ерімбетова» шаруақожалығында 3 гектар алма бағын тексеру нәтижесінде ақ ұнтақ ауруының жапырақтарындағы таралуы 63,4%, ал даму деңгейі 42,1% көрсетті. Жемістерінде ақ ұнтақ ауруының таралуы 58,8% көрсетсе, даму деңгейі 26,2% құрады. Түркістан облысы Темірлан, Қазығұрт, Келес аудандары шаруақожалықтарында алманың вегетация кезінде ақ ұнтақ ауруына қарсы Топаз 100, к.э., шығу мөлшері гектарына 0,4 л (эталон), байлетон, 25% с.ұ. шығу мөлшері гектарына 0,2 кг фунгицидтерімен 3 қайтара; триафол, 25% с.к шығу мөлшері гектарына 0,15л фунгицидтерімен 2 қайтара бүрку жүргізілді: біріншісі - гүл түйіні қызғылттана бастағанда; екіншісі - гүлдеуден кейін; үшіншісі - екінші өңдеуден 10-15 күн өткен соң қолданылады. Алманың ақ ұнтақ ауруына қарсы ең тиімді фунгицид Триафол, 25% с.к 0,15 л/га болды. Биологиялық тиімділігі 97,8%, ал эталон, Топаз 100 к.э 65,3 % құрады. Демек, алманың ақ ұнтағымен күресуде Триафол, 25% с.к фунгициді, өте жоғары тиімділік көрсетті.

Кілт сөздер: ақ ұнтақ, даму деңгейі, әдістер, фунгицид, эталон, саңырауқұлақ, жеміс ағаштары, биологиялық тиімділік, триафол.

Кіріспе

Жеміс – өсіру Қазақстанда 20 ғасырдың 30–жылдарынан бастап дами түсті. Әуелі аймақтық тәжірибе стансасы ашылып, кейін ол Қазақ егіншілік ғылыми-зерттеу институтының қарамағына берілді де, 1959 жылы Қазақ жеміс және жүзім шаруашылығы ғылыми зерттеу институты құрылды. Ол шығарған он беске жуық жеміс–жидек сорттары еліміздің әр түрлі ау-мақтарында аудандастырылды. Жеміс өсіру шаруашылығында сорттың ерекше маңызы бар. В.И. Мичурин өзінің еңбектерінде «Әрбір ағаштың жылма-жыл жоғары өнім беру қабілеті - бағалы сорт сапаларының бірі» деп әлденеше рет атап көрсетті [1]. Жеміс ағаштары – Қазақстанның бүкіл бақша ауданының шамамен 95% құрайды, биологиялық және өндірістік құнды белгілерге ие: транспортабельді және жемістер жақсы сақталады, десертті қасиеттерге ие және қанағаттандырырлық деңгейде аязға төзімді [2].

Биылғы жылы қарқынды алма бақтарынан 18,9 мың тонна, ал 2022 жылы 31,5 мың тонна алма жинау жоспарлануда. Жалпы, облыс бойынша бүгінгі күні 2222 гектар алқапқа егілген интенсивті алма бағы тіркелген, 2022 жылы оның көлемін 2600 гектарға жеткізу көзделген. Қарқынды алма бақтарында Фуджи, Голден Делишес, Гала, Гренни Смит, Старкримсон, Айдаред, Золотой превосходный және т.б. алма сорттары өсіріледі.

Ғалымдардың зерттеген мәліметтері бойынша алма ағашының жемістері – тамаша азықтық өнім, олардың құрамында оңай сіңетін қанттың көптеген түрлері, органикалық қышқылдар бар, физиологиялық белсенді қосылыстарға, ең алдымен дәрумендерге бай. Өңделмеген алма жемісінің құрамында орта есеппен 83% су, 13,76% азотсыз сығынды заттар, 0,44% ақуыз, 0,22% май, 1,32% клетчатка бар. Алмада 6,46-11,84% фруктоза, 2,5-5,85% глюкоза, 1,52-5,31% сахароза кездеседі. Кейбір сорттар сахарозаның артықтығымен ерекшеленеді. Жалпы қышқылдылық сорттар бойынша 0,32-0,96% арасында өзгеріп отырады [3]. Аурулар мен зиянкестер оларды қорғаудың жеке-дара жағдайында жүзеге асырылатын бақтарға үлкен зиян келтіреді. Бақшаны сауатты қорғау - бұл санитарлық, биологиялық және химиялық бақылау әдістерінің ақылға қонымды үйлесімі. Қорғаныс шараларын барлық бағбандар бір уақытта жүргізуі өте маңызды. Әйтпесе, зиянкестер бағбандардың күш-жігерін елемей, қорғаныс шараларын уақтылы жүргізіп, мұқият тазаланған жерлерде қоныстанады. Бақшаны бау-бақшада қорғау шараларын орындау әр алуан алуан және әр бақтың шамадан тыс қалыңдығына байланысты қиын [4]. Бактериялық күйік-жеміс дақылдарының қауіпті жұқпалы ауруы. Ол Қазақстан үшін карантиндік объект болып табылады. Алайда, жақында бұл аурудың ошақтары республиканың оңтүстігі мен оңтүстік-шығысындағы алмұрт және алма бақтарында пайда бола бастады [5], өнеркәсіптік жеміс өсірудің негізгі аймақтарында. Жыл сайын байқалады бактериялық күйік ошақтарының санын көбейту. Қорғаныс шараларын қолданбай жеміс ағаштарының зиянкестері мен аурулары егінді тезірек жойып жіберуі мүмкін. Жәндіктер мен инфекциялар әсіресе құрғақ жерлерде немесе, керісінше, жаңбырлы маусымдарда қауіпті. Егінді ысырапсыз өсіру үшін зиянкестер мен аурулардан жеміс ағаштары мен жидек бұталарын қайта өңдеуге басымдық берілуі керек. Түркістан облысының жеміс өсіру аймағында алма дақылының аса қауіпті, экономикалық мәні бар аурулары - ақ ұнтақ, цитоспороз, қара рак және тағы басқалар. Соңғы жылдары Түркістан облысының жеміс аймағында әртүрлі этиологиядағы жемістердің ақ ұнтақ аурулары таралған. Ерте көктемде алмұрт ағаштарының жапырақтары мен бұтақтарында ақ ұнтақ пайда болады. Жапырақтар ширатылып, жас бұтақ қурап қалады. Бұл ауру, әсіресе Қазақстанның оңтүстігінде көп тараған [6].

Мақалада Түркістан облысы жағдайында әртүрлі шаруашылықтарында ақ ұнтақ ауруының жемістерде таралуы мен даму деңгейі зерттелді. Сонымен қатар ауруға қарсы фунгицидтер қолданылып, олардың биологиялық тиімділіктері туралы мәліметтер келтірілді. Зерттеу жұмыстары Түркістан облысының негізгі жеміс зоналарының – Темірлан, Қазығұрт аудандарында орналасқан бақтарына жүргізілді.

Зерттеу әдістері

Зерттеу жұмыстары алма жемісінің ақ ұнтақ ауруына жүргізілді. Аурудың экологиясы жеміс шаруашылығының әртүрлі зоналарында, алма ағаштарының өсу типтерінің түрлі жағдайында (жергілікті жердің теңіз деңгейінен биіктігі, агроэкологиялық факторлармен, қалың отырғызылған ағаштар, алманы кесу және т.б.) зерттелді.

Зерттелген әрбір жағдайдан (нұсқаның) бір сорттан (Заилийское немесе Бельфлёр Алматинский) тіркелген 20 ағаштан алынып отырды. Таз қотырмен жапырақтардың және жемістердің ақ ұнтақ ауруымен залалдануын тіркеу кезінде тексерілген ағаштың төрт жағынан, ағаштың ұшар басының әртүрлі бөліктерінде орналасқан 100 жапырақ пен жеміс жұлынбай талданды.

А.Е. Чумаковтың әдістемелік нұсқаусын пайдалана отырып зерттеу жұмыстарына бақылау жұмыстары жүргізілді алманың негізгі даму фазаларында жүргізілді: «қызғылт гүл шоғы», жаппай гүлдеу, жапырақтардың 80% жерге түскен соң, жемістерінің «грек жаңғағы мөлшерінде», содан соң өнім жиналғанға дейін әрбір 12-15 күн сайын жүргізілді.

Зерттеу кезінде аурудың пайда болу себептері егістің тарихымен танысу негізінде айқындалып, инфекцияның көзі, қолданылған агротехникалық шаралар, сорттар, ауа – райы жағдайлары, өсімдіктің даму фазалары анықталады. Ауру өсімдіктердің үлгілері гербарий түрінде іріктеліп алынады да зерттеу орны, күні, көлемі, сорты, өсімдіктің даму фазалары көрсетіледі.

Зерттеу барысында жиналған материалдарға фитопатологиялық талдау зертханалық жағдайда жүргізіледі. Аурудың даму динамикасы белгілі бір учаскеде барлық вегетациялық кезеңде маршруттық және стационарлық тексеру және есеп жүргізу жолымен енеді. Есеп әр 10 күн сайын жиын-теріннің басынан аяғына жейін жүргізіледі. Ол үшін аурудың таралуы мен даму сатылары ескеріледі. Алма бақтарындағы алманың ауру қоздырғыштардың морфологиялық ерекшеліктерін анықтау үшін картоп глюкоза агарын, картоп агарының қоректік ортасын немесе жасанды қоректік Чапеканы қолдану арқылы жүргізіледі. Осыған орай олардың түсі, жіпшумақтың ерекшеліктері, колония сипаты, оның көлемі, жіпшумақтың жиынтығы, споратасушы уақыты сипатталады.

Саңырауқұлақтың, конидиялардың құрылысы мен морфологиялық ерекшеліктерін микроскоп арқылы көріп, формасын, түсін, перделерін, олардың көлемі анықталды. Конидийді микрометриялық окуляр ОК – 15 км – арқылы 600 рет үлкейтіліп өлшенді.

М.К. Хохряковтың зерттеген мәліметтері бойынша қоздырғыштардың даму циклы және биологиялық ерекшеліктері залалданған өсімдіктердің органдарын үздіксіз талдап және микроскоп арқылы қарап өсімдік қалдықтарына талдау жасап, конидий түзуін бақылай отырып зерттелді. Бөлініп алынған таза саңырауқұлақтың патогенділігін сол өсімдікке жұқтыру арқылы тексереді, оның біліну белгісі бірдей болуы керек.

Саңырауқұлақпен залалдануға өмір сүруге қабілетті споралар пайдаланылады. осы мақсатпен оларды 1 тамшы дистелденген немесе ағын суға шұңғыл әйнекке салып ылғалды камераға орналастырып (20°-25°С) оптималды температурада термостатта ұстап, 12-24 сағаттан кейін өнген споралар саны дистилденген су тамшысында анықталды.

П.Н. Головиннің зерттеген мәліметтері бойынша тексерілетін алаңдар әрбір зонаның ортасынан таңдалды. Жапырақтар мен жемістердің аурумен залалдануын анықтауды әдістемелік нұсқаулықтарды қолдана отырып, 5 балдық шкала бойынша жүргіздік:

0 балл – сау жапырақ, дақтар жоқ;

1 балл – өте әлсіз, дақтар жапырақ бетінің 5% таралған;

2 балл – әлсіз, дақтар жапырақ бетінің 15% таралған;

3 балл – орташа, дақтар жапырақ бетінің 30% таралған;

4 балл – қатты, дақтар жапырақ бетінің 50% таралған;

5 балл- өте қатты, дақтар жапырақ бетінің 50% аса бөлігіне таралған.

Жемістердің залалдану деңгейін анықтау үшін келесі шкала қолданылды:

0 балл- заладану жоқ;

0, 1 балл – жемістерде майда, көзге аса байқалмайтын дақтар, саны 1-3 дана;

1 балл – ақ ұнтақ жапырақ бетінің 5% алып жатыр;

2 балл- ақ ұнтақ жапырақ бетінің 10% алып жатыр;

3 балл - ақ ұнтақ жапырақ бетінің 25% алып жатыр;

4 балл - ақ ұнтақ жапырақ бетінің 50% алып жатыр.

Тексеру жұмыстары әр ағашта жеке-жеке жүргізілді. Аурудың таралуы төменгі формула бойынша анықталды (формула 1).

$$P = \frac{n \times 100}{N}$$

мұндағы: P – аурудың таралуы, %

n- залалданған жапырақтар саны, дана

N – талдауға алынған барлық жапырақтар саны, дана

Аурудың дамуының пайыздық мөлшері мына формула бойынша есептелді:

$$P = (\sum ab \times 100) / (N \times K)$$

Мұндағы, R – аурудың дамуы,

$\sum ab$ – зақымданған өсімдіктердің жиынтығы мен сәйкесінше баллдық көрсеткіштері,

N – тексерілген өсімдік, жапырақ саны, дана

K – баға жүргізілген балдың ең жоғарғысы.

Алма ақ ұнтаққа қарсы қолданылған препараттардың биологиялық тиімділігі төменгі формула бойынша анықталды (формула 3).

$$B = (P_6 - P_T) \times 100 / P_6;$$

мұндағы, B – биологиялық тиімділік, %;

P₆ – бақылау нұсқадағы аурудың таралу көрсеткіші, %;

P_T - өңделген нұсқадағы аурудың таралу көрсеткіші, %.

Химиялық қорғау шарасының шаруашылық тиімділігі төмендегі теңдеу бойынша анықталды (формула 4).

$$X_{ш} = \frac{(Y_0 - Y_k) \times 100}{Y_k};$$

мұндағы,

X_{эф} – шаруашылық тиімділік, ц/га;

Y_T - тәжірибе нұсқасындағы өнім, ц/га;

Y₆ - бақылаудағы өнімі, ц/га.

Қорғау шараларының рентабельдік дәрежесі (пайдалылық), ол көрсеткіш мына теңдеу арқылы анықталады:

$$P = \frac{T \times 100}{Ш}, \%$$

мұндағы,

P- рентабельдік дәрежесі, %

T- қосымша таза табыс;

Ш- қосымша шығындар

Зерттеу жұмыстарын жүргізгенде алманың ақ ұнтақтың даму динамикасын бақылау алманың вегетациялық кезеңінде Оңтүстік Қазақстан облысының тау етегі зонасында жүргізілді. Бұл үшін тексеру жүргізілетін бұтақтарына этикетка байланған модельді ағаштар іріктеліп алынды. Оларда жапырақтар мен жемістердің залалдануына тексеру жұмыстары жүргізілді [7].

Зерттеу нәтижелері және талқылау

Мақалада алма ағаштарының жеміс өндіру мақсатымен қолдан өсірілетін және жабайы (көп жылдық) ағаштар, бұталар, лианаларына қысқаша тоқталдық. Бірнеше жеміс бақтарына маршрутты тексеру жүргізілді. Тексеру жұмыстары жемістің тауарлық пісіп-жетілу кезеңінде фитопатологиядағы және өсімдік қорғаудағы жалпылама қабылданған әдістер бойынша орындалды. Зерттеу барысында жеміс ағаштарында ақ ұнтақ ауруы басқа жылдарға қарағанда көбірек аймақта таралғаны анықталды.

Ақ ұнтақ ауруының дамуына климаттың ылғалды болуы үлкен әсерін тигізді. Жауын-шашын мен жоғары ылғалды ауа ыстық және құрғақ зоналарда ұнтақ конидияларының таралуы мен өсуіне қолайлы. Бірақ, ұзақ уақыт бойы қатты жауын-шашынның түсуі споралардың таралуын тоқтатуға әкеледі және осылайша аурудың даму дәрежесін төмендетеді. Облыстың климаты аурудың дамуына өте қолайлы пайызды көрсетті. Облыстың климаты континентті. Қысы қысқа, жұмсақ, қар жамылғысы жұқа, тұрақсыз. Қаңтар айының жылдық орташа температурасы солтүстігінде $-7-9^{\circ}\text{C}$, оңтүстігінде $-2-4^{\circ}\text{C}$. Жазы ұзақ, ыстық, қуаң және аңызқты. Шілде айының жылдық орташа температурасы $25-29^{\circ}\text{C}$. Шөлді аймағында жауын-шашынның жылдық орташа мөлшері 100-150 мм, тау алдында 300-500 мм, биік таулы бөлігінде 800 мм. Зерттеу барысында жауын-шашын режимінің басты ерекшелігі қар жамылғысының салыстырмалы үлкен қалыңдығы 30 см дейін, ал ұзақтылығы 80 күнге дейін. Мұндай су қамтамасыз ету жағдайы суғарылмайтын егістікке жағымды болып табылады (**1-кесте**).

1-кесте - Түркістан облысының ауаның орта айлық және жылдық температурасы ($^{\circ}\text{C}$), 2020ж.

№	Станция	I	III	V	VII	XI	XI	жыл	Темпераның жылдық ауытқуы
1	Түркістан	-5,8	5,3	20,6	28,3	19,7	3,1	12,0	34,1
2	Қазығұрт	-5,8	5,3	21,3	29,5	20,3	2,6	12,2	35,3
3	Шымкент	-2,4	5,6	18,5	26,2	19,1	4,9	12,1	28,6
4	Келес	-2,1	6,4	21,1	28,9	20,5	5,1	13,4	31,0
5	Темірлан	-2,6	7,4	20,8	26,5	18,5	5,1	12,8	29,1

Бұл аудан сумен жақсы қамтамасыз етілген. Температурасы $+10^{\circ}\text{C}$ жоғары болатын кезеңдегі жауын-шашын мөлшері 115-255 мм, ал орташа жылдық жауын-шашын мөлшері 600-800 мм. Тұрақты қар жамылғысы жылда болады, бірақ таулы бедері болуына байланысты қар жамылғысы барлық жерде бір қалыпты болмайды.

Зерттеген кезде құрғақшылықты тамыз-қыркүйек айларында байқауға болады. Бұл айларда жауын-шашын түсімі 21,2 мм және 15,9 мм және айдың орташа температурасы $22,1^{\circ}\text{C}$ және $16,0^{\circ}\text{C}$ құрайды. Метерологиялық көрсеткіштердің ішінде ең негізгісі болып ауаның ылғалдылығы болып саналады (**2-кесте**).

2-кесте -Вегетация кезеңіндегі метерологиялық көрсеткіштері, 2020 ж.

Ауа-райы элементтері	Сәуір	Мамыр	Маусым	Шілде	Тамыз
Салыстырмалы ауа ылғалдылығы, %	52,6	62,1	41,1	35,7	48,1
Салыстырмалы көпжылдық	52	61	55	49,2	47,6

Орташа айлық t, C°	13,1	17,2	23,4	26,1	22,2
Орташа көпжылдық	10,4	16,4	21,2	24,1	22,0
Жауын-шашынды күндер саны	10	15	6	8	10

Климаттың ылғалды болуы жеміс бақтарында ақ ұнтақ ауруының басқа жылдарға карағанда едауір қарқынды дамуына әсер етті. Алманың ақ ұнтақ ауруы – Түркістан облысы жағдайында алманың ең қауіпті ауруларының бірі болып табылады. Түркістан облысының негізгі жеміс зоналарының – Темірлан, Қазығұрт аудандарында орналасқан алма бақтарына маршрутты тексеру жүргізілді. Түркістан облысында жеміс зоналарында жабайы өсетін тоғайларда бір орташа залалданған алманың салмағы сау алманың үштен бір бөлігіне тең келеді. Тексеру жұмыстары жемістің тауарлық пісіп-жетілу кезеңінде фитопатологиядағы және өсімдік қорғаудағы жалпылама қабылданған әдістер бойынша орындалды. Зерттеу нәтижелері төмендегі кестеде көрсетілген (3-кесте).

3-кесте - Түркістан облысы шаруашылықтарындағы алманың ақ ұнтақ ауруының таралуы және даму деңгейі, 2020 ж.

Шаруашылық	Тексерілетін аудан, га	Аурудың индексі, %			
		жапырақтарда		жемістерде	
		таралуы	даму деңгейі	таралуы	даму деңгейі
«Ерімбетова» ШҚ	3	63,4	42,1	58,8	26,2
«Абай» ШҚ	2	60,8	38,0	44,2	25,6
«Алмат» ШҚ	7	76,8	38,3	56,3	35,2
«Батыр» ШҚ	2	68,6	34,3	43,2	28,6

Зерттеу жұмыстары бойынша алманың ақ ұнтақ ауруының түр құрамы мен тармағында анықталды. *Ascomycetes* класына жататын саңырауқұлақтар қоздыратын бақша дақылдарының аурулары: Ақ ұнтақ; Қастауыш; Нигроспороз.

Ascomycetes класының *Erysiphales* қатарына жататын *Podosphaera leucotricha* саңырауқұлағы қоздыратын алманың ақ ұнтақ ауруына тән белгілер. Ауруға шалдыққан жапырақтардың бетінде бозғылт ақ ұнтақ өңез пайда болады. Дерт шалған ағаштың жас өркендерінің бетін ақ немесе бозғылттау, ұнтақты өңез басады. Дерт шалған гүл шанақтары мен гүл тостағаншаларын, күлте жапырақшалары мен гүл сағақтарын да ұнтақты өңез басады. Вегетация кезеңінде ақ ұнтақ ауру қоздырғышы – *Erysiphe graminis* саңырауқұлағының даму циклына бақылау жүргізілді. Саңырауқұлақтың қалталы және конидиялы сатылары бар. Ол жерге түскен жапырақтарда мицелий түрінде және перитецидің жемісті денесі ретінде қыстайды. Жемісті денелер жапырақтың мезофилінде орналасады. Бүршіктердің бөртуі және ашылуы кезеңінде оларда қалталы саты – аскоспоралары бар асқалар қалыптасады. Түркістан облысында аскоспоралардың пісіп жетілуі сәуір айының I декадасында жүретінін бақылау нәтижелері көрсетті, ал айдың соңына жақын перитецилердің 60% бос қалдырылған болады. Жапырақтарда ең алдымен дөңгелек ақ өңездер пайда болады, көп кешікпей оларда ақ барқыт тәрізді конидиялы споратасулардың өңезі қалыптасады болады (1-сурет)



1-сурет – Жапырақтағы ақ ұнтақ ауруы

Біртіндеп дақтар саны артады және олар сарғылт-боз түске ие болады. Жемістерде бастапқыда майда ылғалданып пайда болады, содан соң олар өсе бастайды. Залалданған жердегі жеміс ұлпалары ағаштана бастайды. Қатты залалданған жерлері жарылады. Жеміс дақтарының бетінде де конидиялы споратасушылары пайда болатын. Ерте залалдану кезінде жемістер біркелкі жетілмейді, қиралаңдаған және кескінсіз болады (**2-сурет**.)



2-сурет -Алма жемістеріндегі ақ ұнтақ ауруының негізгі белгілері

Зерттеу жұмыстары Түркістан облысындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорыны фитосанитария бөлімінің зертханасында ақ ұнтақ ауруының қоздырғышының культуралық және морфологиялық ерекшеліктері анықталды. Түркістан облысының алма бақтарында алманың ақ ұнтақ ауруының қоздырғышының биологиялық ерекшеліктерін зерттеу жұмыстары атқарылды. Зерттеу жұмыстары көрсеткендей, Чапека қоректік ортасында саңырауқұлақтың өсуі байқалмады. Ал сусло-агар және КГА орталарында өскен жіпшумақтағы конидияларды өзара салыстырғанда, олардың диаметрі орташа есеппен 1,25 мм артық болғанын байқаймыз. Зерттеу жұмыстары зертханалық жағдайда Заилийское алма сортының жапырағынан бөлініп алынған конидия мөлшері анықталды, бұл мәліметтерді - кестеден көре аламыз. Алынған мәліметтерге сүйене отырып, Заилийское алма сортының жапырағынан бөлініп алынған конидия мөлшерінің ұзындығының орташа мөлшері 20,2 мкм, ал ені 8,6 мкм құраған. Жүргізілген зерттеу нәтижелері, таз қотырдың қоздырғышы - *Venturia inaequalis* саңырауқұлағының конидиялы және қалталы сатысы бар екендігін көрсетті (**3-сурет**).



3-сурет - *Venturia inaequalis* конидияның спора түзушілері.

Саңырауқұлақ жерге түскен жапырақтарда жіпшумақ немесе жеміс денелі перитеций түрінде қыстап шығады. Көктемде қалташалардан жапырақтарды залалдайтын, екі жасушалы аскоспоралар белсенді шыға бастайды. Жапырақта орташа есеппен 1974 перитеций немесе 1,9 миллион аскоспора түзілуі мүмкін, ал М. Дементьева 2000 дейін перитеций қалыптасады деп жазды, бұл саңырауқұлақтың жоғары өнімділікке ие екендігін дәлелдейді. Содан соң саңырауқұлақ, аурудың одан әрі таралып және жемістердің залалдануын қамтамасыз ететін, алманың вегетация кезеңінде конидиялы сатыда дамиды. Күзде немесе келесі жылдың көктемінде жерге түскен жапырақтарда саңырауқұлақтың қалталы сатысы қалыптасады. Біржеміс денеде 100-ден 200-ге дейін қалташа қалыптасады, әрбір қалташада 8 аскопора, ал әрбіреуінде 9600-1600 данаға дейін перитеций болады. Микроскоптың көмегімен *Venturia inaequalis* саңырауқұлақ изоляттары аскоспораларын өлшеу жұмыстары жүргізілді. *Venturia inaequalis* - саңырауқұлағы туды-ратын таз қотырдың жыл сайын өршуінің негізгі көзі - жіпшумақ немесе аскоспоралары бар перитецийлер түрінде қыстайтын жерге түскен жапырақтар болып табылатындығы көптеген зерттеулермен дәлелденген

Қалташалар мен аскоспоралардың пісіп-жетілуі 0⁰С-ден 25⁰С дейінгі температураның кең диапазонында жүреді және ие-өсімдіктері жапырақтарының табиғи жерге түсуіне ұштастырылады. Аскоспоралар күздік-қыстық-көктемгі кезеңдерде жерге түскен жапырақтарда қалыптасады. Аскоспоралар күздік-қыстық-көктемгі кезеңдерде жерге түскен жапырақтарда қалыптасады. Табиғи жағдайда алма жапырақтарының әр беттерінде *Venturia inaequalis* перитецилерінің түзілуін анықтадық (**4-кесте**).

4-кесте - Алма жапырағында *Venturia inaequalis* перитецилерінің түзілуі (2020)

Рет саны	Орташа 1 жапырақта түзілетін перитецилердің саны, дана			
	жапырақтың бетінде	жапырақтың астында	жапырақтың бетінде	жапырақтың астында
1	88	93	48	45
2	55	75	52	34
3	92	96	36	51
4	76	51	54	54
5	52	87	62	32
6	91	72	50	41
7	98	48	53	55
8	85	54	58	48
9	67	82	52	42
10	71	74	44	36
Суммасы	775	732	509	438
Орташа	77,5	73,2	50,9	43,8

Зерттеу нәтижелері орташа есеппен бір жапырақта оның үстіңгі және астыңғы беттерінде түзілетін перитецилердің санында айтарлықтай айырмашылық жоқ екендігін көрсетті. Қалташалар мен аскоспоралардың пісіп-жетілуі 0⁰С-ден 25⁰С дейінгі температура-ның кең диапазонында жүреді және ие-өсімдіктері жапырақтарының табиғи жерге түсуіне ұштастырылады. Табиғи жағдайда алма жапырақтарының әр беттерінде *Venturia inaequalis* перитецилерінің түзілуін анықтадық. Алма ағашының түрлі аурулардың алдын алу және оларды тиімді күресу үшін, ол кейбір ауыл шаруашылығы тәжірибесін жүзеге асыру үшін жыл сайын қажет. Алманың, шабдалы емдеуге қалай туралы ойлануға емес, ол алдын алу туралы ұмытуға болмайды. Алма ағаштарына әсер ететін барлық аурулар оңай ауамен тасымалданады. Сондықтан, барлық қиылған ауру балықтар бақшасынан алынуы керек. Бақты қорғаудың ең сенімді жолы - бұл жұқтырған бұталарды күйдіру. Сондай-ақ химиялық өңдеу туралы ұмытпаңыз. Наурыздан бастап маусымға дейін арнайы химия өнімдерін өңдеу қажет. Жемістердің өсуімен шілде айында тек химияны қолдану ұсынылмайды. Бірақ жеміс піссе, ағаш жақсы суарылатын және тамақтандырылуы керек (5-кесте).

5-кесте - Ақ ұнтақ ауруының қоздырғышының культуралық және морфологиялық белгілері

Дақыл сорты	Қоректік орта	Қоректік ортада колониялардың орташа диаметрі, мм.	Колония түсі	Колонияның өсу сипаты
Зайлийское сорты	Суло-агар	1,6-2,1	жасыл-сұр, ортасы сұршыл-қоңыр	киізденген тығыз, аздап толқынды
	Чапека – қоректік ортасы	-	-	-
	Картопты – глюкозалы агар	0,5-0,7	жасыл реңді, қою сұр, шеттері ақ	Жіпшумағы тығыз, аздап түкті

Алма мен алмұрт ақ ұнтақ ауруы ылғалы мол аудандарда жиі кездеседі. Көктемнің соңғы, жазының бастапқы кезіндегі мол жауын-шашын және шық таз-қотыр ауруының дамуына қолайлы жағдай туғызады. Инфекция қоры түскен жапырақтарда қыстайтын перитецийлер мен өркендердегі жіпшумақ болып табылады. Аурудың салдарынан өсімдік ассимиляциясы кеміп, транспирациясы күшейіп, жапырақтары мен түйіндері мезгілінен бұрын түсіп, өркендердің өсуі саябырлап, суыққа төзімділігі және жеміс сапасы төмендейді.

Алма бақтарының алма ағаштарының ауруларына қарсы химиялық шаралар. Алма, алмұрт ағаштарының ақ ұнтақ және басқа да дақ ауруларына, монилиоэга; алхоры, өрік, шабдалы, шие, қызыл шиенің клястероспориозы, монилиозы, бұйралану кеселдеріне қарсы ерте көктемде, бүршіктену кезінде немесе одан ерте 3-4% бордос сұйығымен өңдеу; екіншісін - гүлдеуден кейін 1% бордос сұйығы немесе 90% мыс хлороксиді, с.ұ. - 0,4% еріндісімен бүркіп, үшіншісін - 15-20 күннен кейін қайталау.

Зерттеулер нәтижелерінен көріп отырғанымыздай, алманың ақ ұнтақ ауруына қарсы ең тиімді фунгицид Триафол, 25% с.к 0,15л/га болды. Биологиялық тиімділігі 97,8%, ал эталон, Топаз 100 к.э 65,3 % құрады. Демек, алманың ақ ұнтағымен күресуде Триафол, 25% с.к фунгициді, өте жоғары тиімділік көрсетті.

Қорытынды

Қорыта келгенде, Түркістан облысы шаруашылықтарындағы фитосанитарлық мониторинг нәтижесінде алманың ақ ұнтақ ауруы шаруа қожалықтардың барлығында кездесті. Алма жапырақтарда таралуы 60,8%-76,8% арасында ауытқып отырса, даму деңгейі бойынша 34,5-42,1% көрсетті; ал жемістерде 43,2-ден 58,8%-ға дейін таралып, даму деңгейі 26,2-35,2% көрсетті. Аудандар арасында айтарлықтай ерекшелік байқалмады. Алма дақылының ақ ұнтақ ауруының инфекция қоры – өсімдік қалдықтары болып табылады. Біз жүргізген зерттеу нәтижелері, ақ ұнтақ қоздырғышы - *Podosphaera leucotricha* Salm. саңырау-

құлағының конидиялы және қалталы сатысы бар екендігін көрсетті. Патогеннің даму циклінде инфекцияның екі түрі байқалады: бастапқы және қайталама. Патоген вегетативті және генеративті бүршіктерде мицелий түрінде қыстайды. Бастапқы инфекция ерте көктемде, бүйректің ісінуі мен гүлдену кезеңінде көрінеді. Мицелий жас жапырақтарға, сабақ пен гүлшоғырларға таралады. Екінші инфекция гүлденуден кейін көп ұзамай пайда болады, сонымен бірге жас өскіндердің өсуімен, өйткені бұл уақытта конидиальды спорация қарқындылыққа жетеді. Алманың ақ ұнтақ ауруына қарсы ең тиімді фунгицид Триафол, 25% с.к0,15л/га болды. Биологиялық тиімділігі 97,8%, ал эталон, Топаз 100 к.э 65,3 % құрады. Демек, алманың ақ ұнтағымен күресуде Триафол, 25% с.к фунгициді, өте жоғары тиімділік көрсетті.

Әдебиеттер тізімі

1. Мичурин И.В. Журнал «Прогрессивное садоводство и огородничество», №49, 1914ж.
2. Безрученко Н.Н., Будная Т.Н., Нарбутович О.В., Деревинский А.В. Основы сельского хозяйства: овощеводство, плодоводство: практикум. - Минск: БГПУ, 2008. - 58 с.
3. Дорошенко Т.Н. Устойчивость плодовых и декоративных растений к температурным стрессорам: диагностика и пути повышения: Монография / Т.Н. Дорошенко, Н.В. Захарчук, Д.В. Максимцов. – Краснодар: Кубанский ГАУ, 2014. – 174 с.
4. Kairova G.N., Isaev S.I., Urazaeva M.V. Perspective clonal rootstocks of apple trees for the development of intensive horticulture in Kazakhstan. Pomiculture and small fruits culture in Russia. 2018; 52:57-61.
5. Джумабаева Ж.М., Джаймурзина А.А., Рвайдарова Г.О., Фасхудинов М.Ф., Джумахан Д.М. Бактерицидные свойства медь-и цинк содержащих препаратов к бактерии *erwinia amylovora* (vurrill), *winslow et al.*, возбудителю ожога плодовых культур // «Ізденістер, нәтижелер». - 2017. - №3(76). - С. 286-290.
6. Егоров Е.А. Эколого-экономическая эффективность интенсификации плодоводства / Е.А. Егоров // науч. тр. ГНУ СКЗНИИСиВ. – 2013. – Т. 2. – С. 7–21.
7. Бейсекина Б.М. Түркістан облысы жағдайында жеміс ағаштардың ақ ұнтақ ауруының даму ерекшеліктері және заманауи фунгицидтерді қолдану тиімділігі // «Ізденістер, нәтижелер». - 2020. - №4(88). -С. 206-213.

РАСПРОСТРАНЕНИЕ И РАЗВИТИЕ МУЧНИСТОЙ РОСЫ НА ПЛОДОВЫХ ДЕРЕВЬЯХ В УСЛОВИЯХ ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ, БИОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ВОЗБУДИТЕЛЯ И МЕРЫ ХИМИЧЕСКОЙ ЗАЩИТЫ

Бейсекина Б.М., Копжасаров Б.К.

Казахский национальный аграрный исследовательский университет

Аннотация

В статье изучены биологические особенности возбудителя мучнистой росы плодовых деревьев в условиях Туркестанской области, распространение и развитие болезни. Были использованы фунгициды против болезни, приведены данные об их биологической эффективности. Проведена маршрутная проверка яблоневых садов, расположенных в Темирланском, Казыгуртском, Келесском районах основных плодовых зон Туркестанской области. Проверочные работы выполнены по общепринятым методам в фитопатологии и защите растений в период товарного созревания плодов. При обследовании 2 га яблоневого сада в крестьянском хозяйстве «Абай» Келесского района, Распространенность мучнистой росы на листьях яблони составила 60,8%, а уровень развития-38,0%. В плодах яблони Распространенность составила 44,2%, а динамика развития-25,6%. В крестьянском хозяйстве

«Еримбетова» Казыгуртского района по результатам обследования 3 га яблоневого сада. Распространенность мучнистой росы на листьях составила 63,4%, а уровень развития-42,1%. Распространенность мучнистой росы в плодах составила 58,8%, а динамика развития-26,2%. В крестьянских хозяйствах Темирланского, Казыгуртского, Келесского районов Туркестанской области в период вегетации яблони были проведены 3 - х кратные опрыскивания фунгицидами Топаз 100, К.Э., выход 0,4 л на гектар (эталон), байлетон, 25% С.П. выход 0,2 кг фунгицидами на гектар; триафол, 25% С.П. выход 0,15 л на гектар фунгицидами 2 - х кратные опрыскивания: первый - когда цветочный узел начинает краснеть; второй-после цветения; третий-после второй обработки применяется через 10-15 дней. Наиболее эффективным фунгицидом против мучнистой росы яблони был Триафол, 25% С. к0,15л / га. Биологическая эффективность составила 97,8%, а эталон, Топаз 100 К. э 65,3%. Следовательно, Триафол, 25% С. К фунгицид, показал очень высокую эффективность в борьбе с белизной яблок.

Ключевые слова: Мучнистая роса, уровень развития, методы, фунгицид, эталон, грибы, плодовые деревья, биологическая эффективность, триафол.

DISTRIBUTION AND DEVELOPMENT OF WHITE POWDERY MILDEW ON
FRUIT TREES IN THE CONDITIONS OF THE TURKESTAN REGION, BIOLOGICAL
FEATURES OF THE PATHOGEN AND CHEMICAL PROTECTION MEASURES

Beisekina B.M., Kopzhasarov B.K.

Kazakh National Agrarian Research University

Abstract

The article studies the biological features of the pathogen powdery mildew of fruit trees in the conditions of the Turkestan region, the spread and development of the disease. Fungicides were used against the disease, and data on their biological effectiveness were given. A route inspection of apple orchards located in Temirlan, Kazygurt, and Keless districts of the main fruit zones of the Turkestan region was carried out. Verification works were carried out according to generally accepted methods in phytopathology and plant protection during the period of commercial fruit ripening. The examination 2 hectare Apple orchard at the farm "Abai" Keles district, the Prevalence machinists dew on the leaves of the tree made up 60.8% and level-38,0%. In apple fruits, the prevalence was 44.2%, and the dynamics of development was 25.6%. In the farm «Erimbetova» Kazygurt district on the survey results, 3 ha Apple orchard Prevalence of powdery mildew on the leaves amounted to 63.4%, and level-of 42.1%. The prevalence of powdery mildew in fruits was 58.8%, and the dynamics of development-26.2%. In the farms of the Temirlan, Kazygurt, and Keless districts of the Turkestan region, during the growing season, apple trees were sprayed against powdery mildew with 3 - fold fungicides Topaz 100, K.E., yield 0.4 l per hectare (standard), bayleton, 25% S.P. yield 0.2 kg per hectare; triafof, 25% S.P. yield 0.15 l per hectare: the first - when the flower node begins to turn red; the second - after flowering; the third-10-15 days after the second processing is used. The most effective fungicide against powdery mildew of apple trees was Triafol, 25% C. to 0.15 l / ha. The biological efficiency was 97.8%, and the standard, Topaz 100 K. e 65.3%. Hence, Trianol, 25% C. K fungicide, has shown very high effectiveness in the fight against the whiteness of apples.

Key words: Powdery mildew, level of development, methods, fungicide, standard, fungi, fruit trees, biological efficiency, triafol.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ЖАҒДАЙЫНДА КҮРІШТІҢ ЗИЯНКЕСТЕРІНІҢ
БИОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ, ЗИЯНДЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ОЛАРМЕН КҮРЕСУ
ШАРАЛАРЫ

Жолдасбек Г.Ж.¹, Раимбекова Б.Т.¹, Шапалов Ш.К.²

¹Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті,

²М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті

Аңдатпа

Мақалада 2020 жылы Қызылорда облысы жағдайында күріштің зиянкестерінің кең таралуы зерттелген. Соған байланысты облыстағы кездесетін күріш зиянкестерінің түр құрамы мен зақымдау қарқындылығына баға беру шкаласы және де ауыспалы егіс туралы мәліметтер келтірілді. Қазақстанда Қызылорда облысы ірі күріш алқаптарының біріне жатады. Бұл аймақта бұл дақылды егуге жарамды жер ресурстары, қолайлы климат жағдайы, қажетті су қоры жеткілікті. Облыс байтағының басым дені құмды және сазды келетін шөл және шөлейт жазық болғанымен оның агроклиматтық жағдайы біркелкі емес. Вегетация кезіндегі жылу мен ылғалдың көрсеткіштеріне орай, облыстың территориясы бірнеше агроклиматтық аудандарға бөлінеді. Жалпы облыс территориясында вегетация кезінде +10°C-тан жоғары болатын температураның жинағы 3700-4100°C аралығында болады. Оның өсу процесіндегі көптеген өзгерістер ауаның, топырақ пен егістегі судың температурасына байланысты болады. Температура жоғарылаған сайын күріштің өсу қарқыны шапшаңдайды, даму кезеңдерінің арақашықтығы қысқарады, сөйтіп күріштің бүкіл өсіп жетілу мерзімі тездетіле түседі. Сондықтан да жылу қоры белгілі бір жердің күріш егу үшін қаншалықты қолайлы екендігін анықтайды. Ондағы температуралық жағдайларға сүйене отырып, келешектегі күріштің сапасы мен өнімін алдын-ала болжауға да болады. Қызылорда облысында күріш дақылдарының Маржан, Авангард, Солнечный, Үштөбе және Кубань сорттары кеңінен етек алған. Жыл сайын күріш егіс көлемдері өсуде, ол дақылға тұзды жерлерді қолдануға мәжбүр болады. Күріш алқаптарында су режимді бұзылудан, күріш егісінде жүретін кейбір агротехникалық шаралардың элементтері дұрыс өтпейді, осының нәтижесінен өнім 35-70% төмендейді, ал зиянкестер мен аурулардан келген шығын 15%-дан 30% жетеді. Күріш тұқымын Юнта, к.с. -1,5 л/т және 1,75 л/т (инсектицид) өңдеуішпен өңдеудің әсерінен жаға шыбынның 20 күн өткен соң өлгені 55,6-63,6%, күріш масасына биологиялық тиімділіктер – 57,0-63,0%; бұл көрсеткіштер Рич 350 к.с.- 1,0 л/га (эталон) нұсқасында қарағанда жоғары.

Кілт сөздер: жаға шыбыны, күріш масасы, инсектицид, биологиялық тиімділік, ауыспалы егіс, фенокүнтізбе.

Кіріспе

Күріш адам өмірінде өте маңызды орын алатын көне дақылдардың біріне жатады. Оның тарихы адамзаттың ерте заманғы даму тарихымен ұштасып жатыр. Бұл дақыл әлемнің 110-ға жуық елінде 150 млн.га жерде өсіріледі. Сексенінші жылдары күріш астығының жалпы өнімі 400 млн. тоннадан асты. Күріш өте құнды дақыл. Көптеген мемлекеттердің халқына (Қытай, Үндістан, Корея, Вьетнам және басқ.) күріш негізгі тамақ, басқа жармалық дақылдармен салыстырғанда, ол дәмді және құнарлы. 2000 ж. біздің эрамызға дейін күрішті Үндістанда пайдаланып келе жатыр, артынан бұл мәдени өсімдікті Қытай, Жапония, Иран және басқа мемлекеттерде тарала бастады.

Н.И. Вавилов айтуы бойынша, сегіз ғылыми орталықтар күрішті жабайыдан мәдени түріне ауыстырумен шұғылданған. Оның бір орталығы Үндістанда орналасқан, олар кеңінен

күрішті қолданған, артынан оған Бирма қосылды. Орталық Азияда күріш Сырдария өзені бойында өсіріле бастады [1]. Алайда тікелей жазба деректердің болмауына байланысты күріштің дәл қай кезден бастап мәдени дақыл ретінде егіле бастағаны белгісіз болып отыр.

Оңтүстік-шығыс Азияның негізгі күріш өсіруші елдерінде, күрішті ұзақ уақыт монодақыл ретінде өсіреді, оның ішінде көп бөлігі көшеттеп отырғызу тәсілімен жүзеге асырылады. Күріш басқа ауылшаруашылық дақылдарына қарағанда күтімді көп қажет етеді, сондықтан одан мол және сапалы өнім алу үшін жоғары егіншілік мәдениетін жүргізуді, оның ішінде минералды тыңайтқыштарды енгізу кезінде инновациялық жаңа тәсілдерді қолдануды талап етеді [2-4].

Қазақстанда күрішті Қызылорда облысының Сырдария өзенінің бойында, Түркістан облысында Қызылқұм даласында, Алматы облысында Іле және Қаратал өзендердің бойында Ақдала мен Қаратал даласында өсіріледі. Іле және Қаратал өзендерінің бойында күрішті 1871 ж. бастап Қытайдың Кульджасынан келген дұнғандар өсіре бастады. К.Н. Жайлыбаев жазғанына қарасақ, XVIII – ғасырдың соңында Сырдария өзенінің бойында қазақтарды күріш өсіруге қарақалпақтар үйретті дейді. 1840-1850 жж. Ақмешіт қ. (қазіргі Қызылорда қ.) жақын жерлерде суғармалы егіншілік пайда болды.

Қызылорда облысында күріш егіншілігін дамытудың бірнеше кезеңі болды. 1895 жылдан бастап күріш егісі үшін Сыр өңірінде жаңа жерлерді игеру Шиелі поселкесі маңында, Қараөзек пен Сырдария аралығындағы көлді, қамысты жазықта жүргізілді. Кейін күріш егісі Сырдарияның сол жағасына ауысып, Шіркейлі, Қуандария өзендерінің бойы мен көптеген көлшіктердің жағасына орналасты. Күріш егісі бұл кезде негізінен көшпелі егіншілік жүйесімен жүргізілді [5].

Сыр өңірі өте көне суармалы егіншілік аймағына жатады. Мұны Отырар, Сауран, т.б. көптеген көне қалалар мен қоныстар орындарынан табылған ирригациялық құрылыс жүйесі қалдықтары дәлелдейді. ҚСРО Ғылым академиясы Хорезм экспедициясының мәліметтеріне қарағанда, б.з.б. 2 және 1 мың жылдық кезінде Сыр өңірінде суармалы егіншілік дамыған. Антикалық дәуір кезінде мұнда 2,2-2,5 млн. га көлемінде мәдени егіншілік алқабы болған [6]. VI-VIII ғасырда Сыр өңірінде ирригациялық құрылыс жүйесінің іске қосылуына байланысты, Қаратау етегінде, Талас, Шу өзендері жағасында, Жетісуда суғармалы егіншілік дамып, ондағы отырықшы шаруалар бидай, арпа, тары, күріш, т.б. дақылдар өсірген.

Кейбір ғалымдардың пікірінше, XIX ғасырдың екінші жартысында Сыр өңірінде күріш егісі болған емес, ал В.И. Коваленконың дәлелдеуінше, XIX ғасырдың екінші жартысы кезінен күріш егіліп-өсірілуде. Басқа мәліметтерге қарағанда, Қызылорда облысында күріш 1928-1929 жылдары қоныс аударған кәрістермен бірге келген. Ал И.И. Соколованың пікірінше, күріш егіншілігі алғашында Іле өзені алқабында пайда болып, кейін Сыр өңіріне, Қызылорда облысына таралған [7].

Қазақстан Республикасының Қызылорда облысы күріш өсірілетін ең перспективті аймаққа жатады. Бұл аймақта күріш егуге жарамды жер ресурстары, қолайлы климат жағдайы, қажетті су қоры жеткілікті. Сыр өңіріндегі суармалы егістік жерлердің топырағы құнарсыз, көп жылдар бойы ғылыми талаптарға сай пайдаланбағандықтан, оның құрамындағы қарашірінді мөлшері 1%-дан төмендеп кеткен. Сол себепті күріштен сапалы және мол өнім алу үшін дақылдың қоректену режимін минералды тыңайтқыштар қолдану арқылы реттеу қажет. Әсіресе, үнемі егін егіп, өнім жиналатын егістік жерлерге өнім құрамымен кеткен макро және микроэлементтердің орнын толықтыру үшін топыраққа органикалық және минералдық тыңайтқыш енгізу арқылы қорек элементтерін қайтару жұмысы орындалмай жүр. Соның нәтижесінде, жыл сайын өнімділік төмендеп, өнімнің биохимиялық және технологиялық сапа көрсеткіштері кемиді. Облыстың күріш өсіруші агроқұрылымдарында азот және фосфор тыңайтқыштарының өзін кез келген шаруашылық, қаржылық жағдайына байланысты бере алмайды [8].

Сыр өңірінде күріш дақылының өнімділік әлеуетін арттырудың негізгі бір жолы өңірдің қатал табиғи-климат жағдайына бейімделген күріш сорттарын шығару және басқа

өңірлерден, елдерден жаңа сорттарды әкеліп аудандастыру болып табылады. Қазақстандық Арал өңіріндегі күріш өсіруші аймақтар үшін күріштің 10-нан астам сорты пайдалануға рұқсат етілген тізілімге енгізілген. Олар негізінен отандық және ресейлік сорттар болып келеді. Қызылорда облысында соңғы елу жылда көп көлемде егілген күріш сорттарына тоқталатын болсақ, Кубань 3 сорты 1963 жылы аудандастырылып, 90-шы жылдарға дейін жалпы егіс көлемінің 90 пайызына егіліп келді. Сол 90-шы жылдардан бастап 1987 жылы аудандастырылған Маржан сорты кеңінен тарап, 2005 жылға дейін егістің 80 пайызға дейін көлемін алып отырды. Аталған сорттар көп жылдар бойы аймақтың қатал топырақ-климат жағдайында жоғары өнімділік көрсетіп, облыстың ауыл шаруашылығы экономикасының дамуында үлкен роль атқарды. Уақыт өте келе, бұл сорттардың бірқатар шаруашылық-құнды және технологиялық сапа көрсеткіштері бойынша заманауи талаптарға сай келмейтіні айқындалды. Барлық күріш өсірілетін аймақтарда оның өнімін айтарлықтай төмендететін күріш зиянкестері, аурулары және арамшөптері. Әлемдік деңгейде күріш өнімі зиянкестерден 14% төмендесе, Қызылорда облысында зиянкестер мен аурулардың әсерінен бұл көрсеткіш 1970–1985 жылдары 8-10%-ға, ал соңғы жылдары 16-18%-ға дейін көбейді. Күріш өскінділерін жаға шыбынынан сақтап қалуда су режимінің үлкен маңызы бар. Қай мерзімде күрішті қандай биіктілікке сумен басуды білуіміз керек. Сонымен қатар жаға шыбының дернәсілдерін жоюда жақсы нәтижені күріш алқаптарын кептіру береді, тіпті тиімділігі 98-100% жетеді [9]. Күріш өндірісінде өсімдік қорғау жүйесін зиянкестерден аурулардан қорғауды біртіндеп жүйелеу арқылы жетілдіру оның өнімділігін көтереді. Өсімдік қорғауда озық өндірістік тәжірибені қолдану және оны ғылыми жетілдіру дақыл өнімін 1,5 - 2 есе көтеруге жағдай тудырады.

